

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті**

**ЭКСПО-2017 арналған «XXI ғасырдағы инновация
мен ғылымның дамуындағы жастардың рөлі» атты
студенттер мен магистранттардың республикалық
ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
II Бөлім**

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
студентов и магистрантов, посвященной
**ЭКСПО-2017 «Роль молодежи в развитии науки
и инновации в XXI веке»**

**31 наурыз, марта
Орал, Уральск – 2016**

УДК 001
ББК 74.58
Э - 41

Главный редактор: Н. Х. Сергалиев, канд. биол. наук, ассоциированный профессор

Редакционная коллегия:

У. Б. Таубаев, д-р. вет. наук, профессор
Н. М. Губашев, д-р. с.-х. наук, профессор
А. У. Султанов, канд. с.-х. наук, доцент
К. М. Ахмеденов, канд. геогр. наук, ассоциированный профессор
А. М. Мукаева, руководитель отдела послевузовского образования
Д. К. Тулегенова, канд. с.-х. наук, доцент
Е. Г. Насамбаев, д-р. вет. наук, профессор
Б. Т. Шакешев, канд. техн. наук, доцент
А. А. Бакушев, канд. техн. наук, доцент
А. М. Казамбаева, канд. экон. наук, доцент
В. А. Есенгалиева, канд. филос. наук, доцент
Р. Ш. Джапаров, канд. с.-х. наук (РФ)
Н. К. Мухамбетжанов, магистр с.-х. наук

Э-41 ЭКСПО-2017 арналған «XXI ғасырдағы инновация мен ғылымның дамуындағы жастардың рөлі» атты студенттер мен магистранттардың республикалық ғылыми-практикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ:
II Бөлім (қазақша, орысша) – Орал: Жәңгір хан атын. Батыс Қазақстан аграр.-техн. ун.-ті, 2016-441 б.

В сборнике материалов конференции, посвященной всемирной выставке «ЭКСПО-2017», представлены научные статьи студентов, магистрантов, докторантов, молодых ученых, преподавателей, сотрудников образовательных и научных организаций Казахстана (Уральск, Астана, Костанай, Семей), а так же России (Волгоград, Рязань, Элиста). Научные статьи отражают широкий спектр проблем и перспектив развития: экономики, агропромышленного комплекса, биотехнологии, ветеринарии, животноводства и рыбного хозяйства, экологии, нефтегазового машиностроения и производства строительных материалов, энергосберегающих технологий в промышленности, а также инновационных подходов в системе образования. Сборник рассчитан на широкий круг сотрудников образовательных и научных учреждений, специалистов производства, магистрантов, докторантов и студентов.

Статьи даны в авторской редакции. Мнение редакционной коллегии может не совпадать с мнением автора.

УДК 001
ББК 74.58

© Западно-Казахстанский аграрно-технический
университет имени Жангир хана, 2016

СЕКЦИЯ 4 – РОЛЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК В РЕАЛИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА МОЛОДЕЖИ

УДК: 338(574)

А. Н. Ғаділова, студент

С. М. Есенғалиева, э.ғ.к. РФ, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ: ТАЛДАУЛАР МЕН БОЛЖАМДАР

Аннотация

Мақалада инновацияның басым бағыттарын анықтап, инновациялық бағдарламаларды жасау, мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыратын қажетті инвестицияны жұмылдыруды ұйымдастыру, инновациялық инфрақұрылымды құру, мемлекеттік бюджеттен инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мақсатты қаржыландыру экономикалық жоғары деңгейге көздеу бағытталады.

Кілт сөздер: инновация, мемлекеттік инновациялық саясат, инновациялық қызметті дамыту, инновациялық даму

«Инновациялық даму» дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында көзделген экономикалық даму бағыты. Инновациялық даму жолын таңдау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің өріс алуы, Қазақстанның БСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңселі елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету.

Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда: экономиканың шикізат бағыттылығы; әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі; ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы; өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі; ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы; өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы; мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы; кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы; ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы; ҒЗТҚЖ қаржының аз бөлінуі; отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы; мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы; экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы; менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және

экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына бағытталған «Қазақстан-2050» стратегиясы және 2015 жылға дейінгі арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиялық жоспарына сәйкес ілгері дамып, бүкіл әлемдік қауымдастық алдында беделі өсіп келеді. Қазақстан экономикасының қазіргі таңдағы стратегиясының мақсаты - инновациялар негізінде бәсекеге қабілетті индустриялық кешенді қалыптастыру.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметтерді қолдай отырып, инновациялық дамудағы мәселелерді шешуде даму стратегияларын таңдау маңызды рөл атқарады. Қазіргі жаһандану кезеңінде жақсы өнім шығару жеткіліксіз, сонымен қатар соңғы жаңа технологиялармен жаңаруларды енгізу, нарықты және бәсекелестерді қадағалай отырып, үнемі жаңашылдыққа ұмтылуды талап етеді.

Ел инновациялық қызметті дамыту арқылы ғана әлемдік нарықта көш бастап, өз үлесін арттыра алады, оның ішінде аймақтардың алар орны ерекше екені белгілі. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторлары жүйесіндегі инновациялық даму үлгісінде көрсеткіштер бір-бірімен тізбекті байланыста. Қазақстандық ғалымдардың пайымдауынша елдің бәсекеге қабілеттілігі түсінігі қазіргі таңда өте ауқымды. Қазақ ғалымдары да бұл іске өз үлестерін қосуда. Жалпы, отандық ғалымдарымыз инновация тақырыбына қарымды жұмыстар жасалында. Олар академиктер Р.Алшанов, У.Баймұратов, Ә.Сатыбалдин, К.Сағадиев, А.Қошанов, О.Сабден сондай-ақ А.Марков, В.Гончаров, Ф.Днишев, К.Кажымұратов, Д.Мұқанов, С.Әбдіғаппарова, Н.Барлыбаева, А.Саттарова бұл саланың маңызы мен мәнін жан-жағынан ашып көрсетуге тырысқан еңбектерімен белгілі. Сол себепті, аймақтың инновациялық дамуын талдау және кешенді бағалау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерін теориялық негізде өлшеу үшін Әлемдік экономикалық форумда айтылғандай 3 кезеңмен қарастырылады:

1. Факторлық
2. Инвестициялық
3. Инновациялық

Факторлық кезеңдегі мемлекеттердің макроэкономикалық тұрақтылығы өндірістік факторларға ғана негізделген. Оған жер ресурстары, мамандандырылмаған еңбек және шикізат қоры бар даму деңгейі төмен елдер жатады.

Инвестициялық кезеңдегі мемлекеттер ішкі өндіріс - өнеркәсіпте әлемдік жаңа технологияларды қолдана отырып, бәсекеге қабілетті бола алады, бірақ бұл кезеңдегі мемлекеттер тікелей шетел инвестициясына арқа сүйеіп дамушы елдер болып табылады.

Инновациялық кезең елдері - технологиялық импорттау және технологияларды жасау, өңдеу кезеңінен өткен көш бастаушы дамушы мемлекеттер және дамығын елдер болып табылады.

Инновациялық дамуды анықтайтын факторлар:

- нарықтық жағдаят және бәсекелестік (сыртқы және ішкі нарықта)
- орта (ғылым және техника дамуының деңгейі, заңдық-нормативтік база, саяси және экономикалық тұрақтылық)
- кадрлар (ғалымдар, мамандар, кәсіпкерлер, менеджерлер, саяси қайраткерлер, мемлекеттік қызметкерлер)
- ресурстар (табиғи, өндірістік, қаржы, ғылыми-техникалық, технологиялық, инфрақұрылымдық).

Мемлекеттік инновациялық саясат - инновациялық қызметті ынталандыру мен реттеуге негізделген мемлекеттің саяси, экономикалық және ұйымдастыру шаралар кешенін қамтитын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі.

Инновациялық белсенділік өз кезегінде мемлекеттік экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетіне, ресурстары мен инновациялық саясатына және қоғамның рухани жағдайына байланысты болады.

Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан шаралардың арқасында елдің ғылыми-инновациялық дамының көрсеткіштеріндегі оң өзгерістерден байқауға болады.

Инновациялық даму бұл ғылым мен технологиядағы жаңалықтарды өндіріспен байланыстыруға бағытталған экономикалық даму бағыты.

Өңірлердің тұрақты дамуы ел экономикасындағы орны ерекше. Сондықтан Батыс Қазақстан облысының инновациялық дамуы қазіргі кездегі өзекті мәселесі болып қала бермек.

Кесте 1 - БҚО бойынша негізгі экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атаулары	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2013ж 2009ж-ға %-бен
Жалпы өңірлік өнім, млрд. тг	822,9	1 048,8	1 323,5	1 711,4	1 734,4	2 есе
Өнеркәсіп өнімі, %	103,7	97,4	105,2	105,3	99,8	-
Ауыл шаруашылығы өнімі қызметі), %	83,2	97,3	123,1	82,8	104,6	-
Өсімдік шаруашылығы:	64,0	93,5	169,7	68,0	111,1	-
Мал шаруашылығы:	101,9	101,2	98,5	96,5	100,3	-
Негізгі капиталға инвестиция, млрд. тг	244,8	233,6	170,4	164,7	193,9	79
Негізгі құрал-жабдықтарды іске қосу, млрд.тг.	104,1	143,0	309,4	96,9	254,6	2 есе
Көліктің барлық түрлерінің жүк айналымы, млн.тг.	1363,1	1545,6	2129,9	2426,5	2634,4	193
Көрсетілген қызмет көлемі, млрд. тг	55,9	52,0	76,8	70,0	88,8	159
Экономикаға салынған кредиттік салымдар, млрд.тг.	85,5	88,4	117,6	140,1	168,0	196
Ішінде:						
Ұзақ мерзімді:	12,1	16,1	23,6	24,7	28,5	2 есе
Қысқа мерзімді:	73,4	72,3	94,0	115,4	139,5	190
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	1826,6	2131,0	8437,0	10425,5	10387,1	5 есе
Ішінде:						
экспорт:	1022,6	1250,0	7610,9	9422,7	9167,8	8 есе
импорт:	1004,0	881,0	826,1	1002,8	1219,3	121

Жоғарыдағы кестеден Батыс Қазақстан облысы бойынша негізгі экономикалық көрсеткіштер деңгейі жалпы 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы жоғарылағанын көруге болады. Облыс аумағындағы жүргізіліп жатырған сан түрлі мемлекеттік және жергілікті бағдарламалардың арқасында өңірдің экономикалық ахуалы жақсаруда. БҚО-ның өндіріс әдісімен есептелген және Жалпы ішкі өніміне сай көрсеткіші бұл - жалпы өңірлік өнімі, ЖӨӨ 2013 жылы барлығы 1 734,3 млрд.теңгеге дейін өсіп, жан басына шаққанда 2 793,7 мың теңгені құрады. Ол көрсеткіш 2009 жылға қарағанда 107%,108%-ға көбейгендігін көрсетеді. Кез келген аймақтың экономикалық дамуының негізгі қарқынын сол аймақтың мамандануымен тығыз байланысты. Облыста басты мамандану түрлері ретінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, машина жасау салалары екені белгілі.

Облыстағы көрсетілген қызмет көлемі 2009 жылы 55,9 млрд.теңге шамасында болса 2013 жылы 88,8 млрд. теңгеге жоғарылады. Бұл өңірдегі жыл санап алға аса қарқынмен дамуға екендігін байқалтады. Кез келген аймақтың экономикалық дамуының негізгі дамуының аймақтың жалпы сауда айналымынан көруге болады. Сыртқы сауда статистикасында есепке алынатын негізгі көрсеткіштер сыртқы сауда сауда айналымы, экспорт пен импорт, сыртқы сауда балансының айырымы болып табылады. Сыртқы сауда айналымы дегеніміз сәйкесінше облыстың белгілі бір кезеңдегі экспорты мен импорты құндарының сомасы. Батыс Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2013 жылы 10387,1 млн. АҚШ долларын құрады, бұдан 2009 жылғы мөлшеріне қарағанда бұл көрсеткіштің 5 есеге ұлғайғандығын байқауға болады. Оның ішінде: облыстағы кәсіпорындардың белсенді еңбек өнімділігінің арқасында экспорт көлемі импорт көлемін жыл өткен сайын басып түсті, яғни отандық тауарлар мен шетелде шығарылған реэкспорттық тауарларды коммерциялық негізде сыртқа шығару көлемі – тауарлар экспорты болып табылады, экспорт көлемі 2009 жылдан бері ұлғайып облыстан шығатын өнімдердің соммасы 2013 жылы 9 167,8 млн. АҚШ долларын құрады, керісінше, импорт көлемі 2009 жылы 1004,0 млн. АҚШ доллары болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 1219,3 млн.АҚШ долларын құрады. Есептік мерзімде импорт көлемінен экспорт көлемінің 7,6%-ға жоғарылады. Сыртқы аймақтардан өңірдің ішкі сауда айналымына енетін тауарлар көлемі отандық және жергілікті тауар өндірушілер санын артып, олардың тауар, өнім өнімділігінің жылдан жылға жоғарылауына байланысты азайып отырғандығын байқалады.

Қазір Қазақстан – үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған мемлекетке айналды. Мемлекеттің бәсекеге қабілетін көрсететін басты нәрсе – экономикасы. Экономиканың бәсекеге қабілетті болудың басты бағыты - инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып инновациялық процесстерге бет бұру .

Инновациялық процесстерге бет бұру дегеніміз – бұрынғы даму жолдарын өзгерту, қоғамның барлық саласының даму динамикасын жаңарту, ғылыми-техникалық дамуға жаңа стимул беру мақсатында жұмыс істеу. Инновациялық жобаны іске асыру үшін ең алдымен жобаның түрлері мен әдістерін анықтау. Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе, келесідей инновациялық дамуды қарастыру қажет:

- мемлекеттік мекемелердің қызметін индустриялы-инновациялық дамудың мақсаттарына сәйкес қайта құру. Бұл – білім, ғылым, қаржы, фискалдық және тарифтік саясатты жетілдіруді қажет етеді;
- индустриялы – инновациялы дамуды халық арасында насихаттау;

- отандық өнімдердің халықаралық рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшу;

- инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету, шағын инновациялық бизнесті ынталандыру.

Жаһандық даму мен өзгерістерге сай озық техника мен технологияны ойлап табуға атсалысу – әркімнің азаматтық борышы. Ал инновациялық экономиканың дамуы – ол жарқын болашақтың кепілі.

Мемлекеттің экономикалық жағдайы мен экономикалық өнімнің мықты көрсеткіші алғышарттарын алдыңғы технология мен инновацияның жұмыскерлердің кәсіпқойлығының артуы қамтиды. Инновациялық саясаттың іске асуының белсенділігі негізгі қаржы мәселесіне, оларға деген экономикалық қажеттілікті анықтайтын нарықтық сұранымға, бәсекелік ортаның дамуына, ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуын, тұрғындардың менталитеті, олардың білім мен мәдени деңгейі және сыртқы экономикалық байланысқа тәуелді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2010

2 Амренова Ғ.Қ. Қазақстанның индустриалды-инновациялық саясаты <http://group-global.org>

3 Еньшина И. «Ориентация на инновации» // Юридическая газета. -2013 №17

4 Баймукашева М.Е. «Инновационный путь развития экономики Казахстана как условие дальнейшего экономического роста»// Банки Казахстана / 2012 №4

5 Хогоева Т.В. Инновационная модель развития экономики региона // Проблемы современной экономики. – 2011 №3

6 Байгісиев М. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. – А.: Раритет, 2010.

7 Батыс Қазақстан облысының статистикалық жылнамалығы 2009-2013. – Орал., 2014

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрено теоретические основы реализации инновационной политики страны, проанализировано современное состояние и пути совершенствование инновационной политики Республики Казахстан. Сегодня инновационная деятельность становится как никогда важной для предприятий, поэтому в статье изучено показатели реализации инвестиционной стратегий Республики Казахстан.

SUMMARY

This article focuses on transition economies to a new qualitative state has increased the importance of strengthening innovation, the problems of forming integral novation capacity of countries to restructure innovate economy, rapidly developing high technology production, which should be an important factor for the conditions for economic growth.

Ж. К. Караманова, магистрант

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир Хана, г. Уральск, РК

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЫНКА ТРУДА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются ключевые индикаторы рынка труда в Казахстане, которые сегодня являются важнейшими и наиболее эффективными направлениями экономического роста. В их числе экономически активное население, занятость, безработица.

На основании данных официальной статистики можно выявить основную часть экономически активного населения, долю безработных и состояние рынка труда.

Ключевые слова: рынок труда, экономически активное население, сельское население, занятое население, безработные.

Безработица является макроэкономической проблемой, которая была, есть и будет во все времена. Безработица и уровень занятости являются одними из главных аспектов в экономике государства. Они служат оценивающими факторами для выявления эффективности функционирования и развития рыночных отношений, что на данный период времени для всех государств, и в особенности для Казахстана, является одним из определяющих факторов успешного развития и процветания.

Безработица никогда не бывает равномерно распределенной среди населения любой страны. Поэтому одним из важных аспектов в диагностике и – что, возможно, даже еще важнее в «лечении» безработицы является определение тех групп населения, в которых она наиболее распространена.

В Республике Казахстан, самодостаточной по всем основным видам ресурсов сельского хозяйства, с потенциальными возможностями обеспечения устойчивого развития отечественного агропромышленного комплекса, особенно сельского хозяйства, стоит проблема обеспечения продовольственной независимости (безопасности). Продовольственная независимость, в данном случае, означает способность государства обеспечить спрос на продовольствие за счет собственного производства в условиях прекращения импортных поставок, что объективно требует развитого сельскохозяйственного производства и пищевой промышленности и включена в перечень национальных интересов [1].

Основным источником продовольствия служит сельское хозяйство, его развитие и совершенствование повышает степень обеспеченности населения пищевыми продуктами. Современное казахстанское сельское хозяйство обеспечивает чуть более 4% ВВП республики.

Происходящие в мировой экономике процессы оказывают влияние на экономический рост Казахстана. Исследование статистических данных за 2000-2014 годы свидетельствуют об угасании темпов экономического роста. Так, прирост ВВП республики в 2014 г. относительно 2013 г., составлял 4.3%. тогда как в 2013 г. относительно 2012 г. он составил 6%. В 1 квартале 2014 года прирост ВВП республики составил 4,3% а за аналогичный период 2015 г. – 2,7 % [1].

Ситуация в экономике страны естественным образом проецируется и на рынок труда. Однако, несмотря на угасание темпов экономического роста, безработица в республике остается на достаточно низком уровне.

В соответствии с экономической теорией, здесь возможны два варианта объяснения сложившейся ситуации на рынке труда. По первому, устойчиво низкая безработица свидетельствует о «перегреве» национальной экономики, предполагающей, что она функционирует на границе потенциального выпуска или даже перешагнула ее, задействовав «излишние» материальные и трудовые ресурсы. В соответствии со вторым, ситуация связана с индикаторами, прямо не относящимся к рынку труда а они свидетельствуют, что фактический ВВП республики находится на уровне ниже потенциального (высокий уровень износа основных средств, низкая производительность труда и доходность отечественных ценных бумаг). Для каждого из этих подходов характерны свои пути выхода из кризиса. В первом случае меры макроэкономической политики не могут стимулировать экономический рост и в новых условиях необходимы структурные реформы. Во втором - меры правительства вполне могут подстегнуть экономический рост, поскольку главной проблемой по-прежнему остается недостаточный совокупный спрос.

Официальные данные по безработице в Казахстане публикуют Агентство РК по статистике совместно с Министерством труда и социальной защиты. Источником для этих данных служит текущее обследование населения - выборочное обследование семей, которое для агентства по статистике проводит Бюро переписей [2].

В последние годы в Республике Казахстан наблюдается достаточно высокий прирост населения. Так, в 2014 г. относительно 2010 г. население страны увеличилось на 977,6 тыс. человек или почти на 6%, а за 2000-2004 гг. - только на 209,2 тыс. человек или 1,4% [1].

Сельскохозяйственным производством занимаются, как правило, те, кто проживает в сельской местности. Увеличение сельского населения за эти периоды было менее значительно: в 2014 г. относительно 2010 г. численность сельского населения увеличилась на 87,3 тыс. человек или на 1,2%, а в 2004 гг. относительно 2000г. - на 7,9 тыс. человек или 0,1%. Наиболее значительно численность сельского населения увеличилась в 2007 г. – на 742 тыс. человек или 11,3% относительно 2006 г. (с 6563,6 до 7305,6 тыс. человек). В 2014 г. численность сельских жителей сократилась на 172,7 тыс. человек или на 2,2% (с 7727,3 до 7554,6 тыс. человек) относительно 2013 г.

В то же время за 2010-2014 гг. численность трудоспособного населения увеличилась на 214,2 тыс. человек или на 2%, а за 2000-2004 гг. – на 7,3% или 642,1 тыс. человек. Менее значительны изменения в численности сельского трудоспособного населения. Если за 2000-2004 гг. оно увеличилось на 199,2 тыс. человек или 5,5%, то за 2010-2014 гг. сократилось на 73,7 тыс. человек или 1,6% [1].

В Республике Казахстан в период с 2000 по 2013 гг. численность экономически активного населения (фактическая величина предложения труда) увеличивалась и незначительно сократилась только в 2014 г. - на 79,3 тыс. человек и составляла 8961,9 тыс. человек, что меньше, чем в 2013 г. на 79,4 тыс. человек (в 2013 – 9041,3 тыс. человек) и на 20 тыс. человек - чем в 2012 г. (в 2012 г. - 8981,9 тыс. человек). Причем, такое сокращение было связано с уменьшением, основном, численности сельского населения.

Неизбежным следствием сокращения экономически активного населения окажется сокращение занятости. Однако поведение этого показателя, в условиях повышения цен на базовые товары и услуги, может измениться в сторону повышения – на рынок труда могут вернуться те высококлассные специалисты-пенсионеры, которые по достижению пенсионного возраста вышли из состава экономически активного населения.

В казахстанской практике статус занятости проводит различие занятого населения между важнейшими категориями: наемные работники и самостоятельно занятые.

В группу наемных работников (или работающих по найму) включены все те, кто, работает по договору найма, предусматривающему оплату (вознаграждение) в виде оклада, премии, надбавок и т.п., либо в натуральной форме.

Самостоятельная занятость определяется занятость, при которой размер вознаграждения напрямую зависит от дохода, получаемого от производства и реализации товаров и услуг, собственное потребление рассматривается как часть дохода. Самостоятельно занятое население, в свою очередь, делится на группы:

- работодатели, управляющие собственным предприятием или занимающиеся независимой предпринимательской деятельностью и имеющие одного или несколько наемных работников;

- самостоятельные работники или лица, работающие самостоятельно или с одним или несколькими партнерами, занимаются деятельностью на основе самостоятельной занятости и не нанимают на постоянной основе работников;

- помогающие члены семьи или их называют также неоплачиваемыми работниками семейных предприятий. Они, как правило, работают без вознаграждения на предприятии (в хозяйстве), которым управляет родственное лицо;

- члены трудового кооператива, занимающегося предпринимательской деятельностью [2].

Каждая из этих групп представлена в виде соответствующей доли в общей численности занятого населения, а также в численности мужского и женского занятого населения.

В общей численности занятого населения увеличивается доля наемных работников, т.е. тех, кто работает по договору найма. Если в 2000 г. на эту категорию занятых приходилось только 56,5% то в 2014 г. – уже 71,8% от общей численности занятого населения. Соответственно, доля самозанятого населения в республике сократилась за этот период с 43,5 до 28,2%.

В численности занятого населения, проживающего в сельской местности, доля наемных работников ниже среднереспубликанского показателя, хотя и увеличивается: в 2010 г. – на эту категорию приходилось 50,7%, а в 2014 г. – 58,65% занятого населения.

В республике в структуре самозанятого населения в среднем чуть более 6% общей их численности приходится на работодателей, около 94% - самостоятельные работники, т.е. те, кто занимается деятельностью на основе самостоятельной занятости и не нанимают на постоянной основе работников. В структуре самозанятого населения, проживающего в сельской местности, только 4,9% выступают как работодатели.

Самостоятельная деятельность воспринимается большей частью экономически активного населения как вынужденная мера, вынужденный способ обеспечения дохода. С углублением экономического кризиса на республиканском рынке труда наблюдается увеличение доли самостоятельных работников в республике [2].

Анализ статистических данных позволяет сделать вывод, что в настоящее время казахстанский рынок труда находится в состоянии равновесия. В Казахстане источниками поддержания численности занятого населения и сохранения низкого уровня безработицы выступают: контроль со стороны правительства и меры новой экономической политики «Нурлыжол» (в частности, региональные Планы содействия занятости, Меморандумы акиматов с крупными предприятиями о взаимном сотрудничестве по вопросам сохранения рабочих мест и трудоустройстве

высвобождаемых работников, «Дорожная карта занятости 2020»). Эти меры также направлены на обеспечение дальнейшего роста экономики республики.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Гиззатова А.И., Ким А.А. Актуальные проблемы аграрного рынка в Республике Казахстан // Проблемы агрорынка» №4, 2015,- Алматы- с. 111-119

2 <http://www.wkau.kz>

ТҮЙІН

Мақалада экономикалық өсудің ең маңызды және ең тиімді желілері болып табылатын, Қазақстанда Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері қарастырылған. Олардың арасында, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны, жұмыспен қамту, жұмыссыздық.

Ресми статистикалық мәліметтер негізінде экономикалық белсенді, жұмыссыздар мен еңбек нарығының қазіргі таңдағы жағдайын көрсетеді.

RESUME

This article discusses the key labor market indicators in Kazakhstan, which today are the most important and most effective lines of economic growth. Among them, the economically active population, employment, unemployment. On the basis of official data are revealed statistical indicators: the bulk of the economically active population, the share of the unemployed and the labor market.

А. М. Биданова, магистрант

А. М. Казамбаева, экономика ғылымының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ӨНДЕУШІ САЛА КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Бұл мақалада өңдеуші сала кәсіпорындарының экспорттық қызметі мен оны мемлекеттік қолдаудың қазіргі кездегі жағдайы қарастырылады. Мемлекет үшін алыс және шетел елдермен сауда қатынастарын нығайту маңызды, осы себепті мемлекет тарапынан өңдеуші сала кәсіпорындарының экспорттық қызметін қолдауды жетілдіру жолдары проблемалары осы мақалада қозғалады.

***Кілт сөздер:** экспорт, сыртқы экономикалық қатынас, өңдеуші сала, экспорттық қызмет, мемлекеттік бағдарлама*

Мемлекеттің экономикалық стратегиясында маңызды орынды алыс және таяу шетелдермен сыртқы экономикалық қатынасты реттеуге және дамытуға, елдің халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді қатысуына бағытталған, экспортқа бағытталған саясат алады. Экспортқа бағытталған стратегияның негізгі мәселесі ретінде келешегі зор экспорттық салаларды табу, экономикалық өсімнің жоғарғы қарқыны мен үнемі сұранысқа ие болатын бәсекеге қабілетті, сапалы өнімді шығару жолымен өндірістің тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан әлемдік экспорттаушылардың арасында 43-ші орында. Қазақстанның ішкі жалпы өнім көлеміндегі экспорттың үлесі 37 пайыз. Қазақстан уран экспорты бойынша әлемде 1-орында тұр, сондай-ақ ұн экспорты бойынша 2-орында, мұнай экспорты бойынша 9-орында, арпа бойынша 10-орында тұр.

Біздің еліміз әлемнің 119 мемлекетіне өнімдерін тасымалдайды. Оның ішінде ЕО- 57 пайыз, (44,4 млрд доллар), әлемнің өзге мемлекеттеріне - 18 пайыз (14,1 млрд доллар), Қытайға -13 пайыз (9,8 млрд доллар), КО - 7 пайыз (5,2 млрд доллар), ТМД-ның өзге мемлекеттеріне - 6 пайыз (4,6 млрд доллар).

Шикізат экспорты негізінен алыс шет мемлекеттер мен Қытайға жөнелтіледі, өңделген өнімдер КО пен Орталық Азия, Кавказ, Иран, мен Ауғанстанға кетеді. Қазақстанның экспорт тауарларының тізімі 2008 жылғы 880-нен 2014 жылы 950-ге дейін артты.

Индустриялар және даму министрлігі өкілдерінің мәлімдеулерінше, ҰИИДМБ жүзеге асыру барысында шикізаттық емес экспорттың сапалық құрамы айтарлықтай артты.

Еліміздің экспортқа бағытталуы еліміздің басқа елдермен өнімдер мен өндірістің әлемдік рыногында өз орындарын жаулап алуға бағытталған экономикалық байланысының сипатын көрсетеді. Экспортқа бағытталған саясаттың мақсаты ретінде экономикалық өсімнің жоғары қарқынымен үнемі өсіп отырған сұранысқа ие немесе әлемдік рынокта тұрақты сұранысқа ие өнімнің түрін шығару жолымен өндірістің тиімділігіне қол жеткізу болып табылады. Бұған алдымен бір жағынан өндірістің тиімділігінің өсуінің көзімен факторлары дұрыс анықталған, екінші жағынан әлемдік рыноктағы бәсекелік таластағы ұлттық салыстырмалық артықшылықтарды таба білген жағдайда қол жеткізуге болады.

Экспортты мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістерін (көбінесе, жанама нысандары арқылы) таңдау елдің экономикасының қазіргі жағдайдағы экспортқа бағдарлануын дамытуға мемлекеттің ықпал ету мүмкіндігін айқындайды. Сонымен бір мезгілде, осы шараларды қолданудың негізгі бағыттарын белгілеу үшін қазақстандық экспортты тежеуге ықпал ететін факторларды анықтау қажет. Оларға:

- отандық өнеркәсіп, ең алдымен өңдеуші өнеркәсіп өнімінің бәсекелесу қабілетінің төмендігі;

- өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінде перспективалы экспортқа бағдарланған жобалар мен зерттеулерді инвестициялау үшін ішкі ресурстардың болмауы;

- тұтынушылық және экологиялық сипаттамаларға, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің рыноктарында сатылатын өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың едәуір күшеюі жағдайында экспорттық өнімнің сапасын сертификаттаудың және бақылаудың отандық жүйелерінің жеткіліксіз дамуы;

- қазақстандық экспортты қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының жетілмегендігі;

- отандық кәсіпорындар менеджерлерінің көпшілігінде экспорт саласындағы арнайы білім мен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, олардың сыртқы рыноктардағы іс-әрекеттерінің үйлестірілмеуі;

- кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте дәстүрлі өндірістік байланыстардың үзілуі;

- шет елде қазақстандық экспортаушыларды кемсітушілік элементтерінің сақталуы жатады.

Осыған байланысты, басты міндет – оның тиімділігін арттыру мақсатында жанама реттеу шараларын қолданудың негізгі бағыттарын әзірлеу болып табылады. Экспорттық операцияларды несиелендіру мен сақтандыруды кеңейту, әлемдік саудадағы өзгермелі жағдайларға сәйкес жаңа рыноктарға жылжуда ақпараттық қолдау мен жәрдемдесудің мемлекеттік саясаты арқылы басты міндетті шешу көзделеді.

Өнеркәсіп саясатын, агроөнеркәсіп кешенін, көлікті және ел экономикасының басқа да секторлардың дамыту стратегиясын жүзеге асырудың нәтижесінде экспорттық құрылымын әртараптандыру қосылған құнының дәрежесі жоғары өнімнің үлесін ұлғайтуға, тауарлар мен қызмет көрсетулер экспортының номенклатурасын кеңейтуге әкелуі тиіс.

Бұл ретте, экспорттық тұрақты өсуіне жәрдемдесу мына бағыттардағы шараларды әзірлеу мен іске асырудың есебінен жүзеге асырылатын болады;

Қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қазіргі рыноктарға тұрақты қатысуына және жаңа рыноктарды ашуына қол жеткізу;

Дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды жеткізуді ұлғайту;

Дәстүрлі емес, жаңа тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту.

Экспорттың өткізу рыноктарын кеңейтуге саяси және экономикалық шаралармен, дипломатиялық рәсімдермен және сыртқы рыноктарда қолдаудың нысандарымен қол жеткізілетін болады:

Сауда жөніндегі екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу;

Қазақстандық тауарлардың жолындағы орын алып отырған кемсітушілік кедергілерін алып тастау;

Сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарларға сөзсіз негізде неғұрлым қолайлы жағдай режимін ұсынуға қол жеткізу;

Қазақстандық экспорттық тауарларды дамыған елдер преференцияларының бас жүйесіне енгізу, ол преференциялар мен техникалық көмек беру тетігін дәстүрлі емес тауарларды жылжыту және шет елдердің рыноктарына Қазақстанның қатысуын орнықтыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді;

Экспортты дамыту үшін перспективалы елдерде Қазақстан елшіліктерінің қызметін жандандыру;

Экспорт бойынша шығындарды азайту мақсатында өнімдерді тасымалдау кезінде икемді тарифтік саясат жүргізу.

Тұтас алғанда, саудадағы әріптес елдерді таңдауда икемді саясат қажет: өткізу рыноктарын әртараптандыру, Еуропа мен Азия елдерінің жақын рыноктарын толығырақ пайдалану, үшінші елдер арқылы транзитті барынша азайта отырып, аймақтық одақтармен өзара іс-қимылды күшейту.

Елдің экспорттық әлеуетін дамыту үшін халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың түрлі нысандарын оңтайлы пайдалану ұлттық экспорттық стратегияның маңызды элементі болып табылады.

Дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды жеткізудің ұлғаюы оларды жеткізу географиясын кеңейту, қазақстандық экспорттаушылар тарапынан демпингті, сондай-ақ сауда әріптестері – елдердің тарапынан кемсітушілік шараларын болдырмау арқылы жүзеге асырылады. Алайда, мемлекеттік мониторинг пен шикізаттық экспортты қолдау қажеттігі қалады. Бұл үшін:

1. Шет елге шығарылатын шикізаттық тауарлар мен шала өнімдерді қайта өңдеу тереңдігін ұлғайту және сапасын жақсарту;
2. Оларды сыртқы рыноктарға тиімді жылжыту үшін мұнайдың, металдардың сапасын халықаралық сертификаттауды жүргізу;
3. Тауарлар экспорты мен валюта түсімін бақылаудың пәрменділігін арттыру үшін әлемдік тәжірибеге сәйкес экспорттың көлемі мен бағаларын есепке алуды жақсарту;
4. Экспорттаушы кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметінің барынша ықтимал ашықтығын қамтамасыз ету;
5. Кен өндіру салаларында қазақстандық құрамдас бөліктің қатысуының басымдығын көздеу;

Әлемдік бағалардың өзгерулеріне жедел ден қою үшін сауда-саяси ахуалын және әлемдік рыноктың конъюнктурасын дамытудағы үрдістерді зерделеу және талдау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Қазақстан сыртына өз өнімін халықаралық стандартқа сай шығару кәсіпорын үшін ең басты міндет болады, себебі қазіргі кезде сапа менеджменті клиенттердің талаптарын толық орындау және өндіріске қойылатын сапа жағынан ең дұрыс амал- тәсіл ретінде қабылданады. Сапа менеджментінің стандарты сапасыз өнімді өндіру немесе сапасыз қызмет көрсету практикалық түрде мүлде мүмкін болмайтын түрде жұмыс істейді. Сапаны халықаралық стандарт төңірегінде кампанияларды сертификатай отырып, осы аздаған шығынды алып тастауға болады.

Сапаның халықаралық стандарты төменгі жолмен кәсіпорынның бәсекелестігін көтереді:

1. Сәйкес емес өнімнің саны жөніндегі нөлге дейінгі мағлұматтар;
2. Клиенттер жағынан шағымның аз болуы;
3. Кепілді қызмет көрсету көлемін төмендетуі;
4. Уақыт пен қаржыны барынша көп үнемдеуді қамтамасыз ету;
5. Сапаның тұрақтылығына кепілдеме;
6. Ресурстарды тиімді қолдану.

Халықаралық сапа стандартының көп түрінің ішінде әрбір экспорттаушы-кәсіпорын – салалық қатыстылығына қарамай Сапа Менеджментінің Жүйесіне сай құрылатын базалық стандарт ISO 9001 болып табылады. Тағам өндірісінің өз еркімен сертификаттауға өту жағдайында тағам саласында жұмыс істейтін экспорттаушы-

кәсіпорындар үшін тағам өндірісінің қауіпсіздік менеджментіне бағытталған ISO 22000 және HACCP халықаралық стандарттарын ендіру табанды қажеттілік болады.

«Досфарм»³ ЖШС фармацевтикалық кәсіпорыны 2008 жылы жыл бойы ISO 9001 халықаралық стандартқа сәйкес сапа менеджментінің жүйесін әзірледі және енгізді. Әрбір үдеріс кәсіпорында оңтайландырылған және тиісті сапа Рәсімінде тіркелген. Әрбір қызметкерде нақты жауапкершілік пен өкілеттілік шегі бар. Әрбір құрылымдық бөлімшенің жұмыс тиімділігінің жүйелі талдауы реттелген. Сертификаттау жөніндегі халықаралық орган «TQCSI (Kazakhstan)» 2009 жылы «Досфарм» ЖШС-ке ISO 9001:2008 сертификатын берді. Бұл әрекеттер кәсіпорынның басшылығына компания жұмысының нақты тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге және өнімнің ассортиментіне және географиялық жағынан кеңірек мақсатын көздеуге мүмкіндік берді. Қазіргі кезде бұл фармкәсіпорын өзінің өнімін Ресейге, Қырғыстанға, Әзірбайжанға, Арменияға экспортқа шығарады. GMP (Good Manufacturing Practice/Тиісті өндірістік тәжірибе) бойынша өндірісті сертификаттау алыс шет елде экспорттың шекарасын кеңейтуге мүмкіндік берді. “ZhersuPower”⁴ ЖШС халықаралық стандарт ISO 9001 бойынша 2008 жылы Талдықорған қаласындағы өзінің аккумулятор зауытының құрылысымен бірдей уақытта кірісті. Құрылыс және өндіріс қуатының баптау жұмыстары жүріп жатқанда, басшылық пен басты қызметшілер тәжірибелі кеңесшілердің қолдауымен сапа менеджментінің жүйесін өндетті. 2009 жылы зауыт ISO 9001:2008 халықаралық сертификатты алды, бұл оған бірден әр түрлі қуатты және түрлендірілген аккумуляторларды жақын және алыс шет елдерге экспортқа шығару бағдарламасын іске асыруға рұқсат берді.

Осылай экспортқа бағдарланған кәсіпорын үшін сапаның халықаралық стандарттарын ендіру халықаралық нарықта өнімдерді жылжыту барысындағы объективті қажеттілік болып табылады, себебі:

- барлық үдерістер (негізгі өндірістік, басқару және басқа) бақылауға алынды, мұның өзі жұмыста келеңсіз жағдайлардың болмауына жол бермейді, өнімнің сапасына және барлық бизнес-үдерістердің тиімділігіне кепілдік береді.
- компания жоғары деңгейдегі маркетинг имиджін алады, өзінің инвестициялық тартымдылығын арттырады және нарықта барынша жайғасымды бекітеді.
- халықаралық сапа стандарты бойынша қорытынды сертификаттау әлемдік талаптар ұстанымы тұрғысынан кәсіпорынның сенімділігін растайды.
- өнімнің тұрақты сапасын қамтамасыз ету ақау бөлігі мен жарнама санының азаю есебінен қаржы қаражатының маңызды үнемділігіне мүмкіндік береді.
- тұтынушылар мен реттейтін органдардың сенімі өседі.
- сапалы және қауіпсіз өнімді өндірушінің абыройы берік болады.
- адал тұтынушылар мен жаңа іскер серіктестер саны өседі.
- халықаралық нарықта сертификатты тану есебінен кәсіпорын өнімінің бәсекеге жарамдылығы артады.

Мемлекет экспорттық жүктерді тасымалдау үшін көлік дәліздерін салуды және олардың қуаттылықтарын арттыруды қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізуде.

Экспорттық бақылауды күшейту жөнінде жұмыс жүргізілуде. Халықаралық міндеттемелерді сақтау мақсатында тиісті заңнама қабылданды, екі ұдай мақсаттағы тауарлар мен технологиялардың тізбесі кеңейтілді.

Барлық осы шаралар мен жұмыстар, дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды неғұрлым жылжытуға бағытталған. Экспортты елдің экономикасын дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде ұлғайту, қалыптасқан жағдайда өндеуші өнеркәсіпке зиян келтіріп, ұлттық экономиканың құрылымында шикізат кешенінің одан әрі дамуына және күшеюіне әкеледі. Осыған байланысты қазақстандық экспорттың номенклатурасын кеңейту және өңделу дәрежесі жоғары өнімнің есебінен

оның құндық көлемін ұлғайту жөнінде тиімді шаралар қажет. Қазіргі уақытта, Қазақстанға қолайлы сауда режимін қалыптастырумен қатар технологиялық инновацияны арттыруды және өнімділікті арттыру мен жоғары қосылған құнды қамтамасыз ететін өнеркәсіп құрылымын құруды талап ететін тауарлар экспортының халықаралық бәсекелестік қабілетін нығайту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Закон Республики Казахстан от 18.06.96. №9-1 “Обэкспортномконтроле”
// Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996г., №8-9, ст. 240

2 Приказ Председателя Агентства таможенного контроля Республики Казахстан от 4.06.03. №267 “Об утверждении Инструкции по осуществлению экспортного контроля таможенными органами Республики Казахстан”.

3 Тауарлар экспортын жанама реттеу шаралары жөніндегі Тұжырымдама. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002ж. 2-шілдедегі №714 қаулысымен мақұлданған.

4 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17-мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген.

5 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 года, утвержденный Указом Президента Республики Казахстан от 4.12.01. №735

6 Программа действий Правительства Республики Казахстан на 2000-2002 годы, утвержденная Указом президента Республики Казахстан от 17.02.00. №34 “О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года”.

7 Программа Правительства Республики Казахстан на 2002-2004 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 28.03.02. №82 “О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года”.

8 Аймешева, Ж. А. Особенности экспортно-импортные операции в Республике Казахстан [Текст] / Ж. А. Аймешева // Бухгалтерски" учет: состояние, проблемы и перспективы: междунар. сборник научных работ / ФГОУ ВПО "Саратовский ГАУ". - Саратов. - 2011. - С. 10-18

9 Кажумуратова А. Экспортный потенциал: классификационные признаки формирования. // Евразийское Сообщество 2000 г. №2(30) стр 76-84.

10 Сәрсембекова. С. Е. Эффективность и механизмы развития экспортоориентированных производств Павлодарской области. // Автореферат диссертаций на соискание ученой степени к.э.н. Костанай, 2003 г.

11 <http://export.gov.kz/kz/StateSupport/totals/1>

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены перспективы экспортной деятельности предприятий Республики Казахстан, также рассматривается политика государства в поддержку предприятиям осуществляющим экспортную деятельность.

RESUME

In this article prospects of export activity of the enterprises of the Republic of Kazakhstan are considered, the policy of the state in support to the enterprises which are carrying out export activity is also considered.

С. Ж. Насипкалиева, студент

Ж. К. Ержанова, э.ғ.к., доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БҚО-ДАҒЫ ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Берілген мақалада шағын бизнестің статистикалық мәліметтерін қолдана отырып, Батыс Қазақстан облысындағы жағдайы, алатын орны мен дамуы қарастырылды. Батыс Қазақстан облысында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлерге қолдау арқылы шағын бизнестің деңгейін көтеру жолдары.

Кілт сөздер: *шағын бизнес, кәсіпкерлік, кәсіп, БҚО шағын бизнесі, «Бизнестің жол картасы-2020»*

Орта және шағын кәсіпкерлік — экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторларының бірі. Жұмыссыздықты жоюда, нарықты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және депрессияны бастан кешіп отырған аудандардың экономикасын тұрақтандыруда шағын бизнес шешуші фактор болып табылады. Республикада шағын кәсіпкерлік тиімді нарықтық экономиканың дамуы үшін құрылымдық түзуші фактор ретінде маңызды рөл атқарып отыр. Ол бәсекелі ортаның дамуына жол ашты, нарықты тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен молықтырды, халықтық кәсіпшілікті жаңғыртты, жергілікті билік органдарының экономикалық базасын нығайтты, ауылдардың, шағын және орта қалалардың дамуына септігін тигізді. Шағын кәсіпкерліктің артықшылығы — жұмсалған күрделі қаржының тез өтелуі, өндірушілердің аймақтық нарыққа бағдарлануы, сұранымның өзгеруіне жедел икемделу, жұмыспен қамтылудың өсуі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының бірі — Шағын бизнесті дамыту. Осыған орай ҚР Президентінің арнаулы Жарлығымен (31.12. 1998) “Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999 — 2000 жылдарға арналған бағдарламасы” бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты — шағын кәсіпкерлікті тұрақты түрде дамыту, оның экономиканың басым секторларындағы үлесін ұлғайту, жұмыс орындарын, бәсекелі ортаны жасау, қоғамның орта табының негізі ретіндегі меншік иелерінің бұқаралық жігін қалыптастыру. Шағын кәсіпкерлікке қаржылық-несиелік және инвестиц. қолдау көрсету бағдарламаның негізгі шараларының бірі болып табылады. 2000 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиенің жалпы сомасы 86,1%-ға көбейіп, 74,2 млрд. теңгені құрады. Соңғы 7 жылда республикада Шағын бизнес кәсіпорындарының саны 2 еседен астамға көбейді. Бұл орайда қызметтің мына түрлерінде шағын кәсіпкерліктің өсу қарқыны жоғары болып отыр: “құрылыс” 3 есе, “сауда, автомобиль, тұрмыстық бұйымдарды, жеке тұтыну заттарын жөндеу”, “кен қазу өнеркәсібі” 2,3 есе, “көлік пен байланыс” 2,2 есе. Шағын бизнес кәсіпорындары санының жедел қарқынмен өсуі жалпы алғанда өнеркәсіпте (174,8%), балық аулау мен балық өсіруде (181,9%), мейманхана және мейрамхана бизнесінде (168,9%), білім беруде (182,2%), денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызметтер көрсетуде (180,2%) байқалып отыр. 2001 — 2005 жылы Шағын бизнес кәсіпорындары шығарған өнім

көлемі ағымдағы бағамен есептегенде 3,4 есе көбейді. Аймақтық тұрғыда өнім шығару көлемінің жартысына жуығы дерлік Алматы мен Астана қалаларының үлесіне тиеді: 47,1%. Астана қаласының үлесі соңғы 5 жылда 9%-дан 15,8%-ға дейін көбейді. Мұндай өсім Атырау (4,3%-дан 7,2%-ға), Қызылорда (3,1%-дан 4,0%-ға) облыстарында да байқалды. 2000 — 06 жылы Шағын бизнес кәсіпорындарында істейтін жұмыскерлердің саны 1,5 еседей көбейіп, 538,7 мың адамға жетті. 2000 — 2004 жылы олардағы жұмыскерлердің жалақысы 2,1 есе көбейіп, 16662 теңге болды. 2004 жылы ең жоғары жалақы кен қазу өнеркәсібіндегі шағын кәсіпорындарда байқалды: 60604 теңге, сондай-ақ құрылыста 32025 теңге.

Әрбір кәсіпкер кәсібін бастар алдында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары мен түрлері атты 5-бөлімінің 232-бабына сүйене отырып, жүзеге асырады. Соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша мыналарды:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалануы үшін жағдайлар жасауды;

мемлекеттік тіркеудің және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеуді; салық салудың оңтайлы режимін белгілеуді;

шағын және орта кәсіпкерлікке кредит беру бағдарламаларын қабылдауды; шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту және пайдалану жүйесін жасауды;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы сауда қызметіне жәрдемдесуді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алудың кепілдендірілген көлемін қамтамасыз етуді;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ағымдағы жылы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген жиынтық мәндегі жалпы көлемнің кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алуды жүргізу туралы ақпарат беруді;


шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысу мәселелері бойынша консультация беруді;

жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың оқу және зерттеу орталықтарын, консалтингтік ұйымдар мен ақпараттық жүйелерін дамыту және жаңаларын құру жолымен кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласында тәжірибе алмасу бойынша халықаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қоса алғанда, жүзеге асырылады.

Батыс Қазақстан облысы экономикасының тұрақталуы кәсіпкерлік құрылымдарды қалыптастырып дамыту аз уақыт ішінде өзінің нәтижелерін беретіні, нарықтық жағдайға сай құрылған шағын құрылымдар өндірістік тиімділікті арттыру барысында құлдырап кеткен кәсіпорынның экономикасын жақсаруына, әрбір саладағы кәсіпкерлік жүйесіндегі шағын және орта бизнестік субъектілердің ұлғая бастағаны мысал бола алады. Сонымен бірге ұлттық экономиканы одан әрі дамытуға да аса басты ықпал етеді.

ШОК белсенді субъектілерінің саны өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен 2013 жылы - 94,3%, 2014 жылы 103,6 %, Жұмыспен қамтылғандар саны 2013 жылы 103,8 %, 2014 жылы 114,8 %, Өнім шығарылымы 2012 жылы 100,0 %, 2013 жылы 102,9 %

құрады. 2014 жылғы 1 тамызға белсенді орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлер үлесі 79 %, шаруа немесе фермер шаруашылықтары – 13,1% орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 0,5 % және кәсіпкерлік – 7,4 % құрады.



1 сурет - Батыс Қазақстан облысы бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің өсу қарқыны

1 суреттегі көрініс бойынша шағын бизнес субъектілерінің саны 2014 жылы 21600 құраса, оның ішіндегі жеке кәсіпкерлік 15200, шаруа қожалықтары 20496, шағын бизнес кәсіпорындар 1655 құрап отыр. 2014 жылы бұл көрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда 1316 бірлікке өскенін байқауға болады. Соның ішінде шаруа қажалықтары жылдан жылға өсуде. Ол кәсіпкерлік экономиканы жаңғыртудың қозғаушы күші болуына байланысты Үкімет 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті, дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізілді. Сондықтан да қазіргі кезде кәсіпкерлікті, соның ішінде шаруа қожалықтарын дамытуға ерекше назар аударылып отыр.

Аумақта 2014 жылы 4196 бірлік тіркелген, ол 2009 жылмен салыстырғанда 24,5 пайызға жоғарлаған.

- ремонт и утепление школ, больниц и других социальных объектов в сумме 1 348,4млн. тенге на 27 объектах; 748,2 млн. тенге на 16 объектах образования; 510,0 млн. тенге на 3 объектах здравоохранения и 90,2млн. тенге на 8 объектах культуры;

- ремонт и реконструкция социально- культурных объектов в г. Уральске и г. Аксае, аулах и аульных округах на сумму 253,0 млн. тенге на 11 объектах.

В результате проведенных мероприятий было создано 5 143 новых рабочих мест, трудоустроено – 5 085 чел., из них через органы занятости – 3 965 чел.

За 2012-2014 годы в области создано 35002 рабочих места, доля трудоустроенных из общего числа обратившихся граждан по вопросу трудоустройства увеличилась с 73,1% в 2012 году (17808 человек) до 82,3% (20930 человек) в 2014 году. Для обеспечения временной занятости населения за три года на оплачиваемые общественные работы направлено 23967 человек.

На 1 января 2015 года общее количество работающих иностранных граждан составило 721 человек (2013 году – 616 человек), доля квалифицированных специалистов в составе привлекаемой иностранной рабочей силы составила 100%. За 2014 год на привлечение иностранной рабочей силы выдано 776 разрешений (2013 году - 604). В течение 2014 года работодателями для местного персонала создано 314 дополнительных рабочих мест, 5 иностранных специалистов заменены на казахстанские кадры, прошли подготовку, переподготовку и повышение квалификации 301 граждан РК.

Качество и уровень жизни населения, величина его благосостояния и благополучия служит важным социально-экономическим критерием при выборе направлений и приоритетов экономической и социальной политики государства и региона.

Заработная плата является основным источником доходов подавляющего большинства населения, а величина реальной заработной платы во многом определяет материальное положение людей. В 2014 году среднемесячная номинальная заработная плата работников составила 108223 тенге, что на 10,0% больше уровня 2013 года, индекс реальной заработной платы составил 104,4%.

Самый высокий размер среднемесячной номинальной заработной платы наблюдается у работников нефтегазового сектора экономики. Так, в 2014 году он составил 589,0 тыс. тенге., что на 23,0% выше, чем в 2012 г.

Размер среднемесячной номинальной заработной платы работников сельского, лесного и рыбного хозяйства составил в 2014 г. всего лишь 54,3 тыс. тенге. Необходимо отметить, что с каждым годом увеличивается размер среднемесячной номинальной заработной платы у работников данной сферы. Так, если в 2012 г. размер среднемесячной номинальной заработной платы составлял 45,3 тыс.тенге, в 2013 г. – 52,4тыс.тенге, а в 2014 г. он составил 54,3 тыс.тенге., что на 19,9% выше, чем в 2012 г.

Сравнительно невысокий уровень среднемесячной номинальной заработной платы наблюдается у работников образования и здравоохранения.

В строительной сфере среднемесячная номинальная заработная плата

работников в 2014 г. составила 144,9 тыс. тенге., что на 12,5% выше уровня 2012 г.

На основе проведенного исследования, необходимо отметить, что рынок труда в данное время не сбалансирован: при наличии безработицы в области имеются вакансии по определенным специальностям. Это связано с несоответствием качества и профессионально-квалификационной структуры рабочей силы потребностям работодателей и низкой трудовой мобильностью трудовых ресурсов. В первую очередь, отдельные отрасли реальной экономики ощущают недостаток в квалифицированных кадрах. В этой связи существующий дефицит трудовых ресурсов становится основанием для привлечения иностранных специалистов. Как свидетельствует мировая практика, преодоление дефицита трудовых ресурсов связано с развитием человеческого капитала (подготовкой и переподготовкой квалифицированных кадров) и созданием необходимых условий для достойного труда.

Исследования рекрутинговых компаний выдали пятерку наиболее нужных профессий на рынке труда:

- квалифицированные работники. На них спрос не падает последние годы. Это сварщики, токари, электромонтажники.
- врачи. Катастрофически не хватает опытных медицинских работников, особенно кардиологов, эндокринологов и невропатологов.
- инженеры. Такие кадры всегда в цене. Они нужны как на производствах, так и в строительных компаниях.
- программисты. Быстрое развитие компьютерных технологий приводит к дефициту хороших программистов.
- топ-менеджеры. Это руководители: генеральные директора, управляющие, менеджеры по развитию в крупных компаниях и холдингах.

В рейтинге востребованности первые места занимают технические специалисты для всех видов производства и сектора информационных технологий, специалисты по продвижению товаров народного потребления, а также профильные вакансии для аграрной промышленности.

Остродефицитными специалистами остаются инженеры-технологи, сервисные инженеры, специалисты по информационной безопасности, энергетики, агрономы, химики-технологи, специалисты по защите растений, микробиологи, экологи и агрономы.

Устойчивый дисбаланс между потребностями рынка и возможностями соискателей в наиболее дефицитных областях — пожалуй, наиболее яркая тенденция сегодня на рынке труда Казахстана.

С одной стороны, рынок показывает острую потребность в специалистах и большое количество вакансий. С другой стороны, есть масса безработных или желающих сменить работодателя людей, но не являющихся теми квалифицированными специалистами, которых ждет рынок. При этом большинство безработных ведут себя крайне пассивно, не проявляют готовности обучаться и становиться подобными специалистами. Это явление имеет в своей основе много причин образовательного, социального и экономического характера, которые должны системно решаться обществом и государством.

Низким спросом будут пользоваться такие специальности, как государственные служащие и работники СМИ.

В период быстрых изменений практически во всех сферах никакая система обучения не успеет за изменениями рынка труда. Может так случиться, что для того, чтобы быть нужным специалистом, необходимо будет учиться почти всю жизнь.

Государственная долгосрочная программа занятости рассчитана до 2020 года. Однако уже сегодня она успешно реализуется, так как выбраны наиболее оптимальные для казахстанского рынка труда механизмы реализации занятости.

Во-первых, программа обеспечивается за счет развития инфраструктуры и жилищно-коммунального хозяйства.

Во-вторых, создаются рабочие места путем развития предпринимательства и опорных сел.

В-третьих, проводится обучение соискателей и оказывается содействие в их трудоустройстве. Кроме того вблизи вновь открываемых производств строится жилье, которое предоставляется участникам программы на льготных условиях.

В Казахстане вопросам занятости уделяется особое внимание, всесторонне изучен мировой опыт. Независимые эксперты, а также сотрудники профильного ведомства на постоянной основе отслеживают актуальные тенденции и проблемы на мировом рынке труда.

В данных условиях Казахстане в отношении безработных и непродуктивно самозанятых граждан успешно реализует активные меры содействия занятости, предусмотренные Программой Дорожная карта занятости 2020 - это создание постоянных рабочих мест, стимулирование предпринимательской активности, создание социальных рабочих мест, организация молодежной практики, профессиональное обучение, профориентация и повышение территориальной мобильности трудовых ресурсов. Сегодня активно реализуя политику индустриализации, Казахстан все больше нуждается в квалифицированной конкурентоспособной рабочей силе, соответствующей запросам инновационного развития страны. По предварительным оценкам, до 2018 года в Казахстане наиболее дефицитными станут профессии технического и профессионального образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: Новый политический курс состоявшегося государства.- Управление внутренней политики Западно-Казахстанской области. - 2015 г. - 116 с.

2 Новая стратегия занятости 2020

3 Статистический ежегодник Западно-Казахстанской области. - Уральск: Департамент статистики ЗКО, 2015 г. - 215 с.

ТҮЙІН

Мақала Батыс Қазақстан облысының және оның дамуының негізгі үрдістері еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды талдау ұсынады.

RESUME

The article presents an analysis of the current situation on the labor market in the West Kazakhstan region and the main trends of its development.

А. Е. Казмаганбетова, магистрант

М. А. Мансурова, кандидат экономических наук, доцент

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск, РК

О МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКЕ И ПРАКТИКЕ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье представлены результаты анализа существующего положения на рынке труда в Западно-Казахстанской области и основных тенденций его развития.

Ключевые слова: рынок труда, трудоустройство, занятость, самозанятость, безработица, уровень жизни населения, заработная плата.

Вопросы трудоустройства молодежи занимают особое место в реализации политики занятости государства. Именно она является одной из приоритетных категорий участников «Дорожной карты занятости-2020».

В Западно-Казахстанской области насчитывается 149 595 человек в возрасте от 14 до 29 лет, из них, 3% молодежи в нашем регионе не работают и не учатся. В г. Уральске проживает 72522 чел., что составляет 48,5 % всей молодежи, а остальные (51,5%) - в сельской местности.

В четырех вузах города обучаются 22987 студентов, а 21131 - учащиеся среднеспециальных учебных заведений и колледжей.

В рамках социальной программы «Мәңгілік ел - индустрияға!» в области обучаются 960 студентов.

В области зарегистрировано 88 молодежных объединений, из них 63 действуют в городе Уральске, остальные 25 - в районах. В областном молодежном маслихате состоят 30 депутатов.

В областном центре и районах действуют 10 ресурсных центров. Их общий бюджет составил 103,9 млн. тенге, из которых 27 млн. тенге выделено для работы областного ресурсного центра, в штате которого работают 19 человек, в районах - 94 чел.

В 2014 году было реализовано 54 социально-значимых проектов.

В рамках проведения государственной молодежной политики на реализацию проектов для молодежи в 2014 году было выделено 89,1 млн.тенге, в 2015году – 83 млн.тенге. Расширяется сеть молодежных ресурсных центров в районах.

Одна из главных проблем - это трудоустройство молодежи.

В 2014 году закончили обучение 5008 выпускников трех высших учебных заведений области. В соответствии с информацией данных учебных заведений, 4159 выпускников трудоустроены (83%).

По итогам 2014 года только в нашей области 1533 молодых человека приняли участие в молодежной практике.

Количество выпускников 38-ми среднеспециальных учебных заведений области в прошлом году составило 8376 человек. Из них трудоустроено 5423 (64,9%), продолжило обучение – 811, в ряды Вооруженных сил вступили 159 выпускников, 60 – покинули пределы области в связи с продолжением обучения в высших учебных заведениях.

В 2015 году вузы закончили 9252 выпускника, из них трудоустроены 47,9 %. Это объясняется тем, что многие работодатели не берут молодежь на работу, поскольку у них нет опыта работы, а суть программы как раз в том, чтобы выпускники набрались опыта, - отметил аким ЗКО Нурлан Ногаев.

Вместе с тем, именно после прохождения молодежной практики примерно 50% участников данной программы трудоустраиваются на постоянную работу, и как правило, их оставляют у себя работодатели, в которых они и проходили практику.

Согласно данным отдела трудоустройства выпускников ЗКАТУ им. Жангир хана и ЗКУУ им М. Утемисова: уровень трудоустройства выпускников в ЗКАТУ им. Жангир хана составил 62,6% и в ЗКУУ им. М. Утемисова – 62,0%.

Из 7371 выпускников, которые закончили 38 заведений профтехобразования, 4535 человек трудоустроены, что составляет 61,5 %.

Удельный вес безработных среди молодежи составил : в 2013г.- 4,5 %, в 2014 г – 4% и в 2015 г.- 4%.

Необходимо отметить, что из числа трудоустроенной молодежи, 1094 чел. направлены на постоянные рабочие места, 809 чел. - на общественные работы и 206 чел. - на профессиональное обучение. Получили направление по молодежной практике 719 специалистов.

По программе «С дипломом в село» в сельской местности были трудоустроены в 2013г. - 528 молодых специалистов, в 2014 г. – 542 и в 2015 .- 394 молодых специалистов.

В рамках программы «Дорожная карта бизнеса-2020» реализуется комплекс мер по обучению молодых людей основам предпринимательства.

Так , АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» предлагает обучающий проект «Школа молодого предпринимателя» для казахстанцев в возрасте от 18 до 29 лет. Также начинающие предприниматели могут пройти обучение по проекту «Бизнес-Советник-I», а молодые действующие предприниматели – по проекту «Бизнес-Советник-II». Помимо этого в Уральске открыт Центр обслуживания предпринимателей. Каждый молодой гражданин может обратиться в Ассоциацию молодых предпринимателей при Национальной палате предпринимателей.

По поручению Главы государства в законодательство о молодежной политике введена норма о статусе «молодого специалиста». Теперь со специалистом в возрасте до 29 лет, впервые поступающим на работу по полученной специальности, работодатель обязан заключить трудовой договор на срок не менее 2 лет.

Кроме того, молодым, имеющим техническое и профессиональное, высшее и послевузовское образование и впервые поступающим на работу по полученной специальности, но не позднее одного года со дня окончания учебного заведения, а также лицам, не достигшим 18 лет, не придется проходить испытательный срок при приеме на работу.

На сегодняшний день в области зарегистрировано 88 молодежных общественных объединений, из них 63 ведут свою деятельность в г. Уральске и 25 - в районах области. В области функционируют 6 филиалов республиканских молодежных объединений: ОЮЛ «Ассоциация молодежи ЗКО» (является представительством «Конгресса молодежи Казахстана»), филиал по ЗКО «Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «Жасыл Ел», филиал по ЗКО корпоративного фонда «Жас Отан», корпоративный фонд «Альянс студентов Уральска», молодежное общественное объединение «Студенческие строительные и молодежные трудовые отряды ЗКО», областная единая детско-юношеская организация «Жас Ұлан»..

В настоящее время основными направлениями деятельности молодежных ресурсных центров являются: информирование молодежи о возможности реализации ее

прав в сферах трудоустройства, образования и профессиональной подготовки, досуга, туризма и спорта; оказание психологических, образовательных, профилактических, консультационных, правовых услуг для молодежи; организация содержательного досуга молодежи по месту жительства, в том числе открытие и поддержка подростковых и молодежных дворовых клубов и т.д.

В целях трудоустройства молодежи, недопущения роста социальной напряженности областным ресурсным центром заключаются меморандумы о сотрудничестве с работодателями. Уровень молодежной безработицы снизился с 6,1% в 2012 году до 4,3% в 2014 году (в 2013 г. – 4,8%). Доля молодежи - NEET в возрасте от 15-28 лет (доля молодежи, которая не работает и не учится к общей численности молодежи) снизилась с 7,4% в 2011 году до 4,1% в 2014 году (2012 год – 5,8%, в 2013 году - 4,5%). В этом направлении в области реализуется ряд государственных программ и проектов: «Занятость - 2020», «Молодежная практика», «С дипломом в село», «Жасыл Ел», студенческие строительные и трудовые отряды и другие.

За прошедший период 2015 года органами занятости трудоустроено 2436 человек из числа молодежи, в том числе 1094 человека трудоустроены на постоянные рабочие места, 809 человек направлены на общественные работы и 206 – на проф. обучение. В целях обеспечения необходимым опытом выпускников ВУЗов и ССУЗов реализуется проект «Молодежная практика», который предусматривает прохождение оплачиваемой практики молодыми специалистами с перспективой дальнейшего трудоустройства. По итогам первого полугодия возможностями данной программы воспользовались 508 человек из числа молодежи. В целом, за последние 4 года в проекте «Молодежная практика» приняло участие более 5 тысяч человек, трудоустроено на постоянную работу более 1000 человек. В текущем году на реализацию данного проекта из республиканского и местного бюджетов выделено 128,1 млн. тенге. В целях привлечения молодых специалистов в сельскую местность реализуется программа «С дипломом в село», которая предусматривает предоставление социальной поддержки со стороны государства выпускникам учебных заведений, молодым специалистам в сфере образования, здравоохранения, социального обеспечения, культуры и спорта, а также АПК, трудоустраивающимся в сельской местности. За 2012-2014 годы по данной программе в сельскую местность привлечено 1595 специалистов (в 2012 г. – 525, в 2013 г. – 528, в 2014 г. - 542). Всего для реализации данной программы выделено 2592,4 млн. тенге, в том числе 377,0 млн. тенге на выплату подъемных 1595 молодым специалистам и 2215,4 млн. тенге на приобретения жилья 897 молодым специалистам. В области ведут активную деятельность областные штабы трудовых отрядов «Жасыл ел» и студенческих строительных отрядов. В текущем году на реализацию проекта «Жасыл ел» из областного и городского бюджетов выделено 19,9 млн. тенге. В целях организации работы трудовых, строительных и педагогических отрядов из областного бюджета выделено 4,0 млн. тенге. На 8 строительных объектах данных компаний трудились 261 боец ССО. В рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020» АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» реализует обучающий проект «Школа молодого предпринимателя». Проект направлен на активных молодых людей в возрасте от 18 до 29 лет, желающих открыть собственное дело и являющихся гражданами Республики Казахстан. Услугами по обучению основам ведения предпринимательства в рамках «Школы молодого предпринимателя» воспользовались 292 представителя молодежи Западно-Казахстанской области, из них 92 человека в 2015 году. Основными проблемными вопросами среди молодежи является религиозная неграмотность, трудоустройство и обеспечение молодых семей социальным жильем. К субъективным факторам молодёжной безработицы можно отнести те, что связаны с комплексом

субъективных причин, таких как психологическая неподготовленность молодёжи и низкая трудовая мотивация, недостаточный уровень мотивации на получение знаний, излишние претензии молодёжи в отношении будущей работы. И объективные, как низкое качество образования, предоставляемого вузами, пассивность специальных служб в трудовой сфере. К тому же усугубляет существующее положение плохая информированность о состоянии спроса на рынке труда, стихийная миграция молодого населения из сел в города, недостаточное количество вакансий по специальностям.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Программа развития территорий Западно-Казахстанской области на 2011-2015г-Департамент статистики ЗКО, 2015, [http://bko.gov.kz/ru/the-power-structure/executive-power/regional-directorates-and-departments-\(funded-from-the/department-of-statistics-wkr.html](http://bko.gov.kz/ru/the-power-structure/executive-power/regional-directorates-and-departments-(funded-from-the/department-of-statistics-wkr.html).
- 2 Новая стратегия занятости -2020, http://primeminister.kz/page/article_item-83.
- 3 ibirzha.kz.

ТҮЙІН

Мақала Батыс Қазақстан облысының және оның дамуының негізгі үрдістері еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды талдау ұсынады .

RESUME

The article presents an analysis of the current situation on the labor market in the West Kazakhstan region and the main trends of its development.

А. С. Мурзагалиев, магистрант

А. М. Казамбаева, экономика ғылымының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ РОЛІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

В статье рассмотрены теоретические основы банковской системы, финансово-кредитные отношения, проанализировано современное состояние коммерческих банков Республики Казахстан. Сегодня банковский сектор республики становится всё более завершённым сектором экономики в своём институциональном развитии. Происходящие рыночные преобразования в организации и управлении банковским делом обусловили интенсивность развития банковского менеджмента и новых банковских технологий по освоению различных видов финансовых инструментов, операций и услуг, влияющих на спрос и предложение денежного капитала.

Кілт сөздер: банктік сектор, қаржы-несие қатынасы, капитал, қызметтер, өнім, коммерциялық банктер.

Банктік секторды тұрақтандыру мен дамыту мақсатында 1996 жылдың аяғында екінші деңгейлі банктердің халықаралық стандарттарға көшу Бағдарламасы қабылданды, оның шекарасында халықаралық стандарттағы банктердің жеткілікті капиталға, активтердің сапалылығына, менеджмент деңгейіне, бухгалтерлік есепті жүргізуге, ақпаратты таратуға қадамдық жету қарастырылды.


Қазақстан Республикасындағы банк жүйесі Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы заңмен реттеледі. Осы заңның 1-бабына сәйкес банк дегеніміз – банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы болуымен белгіленеді [1].

Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңның 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейден тұрады. «Ұлттық Банк мемлекеттің орталық банкі болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және ол банк жүйесінің жоғарғы деңгейіне жатады. Ұлттық банк – Қазақстан Республикасының «Ұлттық Банк туралы» туралы заңның 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдық-құқықтық формадағы заңды тұлға болып табылады және оның өзіндік қаражат саласы бар, ол филиалдарымен және өкілдік ұйымдарымен бірге бүтін бір жүйені құрайды. Ұлттық Банк міндеттері, қызмет қағидаттары, құқықтық мәртебесі және өкілеттігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы" Заңымен белгіленеді. Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде банк қызметінің жекелеген мәселелері бойынша реттеуді және қадағалауды жүзеге асырады, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жалпы жағдайлар жасауға жәрдемдеседі [1].

Банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты Ұлттық Банктің реттеу және қадағалау функциялары Қазақстан

Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдауға, банк кредиторларының, олардың салымшылары мен клиенттерінің мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қаржы нарығында 36 банк өз қызметін жалғастыруда, оның активтер жиынтығын 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1 - Коммерциялық банктердің активтер жиынтығы

Суреттен көріп отырғанымыздай еліміздегі коммерциялық банктердің активтер жиынтығы 01.01.2010 жылмен 01.01.2016 жылды салыстырғанда екі есе өскен. Коммерциялық банктердің активтер жиынтығы 01.01. 2010 жылы 11554904647 мың тенге болса, 01.01.2016 жылы 23780262081 мың тенгені құраған.

Жалпы Қазақстан Республикасының 31.08.1995ж. № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 30 бабы бойынша қызмет көрсету – бұл «банктік операцияларды жүзеге асыру, сондай-ақ бап бойынша көрсетілген басқа да банктік операциялар». Бұл заңда, сонымен қатар, банктік операцияларды жекелеген түрлерін ұйымдастырудың ерекшеліктері көрініс тапқан [1].

Аталған заңға сәйкес коммерциялық банктер келесі операцияларды орындауға құқылы:

- заңды және жеке тұлғалардың ақылы негізде депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- заңды және жеке тұлғалардың металдық шоттарын ашу және жүргізу;
- кассалық операциялар: банкнота мен монетаны қабылдау, беру, қайта санау, айырбастау, ұстау, сорттау, қаптау және сақтау;
- банкнота мен монеталарды және бағалы қағаздарды инкассациялау және жөнелту;
- аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақшаны аударымен байланысты тапсырмаларын орындау;
- есепке алу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

- қарыздық операциялар: ақы төлеу, мерзімін белгілеу және қайтару шартымен ақшалай формада несиелер беру;

- заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде корреспондент-банктердің тапсырмаларына байланысты, олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысу операциялары операцияларын жүргізу;

- ломбардтық операциялар: тез іске асатын бағалы қағаздар мен жылжитын мүліктерді кепілге алып, қысқа мерзімді несиелер беру;

- коммерциялық мәмілелерді қаржыландыру, сондай-ақ сату құқынсыз (форфейтинг);

- заңда көрсетілген тәртіппен өз бағалы қағаздарын шығару (чектерді, вексельдерді, аккредитивтерді, депозиттік сертификаттарды, акцияларды және өзге де міндеттемелерді);

- төлем карточкаларын шығару;

- төлем құжаттарын сатып алу, сату және сақтандыру, олармен басқа да операцияларды жүргізу;

- ақшалай нысанда орындауды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін кепілдеме және өзге де міндеттемелерді беру;

- инвестицияланатын қаражаттар иелерінің немесе оларды иемденушілердің тапсырмалары бойынша капиталдық жұмсалымдарды қаржыландыру.

Екінші деңгейлі банктер заңнаманың барлық құқықтық жағынан қамтылған кең көлемде операциялар түрлерін ұсынады. Сонымен қатар бағалы қағаздар нарығында басқа да кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыра алады. Олар: брокерлік, дилерлік, кастодиандық. Бұл банктік операциялар бойынша қызметтерді көрсету, клиенттердің тәуекелі бойынша олардың агенттері ретінде әрекет ету.

Осыған орай, банктік заңдарына сәйкес, банк – уақытша бос ақша қаражаттарын жинақтауға, клиенттердің тапсырысы бойынша есеп айырысу операцияларын жүргізуге құқылы несиелер ұйымы [2].

Коммерциялық банктің кіріс алу және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатымен банктің шоғырландырылған ресурстарын орналастыру оның активті операцияларының мазмұнын анықтайды. Яғни, банктік активті операциялар – табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында иелігінде бар ресурстардың орналастыру жүзеге асыратын операцияларды білдіреді. Бұл екі мақсаттың бірегейлігі банкті коммерциялық кәсіпорын ретінде тартылған қаражаттарды пайдаланудағы ерекшелігін сипаттайды.

Шынында да, банктер мұндай операциялардан пайда көреді. Олар салымдарға төлейтіндеріне қарағанда, қарыздарға біршама жоғары пайыз мөлшерлемесін белгілеп табыс табады.

Жалпы қоғамға көмек, олар банктен алған қарыздары есебінен өздерінің өнімдерін өндіріп, алға қойған мақсатына жеткенде ғана пайданы сезінеді (мысалға жалпы пайда нормасын 4-тен 5%-ға ұлғайтқанда). Болашақ қарыз алушыларды дұрыс таңдай отырып, олардың ішінде берілетін қарыз бойынша жоғары пайызды төлеуге кімнің жағдайы келсе, соларға банктер ақшалай қаражаттарын бере алады.

Осы уақытқа дейін Қазақстанда несиелер үкіметтің қажеттілігіне (Үкіметтің үкімі бойынша) беріліп, кейіннен олар банктерге және олардың акционерлеріне пайда әкелмек түгіл, уақытында қайтарылмай қалды. Ондай қарыздардың ешкімге де пайдасы болған жоқ.

Коммерциялық банктер өз клиенттерінің сақтауға қолайлы әр түрлі депозиттерді ұсыныды, бұл бір жағынан ақшаның сақталуын қамтамасыз етсе, екінші жағынан өтімділікке деген клиенттің қажеттілігін қанағаттандырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңы, 31.08.1995ж.
- 2 Брюк Н. Банковское дело и финансирование инвестиций. – әлемдік банктер дамуының экономикалық институты, 2009ж.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены теоретические основы банковской системы, финансово-кредитные отношения, проанализировано современное состояние коммерческих банков Республики Казахстан. Сегодня банковский сектор республики становится всё более завершённым сектором экономики в своём институциональном развитии. Происходящие рыночные преобразования в организации и управлении банковским делом обусловили интенсивность развития банковского менеджмента и новых банковских технологий по освоению различных видов финансовых инструментов, операций и услуг, влияющих на спрос и предложение денежного капитала.

SUMMARY

The article deals with the theoretical foundations of the banking system, financial-credit relations, analyzed the current state of the commercial banks of the Republic of Kazakhstan. Today, the banking sector of the republic is becoming more complete economic sector in its institutional development. The ongoing market reforms in the organization and management of the banking business led to the intensity of the development of the banking management and new banking technologies for the development of various types of financial instruments, operations and services that affect the supply and demand of money capital.

С. Ж. Насипкалиева, студент

Б.К. Рахимғалиев, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

БҚО-ДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Берілген мақалада Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы мен дамуының 2013-2015 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерді жинақтай отырып, экономикалық қаржыландыру деңгейі, пайыз мөлшерінің айырмашылықтары анықталды. «Агробизнес-2020» бағдарламасы қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысы бойынша асылтұқымды мал басын арттырып, өңдеу өнеркәсібін дамытуда.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, өнім, өндіріс

Батыс Қазақстан облысы республиканың аграрлық өнеркәсіптік аймағы болып табылады. Облыстың ауыл шаруашылығы астық өндіру және мал шаруашылық өнімдерін өндірумен мамандандырылған. Өсімдік шаруашылығында бидаймен қатар майлы және жарма дақылдары өсіріліп, картоп, көкөністер, бақша жемістері өндіріледі. Мал шаруашылығының негізі салалары ірі қара және қой шаруашылығы, ал шошқа, жылқы, түйе және құс шаруашылығы қосымша болып табылады. Ауданның солтүстігінде жаздық бидай егіледі және ірі қара өсіріледі. Оңтүстік аймақтарында судың жетіспеуінен егіншілікпен айналысу шектеулі түрде ғана, сондықтан да түйе және қой шаруашылығын дамыту тиімді. Егіншіліктің жалпы ауданы бар-жоғы 3%, оған дәнді дақылдардан жаздық бидай, тары, қара бидай, техникалық дақылдардан күнбағыс, жүгері және қыша егіледі.

Орал өнеркәсіп торабы ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өңдеуге маманданған. Өнеркәсіп торабының құрамы: механикалық, жөндеу, аспап жасау зауыттары, құрылыс-монтаж құралдарын дайындайтын зауыт, кеме жөндеу кәсіпорны, металл бұйымдары зауыты, былғары зауыты, байпақ-киіз фабрикасы, ет консерві және ұн тарту – жарма комбинаты, мия зауыты және т.б. Соңғы кездерде Батыс Қазақстанның экономикасының көтерілуі ауданның көптеген экономикалық-әлеуметтік проблемаларын шешуге мүмкіншілік береді. Былтырғымен салыстырғанда жаңа жұмыс орындары 30%-ға көбейді. Жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында кәсіби деңгейін көтеру орталықтары ашылды. Нәтижесінде жұмыссыздар саны 2%-ға төмендеді.

2014 жылы агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бюджеттен 4322,7 млн. теңге қаржы бөлінді, соның ішінде өсімдік шаруашылығына – 719,3 млн. теңге, мал шаруашылығына – 2253,3 млн. теңге, инновациялық тәжірибені енгізуге, фитосанитарлық, ветеринарлық шараларды өткізуге және ветеринарлық кәсіпорындарды материалдық-техникалық жарақтандыруға – 1360,1 млн. теңге. 2014 жылдың қаңтар-маусым айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен көрсетілген қызметі 23909,4 млн. теңгені, соның ішінде өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімі – 16,5 млн. теңгені, мал шаруашылығы – 23861,2 млн. теңгені, қызметтер – 31,7 млн. теңгені құрады. Статистикалық ақпарат бойынша физикалық көлем индексі 2013 жылдың сәйкесті кезеңінің деңгейіне 102,9%-ды, соның ішінде

өсімдік шаруашылығы өнімі – 100%, мал шаруашылығы – 103%-ды, қызметтер - 100%-ды құрады.

2015 жылғы қаңтар-қазанда тұтастай облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 79979,9 млн. теңгені, одан өсімдік шаруашылығы өнімдері – 32902,5 млн. теңгені, мал шаруашылығы – 46744,9 млн. теңгені құрады.

Өткен жылдың сәйкес кезеңіне жалпы өнімнің нақты көлем индексі- 96,6%, өсімдік шаруашылығы – 90,0%, мал шаруашылығы – 102,0% құрады.

1 Кесте - Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы, 01.01.2016 жыл, млн. теңге

Ауыл шаруашылығы	Жалпы шығарылым	өсімдік шаруашылығы өнімдері	мал шаруашылығы өнімдері
Батыс Қазақстан облысы	79 979,9	32 902,5	46 744,9
Ақжайық	9 847,6	3784,4	6 053,9
Бөкей ордасы	5 764,1	2110,2	3 633,8
Бөрлі	4 563,7	2 148,7	2 408,7
Жаңақала	6 048,9	2 087,0	3 925,8
Жәнібек	3 843,7	1368,6	2 469,3
Зеленов	14 009,6	7 739,1	6 238,6
Казталов	8 287,2	2819,1	5 461,2
Қаратөбе	3 360,0	1074,9	2 277,2
Сырым	4 903,9	1934,6	2 955,3
Тасқала	4 139,1	1314,5	2 821,3
Теректі	7 437,7	2848,5	4 538,8
Шыңғырлау	3 652,0	1142,7	2 504,0
Орал қаласы	4 122,5	2 530,2	1 457,0

2014 жылғы өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға облыстық бюджеттен 719,3 млн. теңге қаржы бағытталды. Көктемгі далалық және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май мен тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға және дақылдар өнімділігін, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыруды қолдауға 484,3 млн. теңге бөлінді.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге суғаруға берілетін су бойынша қызметінің құнын арзандатуға – 24,4 млн. теңге, бақ шаруашылығын дамытуға – 11,4 млн. теңге, минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтердің құнын арзандатуға – 20,3 млн. теңге бөлінді.

Тұқым шаруашылығын дамыту үшін 135,1 млн. теңге қаржы қаралып отыр. Тұқымдық материалдың сорттық және себу сапаларын анықтауға 14,5 млн. теңге, ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіруге 29,3 млн. теңге бөлінді.

Көктемгі далалық жұмыстарды жүргізуге Атырау МӨЗ-нан 12 мың тонна дизел отыны ауыл шаруашылық тауар өндірушілері үшін 1 литрінің құны 94 теңгеден бөлінді. Ағымдағы жылдың 1 шілдесіне 5,5 мың тонна дизель отыны сатып алынған.

Жаздық дәнді дақылдар облыс бойынша 249,6 мың га алқапта егілді, күздік дәнді дақылдардың сақталған 71,3 мың га алқабын қоса есептегенде дәнді дақылдар алқабы 320,9 мың га құрады.

Дәнді дақылдар құрылымында бидайға (күздік – 47,1 мың га және жаздық – 171,5 мың га) 218,6 мың га бөлініп, 68,1%-ды құрап отыр, жемдік дақылдар (арпа мен сұлы) – 70,4 мың га немесе 21,9%. Күздік қарабидай 24,2 мың га алқапқа немесе 7,5%, тары – 5,1 мың га немесе 1,6%, өзге дәнді дақылдар 2,7 мың га егілді. Ылғал қорын үнемдеу технологиясы 286 мың га жерге немесе жалпы дәнді дақылдар алқабының 90%-ына қолданылды. 291 га тамшылатып суару жүйесі қолданылуда.

Майлы дақылдар 37,1 мың га егілді. Оның ішінде негізгі майлы дақыл күнбағыс – 24,2 мың га құрады.

Мал азықтық дақылдардың нақты егілген алқабы 138,7 мың га құрап, былтырғыдан 16,8 мың га (13,8%) артық болып отыр.

Облыста көкөніс-бақша дақылдарын отырғызу жұмыстары аяқталды. Картоп 4502 га отырғызылды, көкөніс дақылдары – 3986 га және бақша дақылдары – 1768 га.

2 кесте - Батыс Қазақстан облысы бойынша мал басы, мың бас

Мал басы	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Ірі қара	499,4	492,9	216,5
Қой	1100,2	1079,29	1066,1
Жылқы	121,8	121,2	135
Түйе	3,1	3,1	2,8
Құс	931,3	920,5	910,5
Шошқа	25,9	27,4	27,4

2014 жылы 10 ш/қ 25,3 т, 2015 жылы 11 ш/қ 22,2 тонна арзандатылған тыңайтқыштар сатып алды. Көкөніс-бақша егетін шаруақұрылымдарға Үкімет тарапынан көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін арналған субсидияға аудан бойынша 2014 жылы 16 шаруашылық 5 млн 502 мың теңге мөлшерінде субсидия алса, 2015 жылы 10 шаруашылық 3 млн 500 мың теңге мөлшерінде субсидия алды.

Батыс Қазақстан облысында Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасына сәйкес мал шаруашылығын дамытуға 2450 млн. теңге бөлінсе, соның 96 пайызы игеріліп отыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Марат Оңғарбековтің айтуынша, мемлекет тарапынан ұдайы қолдаудың нәтижесінде асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтар саны көбейіп, ірі қараның 50,6, ұсақ жандықтың 55,8 және жылқының 67,9 пайызы қазіргі кезде ауыл шаруашылығы құрылымдарында шоғырлануда. Бұл экспортқа шығарылатын сапалы ет көлемінің артуына әсер етуде. Атап айтқанда, 2011-2015 жылдарға арналған «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» бағдарламасына сәйкес барлығы 5,3 мың тонна етті, биыл соның 2200 тоннасын экспортқа жөнелту көзделген болатын. Осыған орай жыл басынан бері 1611,7 тонна ет және ет өнімдері сыртқа шығарылды. Бұл - өңірлер бойынша озық көрсеткіштердің бірі. Аталған бағдарлама аясында облыста 11,8 мың басқа арналған 5 мал бордақылау кешені бұрыннан болса, оған қоса төрт шаруа қожалығы 2800 басқа арналған алаңдар салуда.

Сонымен қатар «Сыбаға» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері 445 шаруашылық 4621,3 млн. теңге несиеге қол жеткізіп, жоспардағы 17 мыңның орнына

23689 бас сиыр және 992 асыл тұқымды бұқашық сатып алды. Сол секілді өткен жылдың екінші жартыжылдығынан бастап іске қосылған «Құлан» бағдарламасына сәйкес 1210,5 млн. теңгеге 3484 бас жылқы және «Алтын асық» аясында 353,8 млн. теңгеге 13442 бас қой сатып алынды.

Мал басын асылдандыру бағытында өңірде етті бағыттағы 3,7 мың асыл тұқымды бұқа ұсталуда, яғни табынның тұқымдық құрамын түрлендірудің үлесі 35 пайызға жеткізілді.

Биыл «Агробизнес - 2020» бағдарламасына сәйкес өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 7159,4 млн. теңге бөлінсе, соның 4703,3 млн. теңгесі мал шаруашылығына бағытталды.

«Мемлекет басшысы кеше жариялаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауында атап өткеніндей, «халқымыз ешқашан бүгінгідей бақуатты тұрмыс кешіп көрмесе», мұнда ауыл шаруашылығы саласының да үлесі мол. Ендігі міндет - Елбасы алға қойған міндеттерді орындау жолында көп болып бірлесе отырып, дағдарысқа қарсы шараларды еңсере білу», деп түйіндеді ойын М.Оңғарбеков. Биылғы он айда ауыл шаруашылығы саласында 79979,9 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, қызметі көрсетілді. Мал басы да тұрақты өсіп келеді. Биылғы 1 қарашадағы мәлімет бойынша 497,3 мың ірі қара (соның ішінде сиыр - 216,5 мың), 1066,1 мың қой, 223,5 мың ешкі, 135 мың жылқы, 2,8 мың түйе, 27,4 мың шошқа, 910,5 мың құс санаққа іліккен. Он айда 59,0 мың тонна ет, 200,9 мың тонна сүт, 125,5 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша Батыс Қазақстан облысында жыл аяғына дейін 200-ден астам жоба жүзеге асатын болады. Олар асылтұқымды мал басын көбейту, қысқы азық даярлауға арналған алқаптардың көлемін ұлғайту және облыс орталығының іргесінен сүт фермаларын салу сияқты ауқымды жұмыстарды қамтиды. Бұл тауар сапасын арттыруға оң әсер етпек. Бұл тұрғыда облыс орталығының іргесіндегі Теректі, Зелёнов сияқты егін мен мал шаруашылығы қатар өркендеген аудандар маңызды рөл атқармақ. Осы аудандардың аумағынан үлкенді-кішілі тауарлы сүт фермалары салынып, жұмыс істей бастайды. Өңдеу өнеркәсібін дамытып, асылтұқымды мал басын арттыруға үлкен көңіл бөлініп отыр. Инвестициялық субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер де қарастырылған. Мемлекет шаруалардың 20%-дан 80%-ға дейінгі шығынын жауып беруге дайын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы. www.bko.gov.kz

2 Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті

SUMMARY

The article contains statistical data for 2013-2015 on the current status and development of the West Kazakhstan agriculture and outlines the level of economic financing, differences in interest rates. The “Agro Business-2020” program is currently contributing to the increase in number of breeding stock and development of processing industry across West Kazakhstan Oblast.

К. Т. Наукенов, студент

А. А. Жайтлеуова, э.ғ.м., аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ, ҚР

МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ, ОНЫ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада, мемлекеттің әлеуметтік саясаты және оның жүзеге асыру мақсаттары, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту бойынша стратегиялық шешімдер қарастырылған.

***Кілт сөздер:** әлеуметтік, экономика, мемлекет, саясат, жұмыспен қамту, еңбек нарығы, дағдарыс.*

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты – қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайын реттеудің бір бағыты. Ол елдегі жалпы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екі жақты қызмет атқарады. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта тікелей және жанама түрде экономикалық дамудың мақсаттары көрініс алады, өйткені экономикалық іс-әрекет қоғамның барлық топтарына жақсы жағдай жасау мақсатында жасалады. Екінші шағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып келеді. Егер экономикалық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартпаса, онда еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс күшінің сапасы кемиді; қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қарама-қайшылық артады. Әлеуметтік саясат әр елде әр түрлі әдіспен қалыптасады.

Әлеуметтік саясат қоғамның әрбір мүшесіне заңды түрде анықталып бекітілетін жұмыс деңгейін қамтамасыз ететін табыс көлемін алу туралы кепілдік береді. Нарық жағдайында мемлекет қоғамның әрбір мүшесіне өз мүмкіншілігін іске асырып, табыс табуына жағдай жасауға міндетті болады. Әлеуметтік саясатта халықты әлеуметтік қорғау механизмінің орны ерекше. Өтпелі кезеңде экономика дағдарысқа ұшырап, қоғамда жұмыссыздық пен кедейшілік қалыптасқан кезде халықты мемлекет тарапынан жаппай қаржыландыру мүмкіншілігі қысқарады. Дамыған елдердің әлеуметтік саясат жүргізу тәжірибесінде бірнеше бағыттар қалыптасқан: әлеуметтік сақтандыру; жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау; еңбекақы саясаты; еңбек нарығындағы әлеуметтік шаралар; тұрғын үй саясаты т.б. Әлеуметтік саясаттың басты мақсаты: қоғамдық қатынастарды үйлестіру, саяси тұрақтылықты және азаматтық келісімді реттеу болып табылады. Бұған сонымен қатар, тұрғындардың ақшалай табысы мен тауарлық ресурстардың арасындағы байланысты ұстап тұру, тұрғын үй проблемаларын шешу, тұрғындардың сұранысын қанағаттандыру, халықтың денсаулығын сақтау, олардың мәдениеттілігін, білімділігін арттыру мәселелері де жатады [1].

Үкіметтік деңгейде әлеуметтік саясат мақсаты: қазіргі таңда Қазақстан Республикасында тұрып жатқан азаматтардың өмірін тұрақтандыру, халықтардың кедейленуіне жол бермеу. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау керек. Яғни қоғамның, халықтардың жоғарғы деңгейде өмір сүруі үшін қоғамдағы жұмыс істеуге қабілетті азаматтар мен жұмысқа қабілетсіз азаматтар арасындағы байланысты ұстап тұру, жеке, адрестік әлеуметтік көмекті жоғарылату, кедейлікті жою, медициналық жағынан көмектесу, білім және мәдениетті

көтеру, тұрғын үй мәселесін шешу, жұмыссыздықты қысқарту және еріксіз көшіп келген мигранттарға көмектесу секілді мәселелерге көңіл бөлу.

Қазіргі таңда Қазақстан республикасының үкіметі басым бағытты-әлеуметтік саясатқа бұруда. Олардың қатарына: халықтың табыс деңгейінің төмендеуіне жол бермеу, жұмысшылардың экономикалық қызығушылығын арттыру, әлеуметтік саланы реформалау жатады. Негізгі әлеуметтік саясат мәселелерінің маңызды сұрақтарының бірі—кедейлік мәселесі. Бұл негізінен жұмыссыздыққа байланысты туындайды. Бұл үшін халықты жұмыспен қамтамасыз ету, Қазақстандықтардың өмір деңгейін тұрақтандыру және табыстың әділетті бөлінуін қадағалау көзделіп отыр. Сонымен қатар халықтың табысы төмен бөлігіне, яғни: көп балалы жанұяларға, жарымжан адамдарға, зейнеткерлерге, жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету. Бұларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында: жәрдемақы, зейнетақы мөлшерін жоғарылату, үйсіздерге тұрғын үй мәселесімен көмектесу қажет [1].

Сонымен әлеуметтік саясатқа: халықты әлеуметтік қорғау, яғни халықтың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, еңбек саласын реттеу, миграциялық қызметті, зейнетақыны және жәрдемақыны реттеу кіреді. Бұл мәселелермен мемлекеттік органдар: Ішкі істер министрлігі, Білім және Мәдениет Министрлігі, Қорғаныс Министрлігі, ал мемлекеттік емес ұйымдардан: қайырымдылық қорлары, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары және тағы басқада қорлар айналысады. Қоғамның әлеуметтік саласы мемлекеттің реформалық бағытта дамуында шешуші рөл атқарады, ал әлеуметтік ұйым тиімді әлеуметтік құрмет көрсететін және халықты әлеуметтік жағынан қорғайтын мамандар дайындайды. Қазіргі Қазақстан жағдайында әлеуметтік саясаттағы концептуалды өзгерістер тетігі, ең алдымен экономикалық дамудың көрсеткіштерімен өлшенетінін де атап өткен абзал. Дегенмен, бұл жерде экономикалық дамудың мемлекеттің әлеуметтік саясатын айқындаудағы ролін абсолюттендіруге болмайды деп ойлаймыз. Себебі, әлеуметтік саясат мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне ғана тәуелді емес, ол көп жағдайда елдің саяси дамуына, саяси күштердің арасалмағы мен өзара қарым-қатынасына да байланысты айқындалады. Олай дейтін себебіміз, әлеуметтік саясат қоғам мүшелерінің саяси белсенділігімен және саяси күштердің өз мүдделері үшін күресінің деңгейімен де айқындалып отырады. Сонымен бірге, мемлекеттің әлеуметтік саясатын қалыптастырып, оны жүзеге асыруда экономикалық ахуалмен бірге, психологиялық факторлардың да маңызды роль атқаратынын мемлекеттің даму стратегиясын тұжырымдаған Президент Н.Ә. Назарбаев ерекше атап көрсетеді: «Әлеуметтік стратегияны іске асыру мерзімі экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыру мерзімімен сай келмейді, өйткені әлеуметтік стратегия қоғамның әлеуметтік құрамындағы құрылымдық өзгерістермен ғана емес, сондай ақ, қоғамдық сана-сезімді қазыналық тұрғыдан қайта бағдарлаумен де байланысты, ал ол экономикалық және әлеуметтік жағынан неғұрлым белсенді жаңа ұрпақ келмейінше мүмкін емес» Міне, сондықтан да әлеуметтік саясатты айқындағанда саяси биліктен жан-жақтылықтың, кешенділіктің талап етілуі заңды құбылыс. Әлеуметтік саясат тиімді жүзеге асырылуы үшін бірінші кезекте халықты масылдық психологиядан арылту аса күрделі іс-шара болып табылады.

Жалпы теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделген әлеуметтік саясат - әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды жоюға әсерін тигізді. Қазіргі кезде жеке адамның материалдық жағдайы, көп ретте ұжымдық келіссөздер мен саяси-әкімшілік шешімдердің нәтижесіне байланысты болып отыр. Осы мәліметтер Қазақстан үкіметінің әлеуметтік саясатты белгілі бір дәрежеде тиімді жүргізгенін көрсетеді.

Мысалы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының бір бөлігі зейнетақы жүйесінің көрсеткіштеріне тоқталып кетсек (1 -сурет) [2].

1 сурет - Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз етілуінің көрсеткіштері

Зейнеткерлер саны, адам	2010	2011	2012	2013	2014
Тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшері, теңге	1662877	1695301	1732412	1759321	1863615
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны, адам	17090	21238	27388	29644	31918
Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері, теңге	767213	767239	778504	768747	791631
Зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге	12888	14037	15520	16384	17738
Зейнеткерлер саны, адам	9875	12344	16047	17941	19066

Мемлекет әлеуметтік саясатты аймақтық және жергілікті органдар арқылы жүргізеді.

Мемлекеттің тиімді әлеуметтік саясаты материалдық және рухани құндылықтарды бөлумен және адам қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты болғандықтан, жергілікті халықтың, аймақтық және жергілікті қауымдастықтардың қатысуынсыз мүмкін емес.

Бүгінгі күні аймақтық және жергілікті билік органдарының қызметінің тиімділігінен, олардың жауапкершілікті өзіне алуынан, дер кезінде дұрыс әрекет етуінен көп нәрсе тәуелді болып келеді. Дәл осы жергілікті өзін – өзі басқаруға халықтың әлеуметтік жағдайын анықтайтын мәселелердің шешімін қабылдаудың маңызды бөлігі жүктелген. Ол – мектепке дейінгі және жалпы білім беру, денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы буыны, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық қызметтер көрсету, қалалар мен ауылдардың абаттандырылуы, еңбек нарығының мәселелерін шешу.

Жергілікті өзін – өзі басқару органдары жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешуде мемлекеттік биліктің басқа органдарынан құзіреттіліктерін бөлу және шектеу арқылы автономды түрде қызмет етеді деп болжанған. Теорияға сәйкес, экономикалық интеграцияның жоғары деңгейінде көптеген демократиялық мемлекеттерде мемлекеттік билік органдарының орталықсыздандырылуы әлемдік тәжірибеге сәйкес орын алады [3].

Бұл процесс халық еркіндігінің кеңеюіне ықпал етеді және жергілікті деңгейде халықтың саяси және экономикалық белсенділігін арттырады.

Муниципалды реформаның әлеуметтік салада жалпы бағыты Қазақстан Республикасындағы биліктің дәстүрлі орталықтанған жүйесінен алшақтау, орталықсыздандырылған мемлекеттік өзін – өзі басқару органдарын қалыптастыру болып табылады. Жергілікті өзін – өзі басқарудың қалыптастырылған екі деңгейлі моделі мемлекеттік биліктен және басқа да деңгейлерден құзіреттерін шектеген және кріспе пәндері бар тәуелсіз қызмет атқарады деп қарастырылды. Екі деңгейлі модель жергілікті өзін- өзі басқару органдарының жергілікті халықпен және мемлекеттік

билікпен әлеуметтік ө экономикалық өзара қарым – қатынасының оңтайлы сызбасын құрастыруға мүмкіндік береді. Бірақ, ауылдық және қалалық елді мекендерде жергілікті халықтың көзқарасын ескере отырып заң аясына шықпай өздерне жауапкершілігі артылған қоғамдық істерді тәжірибе жүзінде басқару қабілеті болмауы байқалып отыр. Олар нақты ресурстарын жоғалтып, құрылымдық және кадрлық шектеулер шарттарында жұмыс істеуге мәжбүр болды және қаржылық құралдардық жетіспеушілігі айқын көрінеді. Мұндай жағдайдың себебі жергілікті өзін – өзі басқару күзіретінің қаржылық ресурстарға сәйкессіздігі, минималды стандарттарға кепіл болатын материалды – қаржылық база болмауы болып саналады. Бірақ, мемлекеттік және аймақтық ресурстар жергілікті биліктің басымдықтарды бекітуі мен жұмысты ұйымдастыру қабілетіне , тиімді жергілікті билікке сүйенгенде ғана максималды нәтижені береді.

Қазіргі қолданыстағы халықты әлеуметтік қорғау органдардың жүйесі бюджеттік қаражатты «игеру» қағидасына негізделіп қалыптастырылған, ал жергілікті деңгейде халықты әлеуметтік қорғау органдарының басқарушыларының ағымдағы басқару шешімдерін қабылдауға және оперативті басқаруды жүргізуіне өз уақытының маңызды бөлігін кетіреді.

Дополнительная заработная плата включает различные виды доплат, надбавок и компенсаций за дифференцированные условия труда и квалификацию работника.

Фонд стимулирующих выплат формируется из доходов, полученных от оказываемых платных услуг путем резервирования 30% от ежемесячного дохода.

Заработная плата за выполненную работу в денежной форме начисляется по отдельным должностным окладам.

Начисление основной и дополнительной заработной платы производится в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

По решению исполнительного органа ТОО «Охрана-КМС» для отдельных специалистов может быть установлен повышенный должностной оклад в зависимости от масштабов и типа работы (роста объемов производства, продаж, прибыли, других показателей производственной деятельности).

Должностные оклады первых заместителей (квалифицированных специалистов) устанавливаются на 1-2 разряда ниже, а заместителей и главного бухгалтера – на 2-3 разряда по сравнению с должностным окладом Директора ТОО «Охрана-КМС».

В бюджете ТОО «Охрана-КМС» средства на премирование предусматриваются из расчета не менее 15% к годовой сумме основной заработной платы по первому должностному рейтингу.

Выплаты премии за особые достижения в работе работникам производятся при наличии денежных средств ТОО «Охрана-КМС».

Премия по итогам работы за год может выплачиваться всем работникам ТОО «Охрана-КМС», проработавшим отчетный финансовый год и состоявшем в штате ТОО «Охрана-КМС» на конец отчетного года при наличии денежных средств.

Работникам, проработавшим неполный отчетный год в связи с увольнением, премия по итогам работы за год не начисляется.

Штатное расписание ТОО «Охрана-КМС» утверждается Директором не позднее 25 декабря на следующий отчетный год, либо для оптимизации деятельности, изменения численности работников, а также в других случаях в любое время, не нарушая сроков уведомления работников в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

В штатном расписании определяется численный состав, перечень должностей работников, месячные должностные оклады, персональные надбавки, а также общая численность и общий фонд оплаты труда по ТОО «Охрана-КМС».

Право на утверждение штатного расписания предоставлено Директору ТОО «Охрана-КМС» в соответствии с Уставом или по поручению участника ТОО «Охрана-КМС».

Целесообразно в разрабатываемом штатном расписании заложить и возможное совмещение профессий работников с выплатой вознаграждений в размере от 10% до 100% от гарантированного размера заработной платы по совмещаемой должности, что всегда дает экономию затрат на содержание рабочих мест.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Управление персоналом в условиях рыночной экономики./ Под ред. Р. Марра, Г. Шмидта. - М.: Изд-во МГУ, 2010, с. 313
- 2 Управление персоналом организации: Учебник./ Под ред. А.Я. Кибанова. - М.: ИНФРА-М, 2010, с. 124
- 3 Уткин Э.А. Управление персоналом в малом и среднем бизнесе./ Э.А. Уткин. - М.: АКАЛИС, 2010, с. 205
- 4 Хуче М. Стратегия управления трудовым потенциалом предприятий./ М. Хуче. - М.: РАУ, 2014, с. 106
- 5 Чернышев В.Н. Человек и персонал в управлении./ В.Н. Чернышев. – М.: Энергоатомиздат, 2012, с. 97

РЕЗЮМЕ

Жұмысшылардың еңбек ақы төлеу мотивациясы, жалақыны реттеудің әдістері, кәсіпорындағы персоналдың еңбек ақысын кесімді және уақытлы-сыйлық формалар ретінде пайдалану бойынша ұсыныстары мақалада қарастырылған.

RESUME

In the article showed questions concerning of the motivation of the compensation of the employees, of the methods of the regulation of the wages, of the recommendations of the use of the piecework and of the time-plus-bonus wage of the staff in companies.

Ә. Е. Ерланова, БМД-41 тобының студенті

Б. М. Хусайнов, ауыл-шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР.

АУДАНДЫҚ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

Аннотация

Қаратөбе ауданының қаржы жүйесін басқару, қаржы бөлімінің ұйымдық-құқықтық сипаттамасы, экономикалық қызметі мен аудан бюджетінің орындалуы мақалада қарастырылған.

Түйін сөздер: *басқару, Қаратөбе ауданы, экономика, қаржы, бөлімінің басқару құрылымы, бюджетінің түсімдерге орындалуы туралы ақпарат, бюджеттік шығыстары*

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында менеджменттің жаңа құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқарудың қағидаларын енгізу қажет екенін нақтылап айтып көрсетті.

Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм, шын мәнінде бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту.

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты жаңа типті басқару кадрларды дайындау және олардың жаңаша ойлау қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Басқару – бұл ұжымдағы адамдарға және жекелеген адамдарға, олардың бірлескен жұмыс процесінде мақсатты жүйелі ықпал ету. Осы анықтамадан бірқатар қорытынды жасауға болады.

Басқару ең алдымен, ықпал ету, демек мұның өзі сол әрекетке билік ету қажеттілігін көрсетеді.

Басқару қызметі – бұл басқару қызметінің белгілі бір тұтастай мазмұнға ие болған оқшауланған бөлігі, яғни бұл басқару қызметінің мамандандырылған қызметінің бірыңғай тұтас синтезделуін және интеграциялануын басшылық деп атайды.

Мекеме басшысы мен оның құрылымдық бөлшекшелері әкімшілік еңбекті атқарады.

Бұл қызмет өте қиын, өйткені басшының алуан түрлі фактілерімен істес болуына тура келеді.

Өндірістік тәжірибе есебін жазу барысында негізгі объект ретінде «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесі» алынып отыр.

Мекеменің негізгі мақсаты – аудандық бюджеттің орындалуын ұйымдастыру мен оны жүзеге асыру.

Бұл орайда мемлекеттік мекемелер мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыру және ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуына мүмкіндік жасайтын мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруі қажет.

Сонымен қатар тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджетті атқаруды қамтамасыз ету және аудандық коммуналдық меншігін тиімді басқаруы қажет.

Бұл мақсатқа жету үшін келесідей талаптар қойылды:

- мекемені басқару бойынша теориялық негіздермен танысу
- мекемеге ұйымдық-экономикалық мінездеме беру
- мекеме басқаруын ұйымдастыру бойынша талдау беру

Отандық ғалымдардың, шетел ғалымдары еңбектері негіз болды. Сонымен қатар, ғылыми әдістемелік негіз ретінде мекеменің Ережесі алынды.

«Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік басқару қызметі мен жергілікті бюджеттің орындалуын және ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басылымдарына қол жеткізу мен құруына ықпал ететін мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жүзеге асырылуын басқаратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы. Қаратөбе ауданының әкімдігі мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

Қаратөбе ауданының әкімдігі мемлекеттік мекеменің мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – уәкілетті орган). «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына және Қазақстан Республикасы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы бар, мөрі және мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Қаржы бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

Өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мекеме басшысының бұйрығы түрінде ресімделетін шешімдер қабылдайды. Оның құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қаратөбе ауданы, индекс 090800, Қаратөбе ауылы, Мұхит көшесі №2а. Мемлекеттік тілде мекеменің толық атауы: «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Мекеменің құрылтай құжаттары Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2012 жылы 12 желтоқсандағы №218 қаулысы және Ереже болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеменің кәсіпкерлік субъектілермен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекеме заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер жергілікті бюджеттің кірісіне жіберіледі.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

- мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асыру және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына мүмкіндік жасайтын мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

- тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджетті атқаруды қамтамасыз ету және аудандық коммуналдық меншігін тиімді басқару.

Негізгі мақсаттары:

- жергілікті деңгейде мемлекеттік бюджеттік саясатты салық және аудан аумағындағы қаржылық-несиелік саясатпен байланыстыра құруын жүзеге асыру

- жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін, ақша ресурстарын басқаруды бағалауды және бюджетті бағдарламалау әдістерін енгізу және жетілдіру

- аудандық бюджеттің орындалуын ұйымдастыру

- ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары мен стратегиялық мақсаттарын орта мерзімді кезеңге анықтау


- коммуналдық меншік басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету

- коммуналдық меншік басқару саласында салааралық үйлестіру және методологиялық басшылық

- шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе мемлекеттік коммуналдық жедел басқару кәсіпорындардағы мүліктерді тиімді пайдалануды бақылау

- заңмен белгіленген басқа да құқықтарды жүзеге асыру

Қаратөбе аудандық қаржы бөлімінің басқару құрылымы 1 – сызбада көрсетілген.



1 сызба - Қаратөбе аудандық қаржы бөлімінің басқару құрылымы

1 – сызбаға қарағанда Қаратөбе аудандық қаржы бөлімінің басқару құрылымы 4 адамнан тұрады, олар өз мемлекеттік қызметін дұрыс атқарады.

Қаржы бөлімі қаржыландыру жоспары бойынша оған бекітілген мүлікпен және оған бөлінген қаржы есебінен сатып алынған мүлікпен өз бетімен иелігінен шығаруға немесе басқаша өкілеттік етуге құқығы жоқ.

Қаржы бөлімі мүлікке өкілеттік ету құқығы берілуге болады.

Осы мақсатта қаржы бөлімі өкілдік ете алатын заңнамамен мүлік құнының шекті көлемі белгіленеді.

Қаржы бөлімін Қаратөбе ауданы әкімі лауазымына тағайындайтын және лауазымынан босататын меңгерушісі басқарады.

Ол қаржы бөлімінің жұмысын ұйымдастырады, басқарады және өзіне жүктелген міндеттерді орындауы мен өзінің функцияларын атқарғаны үшін жеке жауапкершілік алады.

Бұл мақсатта меңгеруші:

- қаржы бөлімі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды

- заңнамаға сәйкес қаржы бөлімі қызметкерлерін лауазымдарына тағайындайды және лауазымдарынан босатады
- заңнамаға сәйкес қаржы бөлімі қызметкерлеріне тәртіптік шара береді
- қаржы бөлімінің бұйрықтарына қол қояды
- мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда қазіргі кездегі заңнамаға сай қаржы бөлімінің атынан уәкілдік ете алады.

Қаржы бөлімінің қабылдаған шешімдері меңгерушісінің бұйрығымен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен рәсімделеді.

Меңгеруші болмаған уақытында меңгеруші міндетін атқарушы қызметкер бұйрықпен тағайындалады және меңгеруші міндетін атқарушы бөлімінің қызметін үйлестіреді, меңгеруші жүктеген басқа да міндеттерді атқарады.

Қаратөбе ауданы бойынша 2012-2013-2014 жылдың аудан бюджетінің түсімдерге орындалуы туралы ақпарат 1 – кестеде көрсетілген.

1 кесте - Қаратөбе ауданы бойынша 2012-2014 жылдың аудан бюджетінің түсімдерге орындалуы туралы ақпарат

Көрсеткіш	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2012- 2013ж%	2013- 2014ж%
Түсімдер барлығы	1 247 952	1 476 226	1 845 411	228 274	369 185
I.Табыстар (1+2+3+4+5)	192 467	1 436 285,8	1 809 321,2	1 243 818,8	373 035,4
1.Салықтық түсімдер	192 467	273 652	312 161	811 85	385 09
2.Салықтық емес түсімдер	1 940	1 273,4	2 937,5	-666,6	1 664,1
3.Негізгі капиталды сатудан түсімдер	330	7,4	203,4	-322,6	196
4.Ресми трансферттердің түсімдері	1 038 782	1 161 353	1 494 019	122 571	332 666
Субвенциялар	714 868	775 657	977 269	607 89	20 161,2
Нысаналы ағымдағы трансферттер	169 266	267 771	488 190	985 05	220 419
Нысаналы даму трансферттері	154 648	117 925	28 560	-367 23	-893 65
5.Бюджеттік кредиттерді өтеу					
Жыл басындағы бос қалдық	14 433	39 939	36 089	255 06	-3850

1 – кесте бойынша, Қаратөбе ауданы бойынша 2012 -2014 жылдарды аудан бюджетінің салықтық түсімдерге талдау жасай отырып 2012ж-2013ж түсімдердің барлығы 228 247 пайызын құраса 2013ж-2014ж түсімдердің барлығы 369 185 пайызын құрайды.Ал табыстар 2012-2013ж 1 243 818,8 пайызын құрады 2013-2014ж 373 035 пайыз болады.Салықтық түсімдер 2012-2013ж 811 85 пайыз болса 2013-2014ж 385 09 құрады. Салықтық емес түсімдер 2012-2013ж -666,6 пайызына кеміп, 2013-2014ж 1 664,1 пайызға өсті. Негізгі капиталды сатудан түсімдер 2012-2013ж -322,6 пайызға кеміді, 2013-2014ж 196% құрады. Ресми трансферттердің түсімдері 2012-2013ж 122 571 пайыз болса 2013-2014ж 332 666 пайыз болады. Субвенциялар 2012-2013ж 607 89% құраса 2013-2014ж 20 161,2 пайыз болады. Нысаналы ағымдағы трансферттер 2012-

2013ж 985 05 пайыз болса 2013-2014ж 220 419 пайызды құрады. Нысаналы даму трансферттері 2012-2013ж -367 23 пайызда кеміді. Жыл басындағы бос қалдық 2012-2013 жылы 255 06%өсіп, 2013-2014ж -3850 пайызда кеміп тұр.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіпте төмендегі функцияларды атқарады:

- ауданның қаржысын басқару саласында мемлекеттік саясаттың мақсаты мен бағыттарын айқындауға қатысады
- жергілікті бюджеттің қаражаттың пайдалануына талдау жасайды
- жергілікті бюджеттердің орындалуына методологиялық басшылық жасайды
- өзінің құзыры шегінде жергілікті бюджеттерді құрастыру және орындау, бюджеттердің басқа деңгейлерімен өзара қатынастарды реттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады
- аудан аумағында мемлекеттің қаржылық мүддесін қорғауды ұйымдастырады
- ай сайын жоғары тұрған органға, жергілікті атқару органдарына бюджеттің орындалуы туралы есепті белгіленген тәртіппен тапсырып отырады, қаржылық статистикалық есептерді толтырады
- жергілікті атқару органдары резерві қаражатының жұмсалуды жоспарлау, есебін жүргізуді және талдауды жүзеге асырады
- жоғары тұрған органға коммуналдық меншік туралы есептерді жасақтап жинақтау
- жоғары тұрған органға мемлекеттік сатып алуы туралы есептерді жасақтап жинақтау

Құқықтары мен міндеттері:

- тапсырмалар мен міндеттерді орындау мақсатында өз құзыреті шегінде мемлекеттік меншіктегі мүліктерді пайдалануға;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, мемлекеттің қатысы бар заңды тұлғалардан және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардан қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратуға және алуға;

Қаржы бөлімінің шұғыл басқару құқында құрылымдық мүлкі бар. Қаржы бөлімінің мүлкі мемлекеттің оған табыстаған негізгі және айналымдағы қорларынан тұрады, сондай-ақ Қаржы бөлімінің балансында құны көрсетілген басқа да мүлкі есебінен құралады. Бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуын және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бөлім бастығы жүзеге асырады. Мемлекеттік мекеме басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттігі:

- бөлім қызметін басқару
- ақшалай несие және салық органымен бірлесе отырып бюджеттік саясатты аудан аумағында жүзеге асыру және қалыптастыру
- аудандық бюджеттің орындалуын ұйымдастыру
- ауданның приоритеттік және стратегиялық мақсаттағы орта мерзімге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау
- мемлекеттік коммуналдық мүліктің тиімді пайдалануын бақылау

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының болмаған кезеңінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Қаратөбе аудандық 2012-2014 жылы аудан бюджеттік шығыстары 2 – кестеде көрсетілген.

2 кесте - Қаратөбе аудандық 2012-2014 жылы аудан бюджеттік шығыстары

Көрсеткіштер	2012жыл	2013жыл	2014жыл	2012- 2013ж%	2013- 2014ж%
II.Шығыстар	1 440 136	1 440 136	1 821 523	0	381 387
Жалпы сипаттағы мемлекеттік органдар	109 214	109 214,4	183 445	0,4	742 396
Қорғаныс	1 239	1 239	2 335	0	1096
Білім беру	876 747,6	876 747	1 206 248	0,6	329 501
Денсаулық сақтау	290	290	320	0	30
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	176 044	176 044	199 966	0	239 22
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	57 148	57 148	28 100,7	0	-290 47,3
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	98 298	98 298	118 199	0	19 901
Ауыл шаруашылығы	7 149	4 867	8 054	-2282	3187
Өнеркәсіп, қала құрылысы, құрылыс	5 884	5 884	31 752	0	25 868
Көлік және коммуникация	1 556	1 556	2 719	0	1 163
Басқалары	768	768	10 628,4	0	9 860,4
Ресми трансферттер	768	768	10 628	0	9 860

2 – кесте бойынша, Қаратөбе ауданы бойынша 2012-2014 жылдағы проценттік аудан бюджетінің салықтық шығыстарға талдау жасай отырып жалпы сипаттағы органдар 2012-2013ж салыстырғанда 0,4 пайыз құрады. 2013-2014ж742 396 пайызда өсті. Қорғаныс 2012-2013ж 0,6 пайыз болса 2013-2014ж 329 501 пайызда өсті. Денсаулық сақтау 2012-2013ж 0 пайызды құрады 2013-2014ж 0 пайыз болады. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 2012-2013 жылы 0 пайыз құрады. 2013-2014ж 239,22% құрады. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық 2012-2013 жылы 0%құрады, 2013-2014 жылы -290 47,3 пайызда кеміді. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 2012-2013ж 0 пайызда кеміді. 2013-2014жылы 19 901 пайызда өседі. Айыл шаруашылығы 2012-2013жылы -2282 пайызда кеміді, 2013-2014ж 3 187 пайыз құрап өседі. Өнеркәсіп, қала құрылысы 2012-2013жылы 0 пайыз құрады. 2013-2014жылы 25 868 пайыз құрап өседі. Көлік және коммуникация 2012-2013жылы 0 пайызға, 2013-2014ж 1 163пайыз құрады. Басқалары 2012-2013жылы 0 пайыз береді. 2013-2014ж 9 860,4 пайызды құрап өседі. Ресми трансферттер 2012-2013жылы 0 пайызда 2013-2014 жылы 9 860 пайыз құрайды.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы

мүмкін. Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік жергілікті коммуналдық меншікке жатады. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

«Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыдағы жағдайларды талдай келіп Қаратөбе ауданының аумағын тиімді дамытуды ұйымдастыру үшін мынадай бағыттарда іс-әрекет жүргізу ұсынылады:

- Аймақ экономикасының дамуы;
- Әлеуметтік ортаның дамуы;
- Инфрақұрылымдық кешеннің дамуы;
- Аумақтық (кеңестіктік) құрылымның дамуы;
- Мемлекеттік жергілікті басқару жүйесінің және өзін-өзі басқарудың дамуы.

Қаратөбе ауданы бойынша 2011 – 2015 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасының басты мақсаты: өңдеу салаларының дамуын қамтамасыз ететін аймақтың бәсекеге қабілетті мамандарын қалыптастыру, сыртқы нарыққа жоғарғы құн қосылған дайын өнімді шығаруды іске асыру, инновациялық кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: оқулық / Б.С.Өтебаев. –Алматы: Экономика, 2006. – 320 б.
2. Дүйсенбаев К.Ш. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: Оқу құралы/ К.Ш. Дүйсенбаев,
3. Э.Т. Төлегенов, Ж.Г.Жұмағалиева. – Алматы: Экономика, 2001. – 330 б.
4. Н. Назарбаев «Болашақты бірге құрамыз» // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 2011.
5. Жүнісов Б. «Нарықтың экономика негіздері» - Алматы: Экономика, 2005. – 124 б.
6. Қаратөбе аудандық қаржы бөлімінің жылдық есептері

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрено управление финансовой системой Каратобинского района, организационно-правовое описание финансового определения экономической услуги и выполнение районного бюджета.

RESUME

Governing financial system of region Karatoba, organization-legal description of financial department, economical service and implementation of region budget was considered in the article.

Н. А. Орынбаев, студент

А. К. Досанова, экономика ғылымдарының магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі ауыл шаруашылық жүйесінде корпорацияның дамуы, корпоративтік басқару нысанының құрылуы және пайда болуы, Қазақстан аграрлық секторы экономикасындағы корпоративтік басқаруды дамытудың ерекшеліктері мен жетілдіру үлгілері қарастырылған.

Түйін сөздер: *аграрлық сектор, корпоративтік басқару, инвестиция, корпорация, акционерлік қоғам*

«Корпорация» анықтамасынан корпорацияның жемісті жұмыс істуі үшін кем дегенде бірнеше принципіалды жағдайлардың бар болуының міндеттілігі туындайды: экономикалық дамуы, тұрғындардың кәсіпкерлікті игеруі. Меншіктің әртүрлі нысандарының қатар өмір сүруі, кәсіби басқарушылардың жеткілікті саны. Сондықтанда да осы шарттарды орындамай тұрып және мемлекет көлемінде немесе дербес салада корпорацияның жемісті қызметі үшін қажетті нормативтік пен экономикалық алғышарттарды жасамай тұрып, корпоративтік басқару ұстанымдарын тиімді іске асыру туралы айту мезгілінен бұрын болып есептеледі [1].

Ірі корпоративтік құрылымдарды құрудың ой – санасы Қазақстанның ауылшаруашылығындағы экономика үшін жаңашыл емес, бұл беталысының өткен орталықтандырылған жоспарлы экономика жағдайында да орны бар.

Қазіргі ауылшаруашылық жүйесінде корпорацияның дамуы экономикалық өсу мерзімінде күшеюде. Корпоративтік басқару нысанының құрылуы және пайда болуы кәсіпкерлік бірлестік нысаны эволюциясының жолымен өтті. Корпоративтік басқарудың ең мықты сапасы қазіргі заманғы акционерлік қоғамға айналды.

Қазақстан аграрлық секторы экономикасындағы корпоративтік басқаруды дамытудың ерекшеліктері мен жетілдіру үлгілері.

Қазақстанның аграрлық секторының инвестициялық қызметінің дамуы екі бағыты бойынша жүргізілуі қажет:

- қауымдастық негізінде корпоративтік басқару ұйымын мемлекет тарапынан ынталандыру;

- инвестициялық құралдарды шоғырландыру тәсілі ретінде ауыл тұрғындары тарапынан меншікті иемдену бірлестігі көмегі кезіндегі, осы бағыттағы ауыл тұрғындары арасынан білімдік жұмысын жақсарту және еліміздің барлық халықтары үшін жеткілікті қаржылық құралдардың дамуы, ұлттық корпоративтік – ұйымдастырушылық үлгісін қалыптастырудың заң шығарушылық және әдістемелік базасын жетілдіру болып табылады.

Қазақстанның аграрлық секторы үшін корпоративтік басқару ұйымының айрықша үлгісін таңдау корпоративтік басқарудың халықаралық ұлттық үлгісінің SWOT – талдауымен дәйектеледі.

Жетілдірілген отандық үлгіні құру үшін корпоративтік басқарудың шетелдік және Қазақстандық ұлттық үлгілеріне SWOT – талдаудың салыстырмалы сипаттамасы 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Корпоративтік басқарудың шетелдік және Қазақстандық ұлттық үлгілерінің сипаттамасы

Корпоративтік басқарудың Қазақстандық және англо-американдық үлгілерінің ұқсастығы	Корпоративтік басқарудың Қазақстандық және неміс үлгілерінің ұқсастығы	Корпоративтік басқарудың Қазақстандық және жапондық үлгілерінің ұқсастығы
үшбұрышты басқарудың бар болуы (акционер, директорлар кеңесі, басқарушы); акцияның басқару пакетінсіз акционерлер құқығын қорғау;	ұзақмерзімді бақылауға ерекше көңіл бөлу; банктер екі жақты рөл атқарады – кредиторлар ретінде және акционерлер ретінде;	үшбұрышты басқару; ұзақмерзімді стратегия және бақылау; акционерлер және кредиторлар ретінде банктің екі жақты рөлі;
көпжақты мониторинг ; директор кеңесі мен басқарушыны таңдауға жеке қарым-қатынасы ықпалын тигізеді; инвестициялық қорлар сыртқы акционерлер болып табылады;	акцияны иемдену құрылымы ұқсас;	
корпоративтік басқарудың Қазақстандық және англо-американдық үлгілерінің айырмашылығы;	корпоративтік басқарудың Қазақстандық және неміс үлгілерінің айырмашылығы;	корпоративтік басқарудың Қазақстандық және жапондық үлгілерінің айырмашылығы;
Қазақстанда АҚШ-та жоқ, мүлікті басқару бойынша мемлекеттік комитет үлкен рөл атқарады; Қаржылық-өнеркәсіптік топтың (ҚӨТ) Қазақстанда пайда болуы; Қазақстанда әмбебап банктер, американдықтар әмбебап емес; ҚР-да генеральдық директор, директор кеңесінің төрағасы болмайды, ал АҚШ-та тап оңдай ереже жоқ.	Қазақстанда басқару үшбұрышты және немістерде екі жақты басқару; ҚР-да директорлар кеңесінің құрамын өзгертуге болады, ал Германияда қадағалау кеңесінің мөлшері заңмен шектелген; ҚР-да инвестициялық қорлар негізгі акционерлер болып табылады, ал Германияда жоқ.	Жапонияда директорлар кеңесінің құрамына жұмысшылар ене алмауы мүмкін немесе енуі өте шектелген; Инвестициялық қорлар негізгі акционерлер болып табылмайды.

Кестеде көріп отырғанымыздай, аграрлық секторда жетілдірілген корпоративтік басқару жүйесін құру үшін, шетелдік және қазақстандық үлгілердің негізінде талқылау жүргізуге болады. Соның негізінде төмендегідей ауылшаруашылығы кәсіпорындары үшін корпоративтік басқару ұйымы нысанын таңдауға болады

ҚР АӨК саласында корпоративтік ұйымдардың толық қызмет етуі үшін және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының құрамына енуінің алдында, менің көзқарасым бойынша, біздің елімізде оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілу үшін қызмет ету айрықшылығы мен елдегі аграрлы сектордың ағымдағы жағдайын ескеретін шаралар қабылдануы тиіс [2].

Ауылшаруашылық кәсіпорын қызметіндегі сапа өсімі мен менеджмент сапасының ену қажеттілігі аграрлы саладағы корпоративтік кәсіпорындар ұйымы кезең бойынша құрылуын қажет етеді:

Бірінші кезең – белгілі бір аймақтық территориядағы фермерлік шаруашылықтың әлеуметтік –экономикалық жағдайын меңгеру;

Екінші кезең – корпорация құрудың тиімді нұсқасын немесе оның осы территориядағы түрін (холдинг, трест, кооператив және т.б.) жобалау.

Үшінші кезең – жеке ауылшаруашылық тауар өндірушілердің нақты корпорацияға басқарудың мемлекеттік жүйесі тарапынан өз еркі негізінде енуін ынталандыруға жағдай туғызу.

Қазақстан Республикасындағы аграрлық секторды дамыту негізінде, корпоративтік басқару түріне байланысты корпорацияны ұйымдастырудың түрлерін төмендегідей бағыттар бойынша жетілдіру маңызды болып саналады.

Кесте 2 - ҚР АӨК-гі басқару түріне байланысты таңдалатын жеке корпорацияны ұйымдастырудың түрі.

Корпорация түрлері	Корпоративті басқару формасы
ЖШС түріндегі жеке капиталы негізіндегі қауымдастық бірлестігі	Корпоративті басқару түрі жоқ
Акциясының белгілі бір үлесін қор нарығына орналастыратын жеке корпорациялар	Корпоративті басқару көбінесе ресми сипатқа ие. Шетелдерде орналастырылуы кезінде белгілі бір биржаның талаптары бойынша стандартталған корпоративті басқару бола алады.
Үлкен орталы тұлғаларға тиісті ашық компаниялар	Корпоративті басқарудың принциптерін міндетті түрде сақтау және оны бизнес-орталық бойынша ұйымдастыру.

Жоғарыдағы мәлімет бойынша, аграрлық сектордағы корпорацияны ұйымдастыру моделі мен корпоративті басқарудың құрылу принциптерінің сақталу деңгейіне байланысты әр қилы түрге ие болуы мүмкін. ҚР агроөнеркәсіптік кешенінің белгілі бір модельдегі корпорацияны құрудағы негізгі мәселесі – елде қор нарығы жеткілікті дамымаған және мемлекетімізде құрылған көптеген компаниялар ашық сипатта емес. Жеке меншік құқығының негізгі капиталға бір қолдан келесі қолға ауысуы корпорация құра алмайды, керісінше олардың қалыптасуы мен дамуына кедергі келтіреді. Өйткені, корпоративтік басқару бұл - жеке емес, керісінше жеке меншік құқықты куәландыратын және бір қолдан келесі қолға ауысу құқығы бар қағаз иелігінде ұйымдастырылған бірлескен, қоғамдық басқару болып табылады. Демек, корпоративтік басқарудың болашақта дамуы мен оның Қазақстандағы жеке ұлттық моделінің құрылуы үшін төмендегідей талаптар қойылады:

- айрықша белгілер мен агроөнеркәсіптік өндіріс саласындағы корпорацияның акциялар арқылы құрылған ашық мекемелер ретінде қызмет жасау мүмкіндіктерін анықтайтын заңнамалық және нормативті базаның болашақта жетілдірілуі;

- акционерлердің құқығы мен қорғалуын иелігінде жер болмаса да, ауылшаруашылық бизнесінің тең құқықты қатысушысы ретінде кепілдеме беретін заңнамалық құрылымдар;

- акционерлердің қылмыстық іс-әрекеттерден қорғалуы мен қауіпсіздігін кепілдейтін құралдардың болуы;

- барлық халықтың ауылшаруашылық өндірістің акционерлік үдерісіне қатысу мүмкіншіліктерінің анағұрлым жеңілдетілген жүйесі;

- корпорацияның қаржылық және заңға бағынушылық іс-әрекеттерін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндігі жететін мамандандырылған институттардың болуы.

Сонымен бірге мемлекет елдегі белгілі бір тауар нарығын монополияландыруға тырысатын корпорациялардың қызметін бақылау мүмкіндігіне ие болуы тиіс немесе кластерлер мен ірі вертикальді интеграциялық құрылымдарды құру кезінде өндірістің барлық техникалық кезең мен өнімнің белгілі бір түрінің өтімін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың қызметіне бақылау орнатуға тырысады. Оны жүзеге асыру үшін корпорацияның меншік иесі мен басқарудың мемлекеттік органы арасында ашық қарым-қатынас орнату қажет. Сонымен бірге ішкі аудиторлық тексерудің айқын ұйымдастырылған жүйесінің болуы.

Қазақстанның айрықша белгісі - мұндағы бас менеджерлердің көбісі кәсіпорындардың меншік иесі болып табылады және өздерінің меншіктілігін ешқандай акционерлермен бөлісуге ниет білдірмейді. Әсіресе, бұл агроөнеркәсіптік өндірістегі жеке меншіктерге байланысты. Сондықтан, мемлекет халыққа корпоративті басқару жеке басқаруға қарағанда анағұрлым тиімді екендігін дәлелдейтін әдістер табуы керек, қазіргі кезде оны табу қиынға соғады. Сол себепті, мұндай үдерісті елімізде консалтингтік, маркетингтік, корпоративтік компанияларды құрудан бастау керек. Мұндай корпорациялардың тиімділік деңгейін халық өздері бағалап, егер тиімді деп шешсе, онда біртіндеп соған көшеді немесе одан бас тартады. Демек, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік өндіріс саласындағы корпоративтік басқаруды құру үдерісін жеделдету үшін басқарудың мемлекеттік жүйесін белгілі бір модель бойынша осы әрекетке мақсатталған бір ізділік пен кезеңділік ретінде қарастырылуы қажет. Содан соң корпорацияға қатысушылардың барлығының мүддесінің балансын сақтауға байланысты мемлекеттік заңнамалық базаны біршама жақсарту керек [3].

Қазіргі кезде Қазақстан үшін ұлттық корпоративтік басқарудың жүйесін қалыптастырудың мынадай моделі тиімді болуы мүмкін, яғни әрбір нақты жағдайда корпорациялар өздері үшін өздерінің басқару деңгейін анықтап қана қоймайды, сонымен бірге олардың қызметін де айқындайды. Мұндай жағдайда кеңес беретін бір ғана жайт, бұл – мемлекеттің жеке меншігін иеленген және мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық мақсаты сақталатын мемлекеттік басқару жүйесінің қызметін ғана қалдыратын корпорациялардағы мемлекеттің рөлін төмендету, себебі, акционерлер санының кеңейтілуі осы үдерістің оң және теріс тұстарын байқатуы мүмкін.

Демек, Қазақстан қазіргі кезде өзінің корпоративтік басқаруының ұлттық моделін жеке жағдайдағы айрықша тұрғысынан жақсартып қана қоймай, сонымен бірге халықтың көп бөлігінің акционерлер ретінде қатысу әдісінің кеңейтілу әдістерін зерттеуі тиіс. Өйткені оның көмегімен елдегі корпоративтік басқару қосымша дамып, өз тиімділігін арттырады. Қазақстан Заңнамасы бойынша ұсақ фермерлік шаруашылықтардың түрлі формада бірігуінің мүмкіндіктері бекітілген: толық серіктестік, командитті серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілікті серіктестік түріндегі кооператив және т.б.

Ұсақ шаруа (фермерлік) қожалықтары ауылшаруашылық өндірісіндегі кооперация принципіне біріктірудің артықшылығы оның кооперативке еркін енуін қарастырады және одан жеке мүшелердің шығуы, демократиялық негіздегі басқарудың құрылуы, барлық мүшелердің әлеуметтік жағдайына байланыссыз қатысуы, саяси көзқарас пен сену, пайлық капиталдың қатаң есебі, табыстың әділ бөлінуі және бірлескен еңбектің нәтижесі. Аталған принциптің негізгі кемшілігі кооператив қатысушыларына өз еңбектерінің нәтижесіне салынған пай көлеміне байланысты емес, өзінің барлық мүлігіне қатысты жауапкершілік артылған. Мұндай кемшіліктің болуы Қазақстанның ауылшаруашылығындағы кооперативтік қызметтің дамуы үшін кедергі келтіреді, сондықтан, аталған бағытта мемлекеттің заңнамасын жақсарту қажет. Негізгі ресурс сапасы мен құнарлығы тұрғысынан түрлі сипатта болатын, көлемді аймақтарда құнарландырылуын талап ететін жер болып табылатын ауылшаруашылық айрықшалығын да ескеру керек. Негізінен, жалғыз адам немесе бір отбасы, тіпті аз ғана адамдардан құралған топтың өзіне де жерді

қарау қиынға соғады. Мұның өзі олардың корпорация дамуының ұлттық моделі ретінде бірігуінің белгілі бір түрінің негізі бола алады [4].

Мал шаруашылығында ауылшаруашылық еңбек анағұрлым көп жекешеленеді, бірақ оның мұндай тиімділігі есебінен арттыру күрделі, мал бағу технологиясын жетілдіруге әсерін тигізеді, бұл үдеріске ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері енгізілмейді. Мұны жеке дара жүзеге асыру қиынға соғады, сондықтан аталған үдерістерді адамдардың күштерін біріктіру арқылы ұйымдастыру біршама жеңілдейді. Мал санының көп мөлшерде өндірілу қажеттілігінің жиынтығын ескеретін болсақ, онда аз еңбек ұжымы арқылы оны жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл да ұсақ шаруашылықтардың біртұтас еңбектік мал шаруашылық бірлестік құруға негіз болуы керек. Демек, осындай модель бойынша ауылшаруашылық өндірісі үшін корпоративтік басқаруды ұйымдастыру Қазақстан үшін аса қажеттілік болып табылады. Бірақ ол реформалардың мынадай кезеңдерін көрсетеді, алдыңғы кезең тұтастай аяқталмайынша, келесі кезеңді қалыптастыру мүмкін болмайды. Ал енді ғана өздерін меншік иесі ретінде сезіне бастаған ауыл еңбекшілері жоғарыда аталған мұндай бірлестікке деген қажеттілікті аса сезіне қоймады. Бұл күрделі психологиялық үдерістің нәтижесі - белгілі бір уақыт пен белгілі бір дағды, тәжірибе мен біліктіліктің жинақталуын талап етеді. Бірлестікке деген қажеттілік тез арада өтпейді. Ол өз әлеуеттілігінің эволюциялық жинақталуын және жағдайды қайта ұғынуды талап етеді. Бұл ҚР АӨК-дегі корпоративтік басқарудың ұлттық үлгісін құру туралы ережені ұсақ шаруашылықтардың Қазақстанның аграрлы саласындағы белгілі бір кезекті кезеңнің қалыптасуы ретіндегі кооперативтік одақтарға бірігуін анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған ұлттық модель қазіргі кезде негізгі модель ретінде құрылуы керек, өйткені олардың жоғары тиімділікке қол жеткізуін ұғыну шамасы бойынша біртіндеп қауымдастықтың анағұрлым ірі түрлеріне көшуді жүзеге асыру мүмкіндігін қалыптастырады. Олардың көлемі ұсақ тауарлы ауылшаруашылық өндірісіне қарағанда біршама үлкен болуы біріккен қызметтің пайдылылығын сезіну үшін база құрады.

ҚР АӨК-дегі корпоративтік басқарудың ұлттық моделін құру бұл - акционерлік қоғамды басқару жүйесінің қалыптасу мәні. Қазақстан корпорацияны дамытуда өзінің ұлттық моделін жақсартуда аталған үдерістің жаһандық экономикада жинақталған шетелдік тәжірибесін ескерген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Россинский В.И. Основы корпоративного управления : учеб.пособие / В.И.Россинский. - Ростов н/Д : Сибирское соглашение, 2006. – 453 с.
- 2 Корпоративтік басқару. Қазақстандық мазмұн : ЖОО бакалавриат және магистратура студ. арналған оқу құралы / Т.Иссык. – Алматы : 2010. – 384 б.
- 3 Нургабылов М.Н. Аграрлық секторда корпоративтік басқарудың негізгі даму тенденциялары // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – 2011. №3.
- 4 Основы антикризисного управления предприятиями : учеб. пособ. / ред. Н.Н.Кожевникова. – 2-е изд., стер. – М. : Академия, 2007 – 496 с.

РЕЗЮМЕ

Рассмотрены вопросы развития корпоративного управления в аграрном секторе, особенности и пути улучшения корпоративного управления в современных условиях, сравнительная характеристика корпоративного управления за рубежом и в Казахстане.

RESUME

Article studies the issues of corporate management in the agricultural sector, features and ways of improving corporate management in modern conditions, comparative characteristics of corporate management abroad and in Kazakhstan.

Ә. Ә. Телеубаева, БМД-41 тобының студенті

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Жеке кәсіпорынның қаржылық шаруашылық қызметінің экономикалық көрсеткіштері мақалада келтірілген. Барлық мәліметтер толық көрсетілген.

Түйін сөздер: *Логистиканың негізгі міндеттері, «CTCS Logistics» ЖШС, жеке кәсіпорын, қаржылық шаруашылық қызметі, экономикалық көрсеткіштері.*

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен инновациялық серпілістің жаңа кезеңіне аяқ басты. Сонымен қатар еліміз экономикалық үрдістерге сай дамып келе жатқан озық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, өндірісті, соның ішінде экономиканың нақты секторын тандап алды.

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және қоғамдық өмірінде өтіп жатқан іргелі өзгерістер кәсіпорындардың шаруашылық іскерліктің жаңа жолдарын қарастырумен қатар, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуде бірқатар маңызды мәселелердің шешімін табуын талап етеді. Солардың бірі ретінде маркетинг жүйесінің қалыптасуын атап өтуге болады. Бұл үшін осы жүйе қызметін талдау және өнімді өткізуді кәсіпорынның өндірістік - өткізу қызметінде қолдану технологиясын әзірлеу қажет.

Кәсіпорын күнкөрісін қамтамасыздандыру үшін басқару персоналына бәрінен бұрын өз кәсіпорнының, сонымен қатар потенциалды бәсекелестерінің қызмет етуінің тиімділігінің дәрежесін бағалай білу керек.

Қазіргі кезде өнімді өткізу кәсіпорындардың шаруашылық қызметін жоспарлау, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың барлық жақтарын қамтуы тиіс. Бұл жағдай осы заманғы маркетингтің ролі мен маңызы туралы көзқарастарға сәйкес келеді.

Мақала жазу барысында негізгі объект ретінде «CTCS Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі алынып отыр. Кәсіпорынның негізгі мақсаты-логистикалық қызмет көрсетіп, соның негізінде табыс табу болып табылады.

Бұл орайда кәсіпорындар өндірістік, ағымдағы басқару ісінде стратегиялық басқару тәсілдерін, амалдарын, принциптерін кең қолданылулары қажет. Ол үшін мақсат, міндеттер белгілеуде ресурстарды пайдалануда ұтымды стратегиялық талдаулар, ішкі- сыртқы мүмкіндіктер, қауіпті - басым күштер анықталынып, бағаланып ұжым мүмкіндіктері бірімен- бірі ұштастырылуы қажет.

Мақсаты - кәсіпорынды басқаруды белгілі бір деңгейде ұйымдастыру. Бұл мақсатқа жету үшін келесідей талаптар қойылды:

- өндірістік басқару бойынша теориялық негіздермен танысу
- кәсіпорынға ұйымдық- экономикалық мінездеме беру
- өндірісті басқаруын ұйымдастыру бойынша талдау беру

Өндірістік тәжірибенің есебін жазу барысында отандық ғалымдардың шетел ғалымдары еңбектері негіз болды.

Сонымен қатар ғылыми әдістемелік негіз ретінде серіктестіктің Жарғысы мен үш жылдық есебі алынды.

Объект логистикалық кәсіпорын «CTCS Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестік болды, бұл кәсіпорын жүк тасымалдау мен көлік құралдарын жалға алу

саласында жұмыс істейді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - дегеніміз бір немесе бірнеше адам құрған жарғылық капиталы құрылтай құжаттармен белгіленген мөлшерді үлеске бөлінген серіктестік түрі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері шегінде тәуекел етеді [1].

«CTCS Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2007 жылы 4 қаңтарда құрылған. 2007 жылы 21 қыркүйекте Бизнес сәйкестендіру нөмірін алып, Атырау қаласында Әділет департаментінде тіркеуден өтті. CTCS Logistics Қазақстан Республикасының аумағында Республика резиденттері салымдарының негізінде құрылған, осылайша қызметі әр түрлі логистикалық тізбелерді жүзеге асырып және басқаруға бағытталған 100 пайызды Қазақстандық кәсіпорын болып табылады.

Логистикалық есептерді шешудің тәсілдері, жүйелері мен амалдары сан түрлі болғанымен, кәсіпорынның мақсаты қызметтің нәтижелігі мен тиімділігін бір мезгілде барынша көбейту барысында жалпы шығындарды оңтайландыру шартымен клиенттердің сұраныстарын қанағаттандыру болып табылады. «CTCS Logistics» ЖШС-гі Қазақстан Республикасының заңдарына сай заңды тұлға болып табылады.

Серіктестік қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 аспайтын және бір жылға активтерінің жалпы құны айлық есептік көрсеткіштің 60 мың еселенген мөлшерінен жоғары емес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады. Серіктестіктің жарғылық қоры 111000 теңгені құрайды, бұл құрылтайшы -ның өзінің ақшасы негізінде жиналып, серіктестік меншігіне беріледі. Серіктестіктің жарғылық капиталына жарна ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және парасатты қызмет нәтижесіне құқық және өзге мүлік болуы мүмкін.

Құрылтайшы жарғылық капиталға өзінің жарнасы көлемінде серіктестіктің міндеттерімен жауапты болатын жеке тұлға болып табылады. Серіктестік өзінің міндеттерімен барлық мүлкіне жауап апарды. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен кейін, жеке меншік құқығы бар, жарғысы, республикалық және шетелдік банктік шоттары бар, өзінің мөрі және басқа да реквизиттері бар заңды тұлға болып табылады.

Серіктестік өзінің қызметін толық шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырады. Республикада және шет елде өз атынан келісім-шартқа отыруды жүзеге асырады, мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болып, жауапкершілік апарды, сотта жауап тартушы және жауап апарушы ретінде қатысады.

Серіктестікті құру және қызмет атқарудың мақсаты өндірілген өнім, атқарылған жұмыс, көрсетілген қызметке қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және алынатын таза табыс негізінде кәсіпорын жұмысшылары мен құрылтайшыларының экономикалық және әлеуметтік мүдделерін жүзеге асыру болып табылады [2].

Серіктестік келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады: өндірістік, сауда-саттық, делдалдық-коммерциялық, олар өз кезегінде келесілерді жатқызады:

- металдық құрылғылар, визуалды және түстік жарнаманы дайындау, құру жұмыстары және монтаж;
- жарнамалық өнімді шығару, символдарды шығару, фирмалық белгілер, дизайнерлік құру жұмыстары;
- баспашылық қызмет, полиграфиялық және баспа өнімдерін шығару;
- қоғамдық тұтыну тауарлар өндірісі, өндірістік-техникалық тауарлар өндірісі;
- өндірістік-техникалық өнімдерді сату, сатып алу бойынша коммерциялық қызметті атқару.

Бұған шикізат, материалдар, құрал-жабдықтар, техника, жанармай, қоғамдық тауарлар, өнімдер жатады.

- сауда-саттық қызмет;

- әр түрлі өндірістік-техникалық бағыттағы өнімдерді көтерме және бөлшек сауданы жүргізу, ұйымдастыру.

Бұған шикізат, материалдар, қоғамдық тұтыну тауарлары, әр түрлі тауарлар, өнімдер, автокөліктік құралдар мен механизмдерді айырбастау және делдалдық операцияларды жүргізу;

- делдалдық және жабдықтау қызметі;
- өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы келісімдік қатынастарды қалыптастыру, маркетинг, менеджмент;
- жарнама-ақпараттық қызмет.

Серіктестік қызметінің мақсаты өз клиенттерін қанағаттандыру болып табылады. «CTCS Logistics» ЖШС бас кеңсесі Ақтау қаласында, ал оның филиалдары Атырау, Орал, Ақсай қаларында орналасқан.

Сонымен қатар кәсіпорынның өзіне тән мөрі, есеп айырысу шоты, жарғысы қалыптасқан.

Кәсіпорын республикаішілік, экспорт –импорт және транзит жүктерін жеке және жалға алған жылжымалы құрам арқылы көлік-экспедиторлық қызмет көрсету түрлерін жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда кәсіпорын 377 вагоннан тұратын паркке ие болса, соның 280 вагон-цистернасы мұнай мен мұнай өнімдерін, 97 жартылай ашық вагоны сусымалы жүктерді тасымалдауға арналған

Халықаралық логистика мен жүк ағымын ұйымдастыру саласында бекем білімге ие болған компания мамандары стандарттан тыс, қауіпті, габаритсіз және тым ауыр жүктерді тасымалдау сервисін ұсынады.

Кәсіпорын Қазақстан, ТМД елдері мен Еуропа одағындағы теміржол тасымалы, әуе тасымалы, теңіз, көлік-экспедиторлық қызметтің барлық түрін қамтиды. Оларға:

- Оңтайлы логистикалық бағыт әзірлеу мен тасымалды ұйымдастыру бойынша ақыл-кеңес беру;

- ҚР, ТМД және Балтық елдеріндегі теміржол тарифтерін есептеу;
- Тапсырыс беруші мен жүкті жөнелтушілерге жеделхат пен нұсқау беру;
- Жүктерді кедендік рәсімдеу және өңдеу;
- Тасымалдануға шығарылған жүктерді қабылдап алу және жөнелту;
- Қазақстан Республикасы, экспорт-импорттық және транзиттік бағыттар тасымалының негізгі және қосымша жоспарын келістіру жұмыстарына жәрдем беру;

- Вагондардың қайда тұрғандығы жайлы ақпарат және вагондардың келу болжамын жасау қызметі кіреді [3].

Логистикалық кәсіпорындар шартты түрде 3 санатқа бөлінеді, «CTCS Logistics» ЖШС үшінші сатысына (3 PL) тиесілі болып келеді.

1 PL – кәсіпорынның қызметтерінің бір бөлігі шектеулі болып келеді. Мысалы, тек тасымалдауға, немесе тек қоймаға немесе тек кедендік операцияларды жүзеге асыруы мүмкін.

2 PL- кәсіпорын қызметінің кең ауқымын қамтитын операциялардың толық спектірін ұйымдастыруға қабілетті, бірақ қалай болғанда өз қызметін аймақ, ел және көлік құралдарының түрлерімен шектейді.

3 PL- кәсіпорын сұраныстың кез келген түрін пайдалана отырып, толық және жан жақты клиенттерге қызмет көрсету мәселесін шешуге қабілетті. Оның логистикалық өкілеттігі шегінде кез келген тапсырманы орындау, тауарлар мен көлік құралдарын сақтауды және өңдеуді ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

Келесі 1-кестеде «CTCS Logistics» ЖШС-ның қаржылық шаруашылық қызметінің экономикалық көрсеткіштері келтірілген.

Кесте 1 - «СТС Logistics» ЖШС-ның қаржылық шаруашылық қызметінің экономикалық көрсеткіштері (мың тг)

№	Көрсеткіштер	2012 ж.	2013ж.	2014ж.	2014/2012.%
1	Қызмет көрсету және орындалған жұмыстарды жүзеге асыру(табыс)	363290	38113	419255	115,4
2	Қызмет көрсету мен жұмысты жүзеге асыруға байланысты материалдық шығын	261231	272050	283116	108,3
3	Пайда (+); (-)	221862	235886	252384	113,7
4	Еңбек өнімділігі	5862	6015	6187	105,5
5	Еңбекке төлеу қоры	348693	366759	381257	109,3
6	Жұмысшылардың орташа айлық еңбек ақысы	69890	70804	72516	103,7
7	Рентабельдік деңгейі, %	85%	86,7%	89,1%	104,8

Келтірілген кесте 1 бойынша, «СТС Logistics» ЖШС-ның қаржылық шаруашылық қызметінің 2012 ж.-2014 ж. аралығындағы экономикалық көрсеткіштеріне қорытынды талдау жүргізетін болсақ, қызмет көрсету және орындалған жұмыстарды жүзеге асыру көрсеткіші бойынша 2012 жылы 363290 мың теңгені құраса, 2014 жылы 419255 мың теңгеге көтерілген, яғни 115,4% -ға өсті.

Осу себебі коммерциялық ұйымдарды тасымалдаудан, жолаушы тасымалынан және жүк тасымалданатын қызметтер көрсетуде жүзеге асыруға болады.

Логистиканың негізгі міндеттері:

- тауарлардың тасымалдануын қамтамасыз ету.
- жүк тасымалдау шығындарын ықшамдау.
- жүкті тасымалдау бойынша ең тиімді бағыттарын табу.
- экспедиторды іздеу және таңдау.
- жеткізуді жоспарлау.
- кеденнен өту.
- контейнермен тасымалдау кезінде жүкті жеткізудің тиімді сызбасын қамтамасыз ету және т.б.

Қызметтер спектрі:

- жүктерді тасымалдау.
- жүкті сақтандыру.
- қоймалық қызметтер.
- халықаралық тасымалдау.

Кәсіпорынның тиімді қызмет жасауы қаржылық нәтижесі көрсеткіштерін сапалы талдап, келешекке жоспар жасауға тікелей байланысты. Кәсіпорынның

қаржылық талдау сапасы өолданатын әдіс тәсілдер мен тандау деректерінің нақтылығына тәуелді.

Қызмет көрсету мен жұмысты жүзеге асыруға байланысты материалдық шығын бойынша 2012 жылы 261231 мың теңге құрады, ал 2014 жылы 28116 мың теңгеге өскенін көріп отырмыз, базалық жылмен салыстырғанда 113,7%-ға өскенін көрсетті, яғни бұл жүк тасымалы мен транзиттік тасымал көлемінің өсуіне байланысты.

Еңбек өнімділігі көрсеткіші бойынша базалық жылмен салыстырғанда есепті жылы 105,5%-ға өсті. Бұл жаңа құралдар мен диагностикалық жүйесінің жаңару базасына және 14 жұмысшының көбеюіне байланысты. Еңбекке төлеу қоры 2012 жылы 348693 мың теңге, әр жылы 381257 мың теңге, яғни 2014 жылды 2012 жылмен салыстырғанда 109,3 %-ға өсті. Бұлай өсу 2012 ж. 1 шілдеден 13,3% -ға, 2013 ж. 1 желтоқсаннан бастап, 5 пайызға жалақының өскенінен, сондай ақ разьездегі кезекшілер штатын жинақтағаннан болды.

Қорыта келе, рентабельдік деңгейі 2012 жылы бұл көрсеткіш 85%-ды құраса, ал жылы ды құрады. Базалық жылмен салыстырғанда есепті жылы ға өсті. Көрсеткіштің мұндай өзгеруіне әсер еткен қызмет көрсету және орындалған жұмыстарды жүзеге асырудан түскен табыс көлемінің 2014 жылда өсуін жатқызуға болады [4].

«CTCS Logistics» ЖШС-нің жағдайын талдау негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады. Серіктестік іс қызметінің негізгі мақсаты болып табыс табу болып табылады. «CTCS Logistics» ЖШС-нің қаржылық жұмысы кәсіпорынның шаруашылық іс қызметі негіздерімен байланысты белгілі бір принциптерде тұрғызылады: шаруашылық дербестік, өзін өзі өаржыландыру, материалдық жауапкершілік, қаржылық резервтермен қамтамасыз ету.

Шаруашылық субъектісі ретінде «CTCS Logistics» ЖШС-нің экономикалық іс қызмет сферасын, өаржыландыру қызметін, пайда табу мақсатында ақша қаражаттарын салу бағыттарын, капитал салымының жаңа саласын іздеуді анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР «Жауапкершілігі қосымша және шектеулі серіктестіктер» туралы заңы - 1999, 182 б.
- 2 Рахымбаев А.Б. Менеджмент: оқу құралы / А.Б. Рахымбаев - Алматы: Заң әдебиеті, 2010.-149 б.
- 3 Бердалиев К.Б. Стратегиялық менеджмент / К.Б. Бердалиев –Алматы, 2004,- 100 б.
- 4 Рахметов Б.А. Персоналды басқару: оқу құралы / Б.А. Рахметов - Алматы: Экономика, 2010.-288 б.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены экономические показатели финансово хозяйственных услуг частного предприятия. Все данные полностью показаны.

Өзектілігі. Басқа да салалар үшін мұнай шламдарын шикізат ретінде рационалды пайдалануға болады, бірақ экологиялық және экономикалық жағын ұмытпауымыз керек[6]. Мұнда өндіріс процесінде арнайы жабдықтар мен мұнай шламын залалсыздандыру үшін қосымша энергия қажет етілмейді.

Мұнай шламдарының ең кең қолдану бағыттарының бірі жол жұмыстары, олар асфальт қоспасы ретінде пайдаланылып, байланыстырушы компонент ретінде сапасын арттырады.

Екінші орында көлемі бойынша мұнай шламдарын шикізат ретінде құрылыс материалдарын өндіруде пайдалану болып табылады.

Осылайша, мұнай шламын «Эконафт» препаратымен бейтараптандыру, оның асфальт құймаларына қоспа ретінде, сондай-ақ автомобиль жолдарын құрылымдық компоненттері ретінде, гидроокшаулағыш және жол қабаттарының бетіне қосымша ретінде пайдалануға болады.

Мұнай шламдары сондай-ақ битум байланыстырғыш материалдар өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін [7].

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өнімдерін өндегенде ағынды қатты сулар пайда болады. Осы ағынды суларды тазарту үшін алдымен негізгі компоненттерді болу керек: мұнай, су мен қатты заттарды.

Алдын ала талдауда мұнай шламдарын кәдеге жаратудың қолданыстағы ең тиімді әдістерін жарату қорытындысына келсек, мұнай шламдарын өңдеу мен кәдеге жарату – бұл экологиялық және экономикалық жағынан басты тапсырма болып табылады.

Қазіргі уақытта мұнай шламын нақты кәдеге жарататын, қайта өңдейтін технология жоқтың қасы деуге болады, бірақ кез келген технология алдын-ала дайындау (сусыздандыру мен қатты көму) және тікелей өндеуден тұрады.

Алайда, қазірдің өзінде мұнай шламын кәдеге жарату нәтижесінде пайдалы өнімдер дайындалып жатыр: коммерциялық мұнай, жылыту қондырғылары үшін отын, кейбір құрылыс материалдары.

Жол құрылысында мұнай қалдықтарын және қатты қалдықтарды қалпына келтіру және залалсыздандыру үшін пайдаланылатын арнайы құрал-жабдықтар мен технологиялар бар [8].

РФ Мемлекеттік Дума комитеті төрағасының аграрлық-өндірістік саясат және табиғатты пайдалану бойынша бірінші орынбасары Ралифа Сафин мұнай қалдықтарын коммерциялық түрде сату, шет елге шығару және ғылыми түрде қайта өңдеу үшін мұнай шламын кәдеге жарату жолында заң аясында мақсатты бағытта жұмыстану керек деп тұжырымдайды.

Осы айтылған мәселелерді ескере отырып мұнай шламын пайдаланатын 3 негізгі бағытты көрсетуге болады:

1. Жылыту қондырғыларына отын ретінде;

2. Профилактикалық майлау және отын компоненттері ретінде;

3. Энергияны көп қажет ететін құрылыс материалдары технологиясында энергияның тиімділігін арттыру мақсатында мұнай шламын қайта өңдеу негізінде энергия шығарғыш отандық жасау. Бұл технологияны іскеасыру барысында мұнай өңдеудегі қалдықтар кәдеге жаратылып, газ, көмір, дизельді жанармай үнемделеліп тиімді жылуоқшаулағыш материалдар алынады

Мұндай өндіріс салаларына керамикалық кірпіш, керамзит, аглопорит, әк және цемент өндіру кіреді.

Пайдаланылған саз компоненті ретінде (БҚО) Шаған кенорнының лесті сазы алынды. Оның химиялық құрамы 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1 - Ормандық саздақтың химиялық құрамы

Шикізат материалдар	Оксидтің құрамы, масс %									
	SiO ₂	Al ₂ O ₃	CaO	MgO	Fe ₂ O ₃	P ₂ O ₅	F	SO ₃	Na ₂ O	п.п.п
Орманды саздақ	52,58	12,25	12,0	2,13	5,10	-	-	2,57	3,60	9,78

Мұнайалу компаниясынан «Жайықмұнай» ЖШС (Орал қ.) қоспа ретінде мынадай сипаттамалары бар мұнай шламы пайдаланылатын:

-дәстүрлі тұтқырлығы бойынша 80°C - 2,11;

-тығыздығы бойынша 20°C, - 960 кг/ м³;

-мұнай мазмұны 34,5 – 37.6 % мас.,

-су мазмұны – 48-56,4 % мас;

-механикалық қоспалар 4,3- 4,6 % мас.;

Сондай-ақ, мұнай шламдарында табиғи эмульгаторлар бар - шайыр, асфальтен, жоғары балқу парафині.

Жұмыс мақсаты. Менің зерттеу жұмысымның мақсаты мұнай шламын қабырға керамикалық кірпіші технологиясында модифицирлеуші және отынқұрамдас компонент ретінде пайдалану.

Зерттеу әдістері. Зерттеу процесі үшін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жанындағы «Инжиниринг және ресурстарды үнемдеу» ҒЗИ-ның сынау зертханасы, Д.Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан

мемлекеттік техникалық университетіндегі «Іргетас» инженерлік профильдегі зертханасы және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіндегі «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасы пайдаланылды.

Сазды уату үшін ДЩ 80×150 маркалы зертханалық жақты ұсақтағыш және зертханалық МШЛ 250х100 маркалы шарлы диірмен қолданылды. Бұл ұсақтағыштарда саз ұнтақ түрге дейін уатылып, саңылауы 1 мм-лік електен өткізілді.

Орал қаласындағы «ЖайықМұнай» ЖШС-ндегі резервуарлардың түбін қырып әкелінген мұнай шламы механикалық түрде біркелкі араластырылды.

Аз көлемдегі мұнай шламы жоғарлы тұтқырлы жағдайда көп көлемдегі сазбен бірден араласып кетпегендіктен, капилярлы-кеуек коллоидты түрінде лесті саз – мұнай шламы 3:1 қатынасында конгломерат қоспасы дайындалды.

Кремнийлі және сазды материалдардан дайындалған үлгілердің жылуөткізгіштігін анықтау ИТП-МГ-4 «ЗОНД» құрылғысында анықталды.

Бұл технологиялық операция негізінде нефтешлам 12-15 % ылғалдылықтағы себілетін конгломерат түрінде шығады. Ал конгломератты негізгі массаға мөлшерлеп салу, біркелкі жайылып бөліну және араластыруға өте ыңғайлы.

Дайындалған шикі компоненттерді мөлшерлеп салып 2-ші кестеде келтірілген қоспаларды алдық.

Кесте 2 - Керамикалық композицияның құрамдас құрамы


№ Құрамдар	Құрамдастар, мас. %	
	Орманды саздақ	Мұнай қалдығы мен конгломераттықоспа
1	50	5,0
2	40	7,0
3	30	10,0
4	20	15,0
5	10	20,0

Зерттелген қоспадан 20-22% ылғалдылықты керамикалық масса қалыптаулар жасалған. Содан кейін, пластикалық қалыптау әдісімен цилиндр диаметрі және биіктігі 50 мм үлгілері дайындалды. Құйылған үлгілері 7-8% қалдық ылғал бойынша 75-85⁰С температурада пеште кептірілді. Кептірілген үлгілері СНОЛ 80/12 электр пешінде арнайы әзірленген режим бойынша шығарылды. Термоөңделген цилиндрлі үлгілер физикалық-механикалық қасиеттер және микроскопиялық құрылымдық талдау анықталуы үшін сыналды. Эксперименттік нәтижелер 3-кестеде көрсетілді.

Кесте 3- үлгілердің физикалық және механикалық қасиеттері

№ С	Экспрес тәсіліндегі кептіру сезімталдығы бойынша коэффициент Чиж ского, сек.	Күйдіру температур асы, °С	Орташа тығызд ығы кг/м ³	Сығыл уға берікті гі, МПа	Иілуге бекікті гі, МПа	Жылу қаттылы ғы Вт/м.К	Су сіңіргішт ігі, %
1	110	950± 20	1450	11,7	5,4	0,38	22,8
2	125		1440	11,2	5,1	00,36	23,6
3	142		1430	11,1	4,8	0,34	25,1
4	157		1420	10,8	4,5	00,32	26,4
5	170		1370	10,4	4,3	00,3	28,2

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей мұнай шламын бар конгломератының мазмұны артуына, орманды саздақтың азайтуына байланысты орташа тығыздығы 1450-тан 1370 кг/м³-ге дейін төмендейді. Бұл үлгілердің кеуектілігі артуын көрсете отырып, жылумен өңделген үлгілердің су сіңіру жылдамдығын нәтижесінде артты. Төмен орташа тығыздық №4 және 5 құрамда қарқынды байқалады және 1420 - 1370 кг / м аясында болды. Ұқсас өзгерістер жылу өткізгіштігі және сығу күші және иілу күші болғанда пайда болады. Сондай-ақ, беріктік пен жылу өткізгіштігі ең төменгі мәндері №4 және 5 құрамында байқалады, сонымен қатар сығу және иілу беріктігі осы құрамдарда 10,4- 10,8 МПа шегінде тұр және жылу өткізгіштігі 0,3 0,32 Вт / м.К тең. Конгломератты қоспаның және мұнай шламдарның артуымен байланысты бірінші сызаттар пайда болу уақыты көбееді, яғни 110 секунд уақыт мөлшерін 170 секундқа дейін арттыруы, сонда мұнай мазмұнымен керамикалық құрамды кептіру үшін сезімталдықтың төмендеуін көрсете отырып, атап өткен жөн. Қоспасыз және мұнай шламы бар конгломератты қоспалы үлгілердің (1-сурет) сынамалы микроскопиялық құрылымдық жылумен өңделген талдау соңғы үлгілерде айтарлықтай микрокеуектіліктің өсуі анық байқалды. Бұл тағы да келесі микрокеукті структуралы үлгінің пайда болуы жану барысындағы мұнай шламы конгломератының барлық органикалық қалдықтары толық жануын растайды.



а) б)
Сурет 1 - 950 °C температура кезіндегі керамикалық үлгілерді күйдірудегі микроқұрылымы. (220-230 артуы)

- а) қоспасыз керамикалық үлгідегі микроқұрылым;
- б) мұнай шламын бар конгломератының қосылған керамикалық сынамалардың микроқұрылымы.

Нәтижелер және талқылау. Эксперименттік нәтижелердің жалпы талдауы мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

-Орташа тығыздықтың төмендеуі мен беріктіктің сығылудағы және иілудегі линиялық заңдылық берілетін сусіңіргіштік көрсеткіштерінің көтерілуімен және жылумен өңделген үлгілердің жылуөткізгіштік коэффициентінің төмендеуі конгломератты қоспаның мұнай шламымен уақкеуекті керамикалық құмыра тәріздес құрылымды қалыптастырудағы жануына дәлел болады.

- Маңызды кеуектілігі керамикалық құмыраға қарамастан оның үлгілерінің күш сипаттамалары МЕСТ 530-2012 "кірпіш және керамикалық тастар. Жалпы техникалық шарттар" деңгейінде, яғни керамикалық массаның күйдірудегі конгломератты қоспасының мұнай шламы оң әсері көрсетеді;

- кептіру үшін сезімталдық коэффициентін эксперименттік параметрлері мұнай шламдары қоспасымен конгломератының дәлелі ретінде керамикалық массаны кептіру процесіне оң әсер етеді;

- Конгломератты қоспаның мұнай шламымен керамикалық массаға қосылуы беттік белсенді заттар (ББЗ) ретінде қызмет ету, олардың құрамында эмульгаторлар

ретіндегі табиғи құрамының - шайыр, асфальтендер және балку температурасы жоғары парафиндер, яғни жабдықтарды қалыптастырудағы жұмысты жеңілдетуге мүмкіндік береді, қалыпты массаның свильді түрде қалыптасуын жояды, сонымен қатар қалыпталған өнімдерді сызатсыз және құмсыз алуына кепілдік береді.

Біздің ойымызша, шикізат құрамын термоөндеу кезінде келесі процестер орындалады:

- Өнімдегі мұнай қалдықтарының жану процессі өнімнің орталық және беткі қабатында температура арасындағы айырмашылық азайтады, яғни өнімнің қабыстыру (күйдіріп пісіру) белсенділік процесін күшейтеді;

- мұнай шламының іштен жануы нәтижесінде күйдіру ұзақтығы қысқартылады, себебі дәстүрлі технологиясы бойынша құйылған керамикалық кірпішке қарағанда жаңа дәл қазір құйылған шикізат тез күйдіріледі;

- Мұнай шламының жануына байланысты пештің ішіндегі қоршаған ортаның температурасы артады, яғни жану кезеңінде энергия шығынын азайтады;

- орманды саздақтың шағын бөлшектері мен шламның құрамындағы майда механикалық қоспалардың өзара нәтижесінде төмен температурадағы шыны фаза кезеңі оңай балқытын эвтектика қалыптасуына ықпал етеді.

Нәтижесінде алынған керамикалық құмыра құрылымы кристалдық-әйнек фазалардың жақтауының кеуекті микроқұрылымын күшейтілген күйеженің тектелген жақтауы дайын өнімнің күйдіру температурасын төмендетуіне, беріктік қасиетін сақтай отырып орташа тығыздығы және жылу өткізгіштігіне ықпал етеді. Осылайша, біз қабырға керамика өндіру технологиясында қуат бөлгіш және модификациялаушы компоненті ретінде мұнай шламын принципіалды пайдалану мүмкіндігі дәлелденді. Бұл дайын өнімнің қалдықты пайдалану арқылы шығарылу мен өңделуі тек экономикалық пайда емес, сонымен қатар экологиялық пайдаға қол жеткізуге болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Материалы международного форума Нефтяной шлам: как превратить отходы в доходы. «Новые технологии переработки нефтяных отходов и рекультивации загрязненных земель». Москва 18 июня 2012 - с.65–69.

2 Миннигалимов Р.З., Нафикова Р.А. Методика расчета характеристик процесса разделения нефтяных шламов в поле центробежных сил. // В сб. научн.тр. Технологии нефтегазового дела. Уфа: Изд-во УГНТУ. - 2007. - с. 161-166.

3 Kizinievič, Olga [Kizinievic, Olga]; Žurauskienė, Ramunė [Zurauskiene, Ramunė]; Mačiulaitis, Romualdas [Maciulaitis, Romualdas]; Kičaitė, Asta [Kicaite, Asta]. Study of the technogenical raw materials (catalyst) of the oil industry and possibility to utilize them in the constructional ceramics production Olga Kizinievic, Ramunė Zurauskiene, Romualdas Maciulaitis, Asta Kicaite // The 7th International conference "Environmental engineering" [elektroninis išteklis]. May 22-23, 2008 Vilnius, Lithuania : proceedings [CD]. Vilnius : Technika, 2008. ISBN 9789955282563. p. [1-7].

4 Fakhfakh.E., Hadzhadzi. Century, Medhioub.M. Effects of sand In addition on production of light fillers from Tunisia the smektitovykh of rich clay breeds // Applied Science Knitting // Release 3 - 4, 2007, page 228 – 237.

5 Gonzalez-Korrochano. B., Alonso-azcarate.J. Productions the gegkikh of fillers from mountain and industrial wastes // Magazine of ecological management. Tom 90, release 8, 2009, page 2801 – 2812.

6 Инновационный патент № 29517 от 23.01.2015 г. «Способ получения стеновой керамики» Монтаев С.А., Бисенов К.А., Таскалиева А.Т., и др.

7 Миннигалимов Р.З., Нафикова Р.А. Современные пути решения проблем переработки шламов в нефтедобыче и в переработке. // В сб. научн.тр. Технологии нефтегазового дела. Уфа: Изд-во УГНТУ. 2007. - с. 166 - 171.

8 Магид А.Б., Купцов А.В., Шайбаков Р.А. «Технологические процессы переработки нефтешламов» // Вестник АТИНГ, 2005г., № 6-7 – с. 82 - 86.

РЕЗЮМЕ

Приведены результаты экспериментальных исследований по разработке композиционной добавки с использованием нефтяных шламов для производства эффективной стеновой керамики. Установлена возможность получения качественной стеновой керамики с пониженными энергетическими затратами по ресурсосберегающей технологии за счет использования конгломератной композиции на основе нефтешламов. Добавка конгломератной смеси с нефтешламом в керамическую массу служит в качестве поверхностно активных веществ (ПАВ) благодаря содержанию в них природных эмульгаторов в виде- смол, асфальтенов и высокоплавких парафинов, что позволяет облегчить работу формующего оборудования и исключает свильеобразование формовочной массы и гарантирует получение отформованных изделий без трещин и посечек.

SUMMARY

Results of pilot studies on development of a composite additive with use of oil slimes for production of effective wall ceramics are given. Possibility of receiving qualitative wall ceramics with the lowered power expenses on resource-saving technologies due to use of conglomerate composition on the basis of oil slimes is established. The additive of conglomerate mix with oil slime in ceramic weight serves as the superficially active agents (SAA) thanks to the content in them natural emulsifiers in a look - pitches, asfalten and high-melting paraffin that allows to facilitate work of the forming equipment and excludes a svilyeobrazovaniye of forming weight and guarantees receiving the formed products without cracks and посечек.

Г. Р. Қарасаева, студент

Е. М. Джаналиев, т.ғ.к., доцент м.а.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Аннотация

Мақалада пәнаралық байланыстың болашақ маманды дайындауда алатын орны қарастырылған. Бөлек пәндердің, цикл аралық пәндердің арасындағы ұғымдардың, идеялардың, заңдар мен фактілердің, іскерлік пен дағдылардың өзара байланыстары зерттелген. Пәнаралық, пәнішілік ұғымдарына анықтама берілген.

Кілт сөздер: Пәнаралық байланыс, пәнішілік байланыс, білім беру, оқыту.

Ғылым мен техника дамыған қазіргі ХХІ ғасырда белгілі бір ғылымды жеке оқып-үйрену, зерттеу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіп келеміз. Дамудың интеграциясы және жаһанданудың ықпалы қоғамның барлық салаларынан, соның ішінде білім беруден, ғылымнан да көрініс беруде. Жаһанданудың етек алуы, жаңа технологиялардың өрістеуі терең білімді мамандарды дайындауды талап етеді. Бәсекеге қабілетті, сапалы мамандар даярлауда оқытудың қазіргі заманға сәйкес технологияларын, оқытудағы интерактивті әдіс-тәсілдерін, пәнаралықты кеңінен пайдалану қажеттілігін тудырып отыр. Соңғы уақыттарда елімізде оқытудың жаңа технологияларына ден қойылып, оқып-үйренудің дербестігіне, өз бетінше ізденістер жүргізуге жіті мән берілуде. Сонымен қатар кез-келген пәнді, ғылымды жеке дара емес өзге де ғылымдардың, пәндердің көмегімен, пәнаралық байланыста оқыту мен оқып-үйрену заман талаптарына сәйкес іске асырылуда. Пәнаралық байланыстар туралы пікірлер ертеректе туған. Оның төңірегінде көптеген пікір - таластар өрістеген. Нәтижесінде ғалымдардың көпшілігі оның қажеттілігін дәлелдеп берген. Кез-келген ғылымды терең әрі жан-жақты тану үшін оны өзіне жақын, яғни туыстас ғылымдармен байланыстыра отырып жүргізу ғылыми жетістіктерге әкеледі. Пәнаралық байланыс ұғымы соңғы уақыттарда кең етек жайып, осы негізде ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті проблемаға айналуда. Пәнаралық - бұл біздің заманымыздың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көпжақтылы ұғымда пәнаралықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі. Оның дамуы барысында идеялар мен көзқарастардың, терминдері және зерттеу тәжірибесінің интеграциясы, айырбасы жүреді. Осындай өзара ықпал етудің нәтижесінде ғылыми білімнің өзекті міндеттерін шешудің бағыты қалыптасып, ақырында зерттеу объектісінің мазмұны толығып, байи түседі. Пәнаралыққа қатысты тағы да мынадай пікір орын алған: пәнаралық бір білім саласы элементтерінің екінші салаға өтуімен сипатталады. Мұнда ғылыми теориялар мен жалпы методологиялық принциптер осындай элементтер ретінде саналады. Пәнаралық өзара әрекет ететін жекелеген проблемалардың бір пәндік деңгейінде жан-жақты зерттеліп, нәтижеге жеткен жерінде ғана жүреді. Пәнаралықтың дамуы білімді белгілі бір ғылым салаларынан екінші ғылым салаларына жеткізуден көрінеді. Мұның өзі жаңа сапалы білімге қол жеткізу үшін жасалады. Ғылымның пән аралық сипаты аралас және өзге де ғылым өкілдерінің бірігуін, олардың зерттеу аппараттарының интеграциялануын талап етеді. Осындай бағытта зерттеу пәнінің жаңа мүмкіндіктері ашылады. Бұл бағыт соңғы уақыттарда өзінің алғашқы табыстарына қол жеткізуде.

Мәселен, отандық тарихшылар тарих ғылымында соңғы уақыттарда математикалық тәсілдерді, ақпараттық технологияларды қолдануға көше бастады. Пәнаралықтың пайда болуы ғылымның методологиялық жұмыстарын күшейту, сапалы білім алудың жаңа деңгейінде зерттеу процесін өрістетуге қажеттіліктеріне байланысты деген пайымдау бар. Осылайша пәнаралық феномені ғылыми білімді дамытудың қозғаушы күштерінің біріне айналады. Алайда пәнаралық өзара әрекет методологиялық талдауды алмастыра алмайды, алмастыруы тиіс те емес. Пәнаралықты білім беруде қолдану мүмкіндігі оның теориялық және гносеологиялық дәстүрлерімен, методологиялық жетілдірудің бағыттарымен байланысты бірқатар фундаменталды негіздерінен шығады. Пәнаралық өзара әрекет педагогикада бірнеше сатылар арқылы анықталады: зерттеу проблемасының қойылымы, оның мақсаты мен міндеттерін айқындау, материалды талдауда жалпы ғылыми және басқа да ұғымдарды таңдау.

Жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби дайындық, білімді, іскерлікті және дағдыны жүйелеу өзара байланыс мәселелері пәнаралық байланыспен үздіксіз тәуелділікте. Соңғы мәселені қарастыру философиялық, педагогикалық, психологиялық, физиологиялық ғылым салаларында ерекше орын алады. Философиялық алғы шарты – материалдық дүниеге тән табиғаттағы және қоғамдағы барлық заттар мен құбылыстардың өзара байланысы және өзара шарттастығы диалектиканың заңдары мен принциптері болып табылады. Қозғалысты танудың кез-келген формасы диалектиканың өзара үдіксіз байланыстағы жалпы және жеке белгілерін ескеруді талап етеді. Табиғаттағы әрбір объект немесе құбылыс жеке өмір сүре алмайды, жалпы жекеге тәуелді, жеке жалпыға тәуелділікте өмір сүре алады. Бұл ереже немесе диалектиканың заңдылығы кәсіби білім беру мазмұнында және оның құрамды элементтерінде де сақталып көрінеді. Диалектиканың оқу процесіне арналған білім беру мақсаты, мазмұны, білім мен іскерлік жүйесі, оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқу пәндерінің қисындылығы бір-бірінен бөлектеп қарастыру мүмкін емес. Кәсіби-техникалық білім беру мазмұнының әрбір жүйесінің жақтары педагогикалық жүйенің сипатын белгілі бір әлеуметтік жағдайда ғана орындала анықталады.

Байланыстың әр алуандылығын байқау үшін оны жан-жақты зерттей отырып айқындайды. Кез-келген затты немесе пәнді игеру үшін оның дербес табиғатын ғана танумен шектелмей, сонымен бірге, оның басқа объектілермен немесе пайда болған құбылыстағы байланыстарын да қарастыру орынды. Сондықтан, өзара байланыс проблемасын шешу үшін диалектикалық әдіс ережелеріне негізделген абзал. Соның белгілері арқылы кәсіби-техникалық білім беру мазмұнының құрамды бөліктерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін тануға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, оның әртүрлі құрылымдық бірліктері мен олардың арасындағы(оқу жоспары, оқу пәні, оқу бағдарламасы, оқу бөлімі, тақырыбы және т.б.) байланыстарды анықтауға болады. Сол құрылымдық элементтердің күрделі өзара байланыстарын қамтамасыз ететін кәсіби-техникалық білім беру мазмұнындағы цикларалық және пәнаралық байланыс жүйесі туралы мәселені көтеруге болады.

Оқушының кәсіби білім алуындағы таным әрекетіне тәуелді байланыстардың механизмі қарастыру үшін И.М.Сеченов пен И.П.Павловтың психофизиологиялық ілімдеріне негізделу қажет. Адам миының жүйелілік іс-әрекетінде психофизиологиялық механизмнің зат (пән) пен құбылыстың өзара байланысын анықтау мен қалыптастыру сақталған. Ол өз кезегінде рефлекс арқылы бейнеленеді. Рефлекс – ақыл-ой іс-әрекетінің физиологиялық және психологиялық алғашқы элементі және қарапайым жүйесі болып табылады. И.М.Сеченовтың айтуы бойынша, рефлекс білімнің негізі, бірнеше рет қайталанған рефлекс пән (зат) бойынша толық түсінігін, қарапайым білімін қалыптастыра алады. Рефлексстердің тізбегі бір-бірімен байланыста басталуы мен аяқталуы болады. Алғашқы ассоциация идея немесе түсініктің байланысын сыртқы

ортаның әсерінен шығара бөледі. Физиолог, сонымен бірге, ассоциацияға қарама-қарсы дизассоциация процессінің белгілерінде көрсетіп, ақыл-ой әрекетіндегі өзара байланысты ажыратып кейбір белгілері мен қасиеттерін ажырататынын көрсеткен. Оның анықтауына сәйкес, білімнің толығыуы қоры ұғымдар мен түсініктер жүйесін жинақтай, жетекші идея негізінде топталады. Оның түсінуінде, білімнің толығысуы әртүрлі фактілерді жинау және жекелеу арқылы арнасы шектеулі мамандануға топталады және жалпылыққа топталады деген [1].

И.П.Павловтың аналитикалық-синтетикалық іс-әрекет ілімі мида қозғалыстағы жүйе ретінде қарастыра, ол үздіксіз дамитынын және өзгередінін анықтаған. Тітіркенушілердің өзара алмасып отыру себеп-салдарынан нерв және психологиялық байланыстарда түрленіп отырады және күрделі динамикалық жүйе қалыптасады – стереотип. Динамикалық стереотип ілімі негізінде психология мен дидактика оқу процессінде ақыл-ойдың дамуын білім жүйесі ретінде, оның үздіксіз өзгеріп отыратынын, толықтырылатынын, сонымен бірге, салыстырмалы және уақытша беріктіктің сақталатынын қарастырған [2].

Психолог-ғалымдардың қарастыруы бойынша ақыл-ой әрекеті байланыс жүйесінің жеке даму процессінде қалыптасады дейді. Ю.А. Самарин көрсеткендей ассоциативті теория негізінде білім жүйесінің бірқалыпты дамиды. Алғашғы білім элементарлы, шектелген және жеке жүйе байланыста болады. жеке жүйе байланысы ұйымдастырылған білімнің бастапқы қадамы. Соның негізінде жүйеішілік немесе пәнаралық, ассоциативті байланыстар пайда болады. Олар өз кезегінде оқу пәні бойынша білім мен іскерліктің жалпы жүйесін құрайды. Ассоциацияның соңғы сатысы жүйеішілік немесе пәнаралық байланысқа тән, ол әртүрлі туыстас пәндердің білімін, іскерлігін және дағдының жүйесін біріктіреді. Олар шын мәнінде ақыл-ой әрекетінің біртұтастығын анықтап, оқушының көзқарасы, дүниені түсінуі сияқты қасиеттерімен байқалады.

Оқушылардың білім мен іскерлік жүйесінің қалыптасуында жетекші мән – басты идеяны бөлу, соның аясында білім қатары жинақталады [3]. Оқушылар білім жүйесін игереді сол кезде, егер олар білімнің өзара байланысын түсінгенде. Сонда ғана оқу пәнінің қисындылығы ашылады.

Педагогикалық ғылым пәнаралық байланысты бірнеше аспектіде қарастыруда. Бір жағынан үлкен теориялық мәні болса, екінші жағынан қолданылу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әртүрлі тұрғыда болуы. Яғни, пәнаралық байланысты дидактикалық принцип, дидактикалық шарт, жүйелілік пен бірізділік принципі деп те қарастыруда. Осы қағидалар мен шарттарға негізделі отырып кәсіптік-техникалық білім берудің мазмұны, оның оқу пәндеріндегі өзара байланысын жасауға ықпал ететін дидактиканың жетекші қағидасы болып табылады екен. Оқу-бағдарламалық құжаттарда қағида жеке пәндер, бірнеше бөлек пәндердің, цикл аралық пәндердің арасындағы ұғымдардың, идеялардың, заңдар мен фактілердің, іскерлік пен дағдылардың өзара байланыстарын көрсетуге ықпал етеді. Соның аясында барып жалпы құрылымды бағыттағы өзара тығыз байланысы бар құрылымды оқу пәндері оқу жоспарын құрайды. Олай болса, пәнаралық байланыс кәсіби-техникалық оқу орындарындағы жалпы және арнайы кәсіби пәндерден құрылған құрылымдық элементтер көп сатылы пәнаралық байланыстан құралып бір-біріне тәуелді оқу материалының жүйесі қалыптасады екен.

Егер жалпы білім беретін пәндердің мазмұнындағы пәнаралық байланыс, олардың оқу пәндерінің қисындылығы мен ішкі мазмұнымен үйлесімді қалыптасатын болса, жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби пәндердің мазмұны нақты өндіріс технологиясында жүзеге асырылған комплексті әртүрлі техникалық ғылым салаларына негізделеді. Соған сәйкес, А.Беляева кәсіптік-техникалық білім беру оқу

орындарындағы жалпы және арнайы кәсіби пәндерден өзара пәнаралық байланыста құралған білім беру мазмұнын комплексті деп атайды [4]. Ол өндірістік оқытуда комплексті білім беру мазмұнын қарастыруға уақыт мөлшері мәнді бөлініп, практикалық жұмыс орындауда қазіргі материалдарды қолдануға, шаруашылықта қолданылатын механикаландырылған және автоматтандырылған құралдармен жұмыстану, оларға қызмет көрсету мен пайдалануға, технологиялық процесстерді орындауға, техника, өрт, санитария мен тазалықты сақтауға үйретіп жұмысшы мамандарды дайындайды.

Олай болса, комплексті пәнаралық байланыс деп өндірістік іс-әрекетте білім мен іскерлікті сәтті қалыптастыра, оны қолдану жалпы тағайындалуымен біріккен бірнеше пәнаралық байланыстың жиынтығын айтамыз [4]. Комплексті пәнаралық байланыстың басты критериясы ғылым негізі мен өндірістік процесс болып табылады. Комплексті пәнаралық байланыс оқушының әртүрлі жалпы және арнайы кәсіби оқу пәндерін қарастыруда іскерлік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге қажетті шарт бола алады. Батышев С.Я., Борисенко Н.Ф. сынды педагог-ғалымдардың анықтауы бойынша оқу пәндері білімнің құрылымды элементтері арқылы байланыста болады. Яғни, оқу объектісі, әдістері, теориялары мен заңдары арқылы. Байланыс түрлері әртүрлі пәндердің бір объектіні қарастыруға; әртүрлі оқу пәндерінде әртүрлі объектіні бірдей ғылыми әдістерді қолдану қарастыру; әртүрлі пәндердегі әртүрлі объектілерді қарастыруда бірдей заңдар мен теорияларды қолдану [5]. Осыған сәйкес, оқу жоспарындағы пәнаралық байланыстарды жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби пәндердің арасындағы байланыс, циклішілік пәнаралық байланыстарды да есеруі мақсатқа сай болады.

Оқу жоспарындағы жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби пәндердің орнын белгілеуде, олардың өзара байланысы мен өндірістік оқыту арасындағы байланыс формалары анықталады. Кәсіби-техникалық білім беру оқу орындарында жалпы білім беретін және арнаулы пәндердің өзара байланысының үш формасы бар:

- ~ теориялық оқыту практиканың алдында орындалуы;
- ~ практикалық оқыту теориялық оқытудың алдында жүргізілуі;
- ~ шоғырланылып оқытылуы (концентрациялық).

Жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби пәндердің теориялық оқытуы практиканың алдында жүргізілу себебі оқушыларға өндірістік оқыту кезінде теориялық білім бойынша, олардың іскерлік және машықтық қасиеттерін міндетті түрде қалыптасуы үшін орындалады. Мысалы теориялық оқытуды практикалық сабақ алдында жүргізілуі – оқушылардың практикалық сабақтарда жинаған білімі мен іскерліктерін жүйелеу қажет болғанда. Соңғы оқыту формасы теориялық және практикалық сабақтардың бірге жүріп күрделі және терең дәрежедегі ұғымдарды қайталау арқылы оқушыларға берік меңгертуге арналады.

Соңғы кезде еңбек іс-әрекетінде және өндірістің технологиялық процестері үдемелі өзгеріс үстінде жүріп жатыр. Ол өз кезегінде жұмысшылардың қайта мамандандырылуын талап етуде. Осыған орай, колледждегі барлық мамандық және мамандану түрлері бойынша білім беру мазмұны мен оның оқу-бағдарламалық құжаттары қайта өңделіп, қазіргі ғылыми-техникалық прогресстің және өндірістің болашақ даму бағытындағы талаптарына сәйкестікте болуына ұйымдастырушылық, дидактикалық, оқыту тәжірибесі жағынан оқу орындары қарқынды қызмет етуде.

Кәсіби білім беру мазмұнының күрделі құрылымы – жұмысшы маманды жалпы және кәсіби білім беру жүйесімен дайындау біртұтас компонент ретінде жалпы және жалпы техникалық пәндер циклінің өзара тығыз байланыстығын кіргізеді. Бұл болашақ жұмысшылардың жан-жақты болуына және қоғамдық өндірістің жаңа жағдайлары мен талаптарына алғы шарт болып табылады. Оқушылардың болашақтағы жұмысшы

мамандығына дайындалуы жалпы білім беретін пәндермен де байланысты. Ол пәндер бойынша білім мен іскерліктерді меңгеру оқушылардың тәрбиелілік қасиеттерін қалыптастыруға да мәні мен ролі жеткілікті. Болашақ жұмысшының тұлғалық қасиеттерін қалыптастырмай олардың белсенділігін және өзбетіндігін (дербестігін), мамандыққа тән шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкін емес.

Кәсіби білім беру оқу орындарында жалпы білім беретін пәндер бойынша, оқушының меңгерген білімі мамандық бойынша қызмет етуде табиғи объекті мен процестер туралы, өндірістік процестердің технологиясына негізделген объективті заңдылықтар туралы түсінігі қалыптасады. Ал, олардың жалпы техникалық және арнаулы кәсіби пәндер бойынша білім, іскерлік және дағды қасиеттері ғылым мен өндіріс арасындағы өзара байланыс арқылы меңгеріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Махмутов М.И. Взаимосвязь общего профессионального образования / М.И. Махмутов. – М.: Просвещение, 1988. – 345 с.

2 Новиков П.Н. Задачи с межпредметным содержанием в средних профтехучилищах / П.Н. Новиков. – М.: Высш. шк., 1987. – 144 с.

3 Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики / М.Н. Скаткин. – М.: Педагог., 1984. – 95 с.

4 Беляева А.П. Методология и теория профессиональной педагогики / А.П. Беляева. – СПб.: ин-т профтехобразования РАО, 1999. – 480 с.

5 Байтеньярова А.Р. Пәнаралық байланыс оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендендіру шарты / А.Р. Байтеньярова. – Алматы, 1994. – 46 б.

ТҮЙІН

Бұл мақалада кәсіптік білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланыстар қарастырылған. Кәсіптік білім беру интеграциясы жағдайында мамандықтың оқу жоспарындағы пәнаралық байланыстарды жалпы білім беретін және арнаулы кәсіби пәндердің арасындағы байланыс, сонымен қатар циклішілік пәнаралық байланыстарды да есепке алу қажет екендігі көрсетілген.

RESUME

This article describes interdisciplinary connection in professional education system. And point of interconnection between general subject and special discipline in academic plan for specialty in condition of professional education integrate, also indicates necessity of growth up of cyclic interdisciplinary connection.

Е. Б. Болат, магистрант

Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова, г. Костанай, РК

ПОСЛЕУБОРОЧНАЯ ТЕРМООБРАБОТКА ЗЕРНОВОГО МАТЕРИАЛА

Аннотация

В статье рассмотрен процесс послеуборочной термообработки зерна, являющейся актуальной проблемой для аграрного сектора РК. Повышение эффективности процесса отъёма излишней влаги на основе использования вихревой трубы из зерновой массы позволит получить значительный энергетический и экономический эффект.

Ключевые слова: зерно, сушка, вентиляция, вихревой эффект, вихревая труба.

Каждый год сельхозовароизводители Республики Казахстан производят большое количество зерна различных культур. Непростые климатические условия, нестабильность транспортной логистики усложняют процесс обработки и сохранения собранного урожая.

Рациональная организация хранения зерна позволяет полностью сохранять его качество и свести к минимуму потери. Успех хранения зависит от подготовки хранилищ и партий зерна, соблюдения режима хранения. На сохранность продукции влияют влажность, температура зерна и окружающей среды и связанная с ними интенсивность биохимических процессов, развитие в продукте микроорганизмов и вредителей хлебных запасов.

Для сохранения качества сырого и влажного зерна, ожидающего сушки, а также для охлаждения хранящегося зерна в целях предотвращения самосогревания, для ускорения процесса послеуборочного дозревания, выравнивания температуры и влажности зерновой массы, устранения постороннего (например, амбарного) запаха в зерне проводят активное вентилирование зерна.

Засоренное зерно до размещения его в складах с установками для активного вентилирования рекомендуется предварительно очистить в зерноочистительных машинах, что улучшит условия вентилирования и обеспечит более равномерное распределение воздуха или агента сушки в насыпи.

Для Казахстана в первую очередь актуален вопрос с хранением, хранением не только долгосрочным, но и промежуточным. Отсутствие оснащенных баз с особым микроклиматом заставляет фермеров, с большим трудом вырастивших и собравших урожай, продавать зерно на внутреннем рынке почти сразу после сбора.

Объединяющей характеристикой установок термообработки зерна является то, что они предназначены для переработки относительно больших объёмов продукции, производимой крупными хозяйствами.

По последним независимым исследованиям в Казахстане не более ¼ от всех зернохранилищ оснащены современной техникой, обеспечивающей максимально доступную сохранность пшеницы. При этом большая часть площадей (до 85%) сосредоточены в руках крупных сельскохозяйственных организаций. На долю фермерских хозяйств, вносящих немалый вклад в общий объём сбора зерна, остается примерно 15%, что явно не соответствует объёму их сегмента [1].

Между тем, хлебоприёмные и зерноперерабатывающие предприятия являются практически монополистами на рынке и во время жатвы часто не принимают урожай

мелких и средних крестьянских хозяйств. Они вынуждены хранить продукцию на токах, боксах, открытых площадках. Понятно, что качество собранного зерна падает, что приносит немалые убытки и без того небогатым фермерам. Поэтому разработка средств механизации крестьянских и фермерских хозяйств является актуальной задачей.

Наиболее эффективной является конструкция, которая предусматривает перемешивание зерна в процессе термообработки, поскольку в этом случае можно несколько повысить температуру нагрева материала и предотвратить пересушивание отдельных участков слоя зерна [2].

Для сокращения расхода электроэнергии нами предлагается применение вихревой трубы, принцип работы которой базируется на вихревом эффекте.

Сущность вихревого эффекта заключается в снижении температуры в центральных слоях закрученного потока газа (свободного вихря) и повышении температуры периферийных слоев. При соответствующей конструкции устройства, вихрь газа удастся разделить на два потока: с пониженной и повышенной температурами. [3]

Принцип действия установки таков (рисунок 1): воздух от источника (компрессор) поступает в осушитель ОВ, а затем в вихревую трубу ВТ, где благодаря процессам энергоразделения формируется нагретый и охлажденный потоки. Эти потоки воздуха подаются в соответствующие участки, где винтовым рабочим органом материал перемещается к разгрузочной горловине.

С помощью крана К1 регулируется подача сжатого воздуха, а через краны К1, К2 и К3 осуществляется подача соответственно горячих и холодного потоков.

В участках II и III материал нагревается сушильным агентом, создаётся разрыхленный и псевдоожиженный слой, который вентилируется нагретым воздухом, происходит дополнительный съём влаги, менее интенсивный, чем в участке I (рисунок 2).

После сушки семена должны быть охлаждены до температуры, превышающей температуру наружного воздуха не более чем на 10°C, поэтому в участке III происходит охлаждение материала холодным потоком воздуха, с последующей разгрузкой.

Тепловой поток через винтовой конвейер будет рассчитан по формуле:

$$Q = k \cdot F \cdot \Delta t,$$

где k – коэффициент теплопередачи винтового конвейера, Вт/м²К;

F – площадь поверхности нагрева, м²;

Δt – среднеинтегральная разность температур, °C.

При этом производительность вентиляторов: $Q_{ВМД} < Q_{ВСД1} < Q_{ВСД2}$.

Тепловой поток данной установки увеличивается за счет двух составляющих:

1. Большей поверхности нагрева, так как продуваемый через зёрна воздух создаёт и конвективную составляющую совместно с кондуктивной;

2. Большого времени пребывания частиц в конвейере, что влечёт за собой больший съём теплоты.

Псевдоожиженный слой даёт еще одно преимущество – равномерный съём влаги по длине винтового конвейера. В первом участке за счёт вентилятора малого давления создаём малый ожиженный слой, во втором участке зёрна рапса начинают

вылетать из слоя, при этом высушенные зёрна находятся вверху слоя, а недосушенные – внизу слоя.




Рисунок 1 – Принципиальная схема установки для сушения зерна

На рисунке 2 представлен характер изменения структуры зернового слоя в зависимости от влажности зерна и скорости сушильного агента.




Рисунок 2 - Характер изменения структуры зернового слоя в зависимости от влажности зерна и скорости сушильного агента: участок I – плотный слой, участок II – разрыхленный слой, участок III – псевдооживленный слой

В качестве источника сжатого воздуха в рассматриваемой установке может быть использована обычная компрессорная станция, которая позволяет получить

общепромышленное давление нагнетания 6 – 8 бар. Поскольку при сушке сельскохозяйственных культур градиенты температур строго ограничены, общепромышленное давление является избыточным.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Гинзбург А.С., Резчиков В.А. Сушка пищевых продуктов в кипящем слое. Издательство «Пищевая промышленность». Москва. 1966.

2 Меркулов А. П.. Вихревой эффект и его применение в технике. - М.: Машиностроение, 1969.

3 Вихревой эффект и его применение в технике. Куйбышев. Материалы V всесоюзной научно-технической конференции 1988. 248 с.

ТҮЙІН

Мақалада ауылшаурашылық аймаққа маңызды тақырыпта - егін орудан кейінгі дәнді термоөндеу салада орындалып жатқан жұмыс туралы баяндайды. Дән массасынан артық ылғалдылығын кетіру үрдісінің тиімділігін жоғарылату айтарлықтай жоғары энергетикалық және экономикалық нәтижеге әкеледі.

RESUME

The article gives a message about the work being done in the area of postharvest heat treatment of grain - a topical theme for the agricultural region. Improving process efficiency weaning excessive moisture from the grain mass and energy promises significant economic benefits.

Ж. Т. Рысқалиева, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті, Орал қ. ҚР

РЕТТЕЛЕТІН ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІ БАР АСИНХРОНДЫ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада реттелетін электр жетегінің қолданылуы және реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштың ерекшеліктері, оған қойылатын негізгі талаптар қарастырылған.

***Кілт сөздер:** реттелетін электр жетегі, асинхронды қозғалтқыш, электр машиналары, электр энергиясы.*

Қазіргі таңда тұрақты ток электр жетектері реттелетін электр жетектерінің жалғыз өкілдері болып табылмайды. Ғылымның, техниканың және технологияның дамуы ең алдымен асинхронды қозғалтқыштардың негізінде тұрақты ток реттелетін электр жетектерін құруға мүмкіндік береді.

Реттелетін электр жетектерінің құндылығы - қызмет көрсететін технологиялық үрдістің сапасының артуы, электр энергиясын 30%-ға дейін үнемдеуге байланысты энергия үнемдеу мүмкіндіктерін жүзеге асыру (сорғылар және желдеткіштерде - 50%-ға дейін) жұмыс процесінің механизмін оңтайландыру, механикалық қондырғылардың «жұмсақ» серпін есебінен тозудың төмендеуі. Ол жиілікті реттеу аралығы және жүктеме сипаттамалары: тұрақты, ротордың айналу жиілігіне кері пропорционал, желдеткіштік және кездейсоқ, берілген ықтималдық сипаттамалармен нақты заңдар және басқару тәсілдерінде ғана оңтайлы болуы мүмкін.

Қазіргі таңда реттелетін электр жетегі технологиялық сипаттамалармен қамтамасыз ететін және энергия үнемдеу мақсатымен жұмыс істейтін реттелмейтін электр жетегінің қолданылу аймағын жаулап алуда. Соның ішінде айнымалы ток машиналары, асинхронды және синхронды қозғалтқыштар, себебі олар өте жақсы салмақтық – өлшемдік көрсеткіштерге, өте жоғары сенімділікке және қолдану мерзіміне ие, тұрақты ток коллекторлы машиналарымен салыстырғанда қызмет көрсетуде және жөндеуде өте қарапайым [1].

Соңғы жылдары реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштарғашет елдерде, сондай - ақ біздің елде де қызығушылық артуда, себебі әртүрлі реттелетін жүйелерде жұмыс істеуге арналған, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, транспортта, құрылыс және жол машиналарында, бұрғылау станоктарында қолданылатын қозғалтқыштарды түрлендіру жұмысының ауқымды кешені жүргізілуде.


Жұмыс өнімділігін арттыруда, электр энергиясын және жұмыс үрдісін оңтайландырудағы отынды үнемдеудің есептерін шешуде, жаңа технологиялық үрдістерді ұйымдастыруда, техникалық сипаттамалары жақсартылған бұйымдар қатарын жасауда реттелетін электр жетегін қолданудың маңызы зор. Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштарды пайдалану шарттары жалпы тағайындаманың машиналарымен салыстырғанда олардың жұмысында елеулі айрықшалықтар бар:

1. Жалпы жағдайда реттелетін машиналар берілген өзгеретін аралықта, сонымен қатар берілген заңдарға сәйкес айналу жиілігінің, ток жиілігі және кернеудің мәнінде жұмыс жасайды;

2. Көп жағдайларда, қарастырылып отырған машиналар жартылай өткізгішті басқару құрылғыларымен бірігіп жұмыс жасайды;

3. Мұндай машиналардағы өтпелі үрдістер көптеген жағдайларда үздіксіз сипаттамаға ие, бұларды қалыпты, яғни міндетті түрде басқарылатын жұмыс үрдісі деп санауға болады.

Жоғарыда айтылған қазіргі таңда қолданылатын электр жетегінің көп деңгейлі құрылымының сұлбасы 1-суретте көрсетілген [2].




1 сурет - Заманауи электр жетегінің көп деңгейлі құрылымы

Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштың ерекшеліктері [3]

1. Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыш тораптың тұрақты жиілігіне тәуелді емес, есептік ток және айналу жиілігінің мәнін оңтайлы етіп максималды жуықтап алуға болады. Осыдан кейін реттелетін электр машинасының ток, кернеу және қуатының есептік мәндері анықталады. Берілген жиілік аралығында өзгеріп, кернеудің және торап жиілігінің номиналды мәнінен ауытқуы кезінде оның жұмысы тоқтамауы керек.

2. Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқышты жобалау кезінде аз уақыттық асқын жүктелу болған жағдайда кернеудың қажет қоры ескерілуі керек. Жоғары айналу жиілігімен (3000 айн/мин жоғары), қамтамасыз ету, уақыттық жоғары гармоникалық шығындарын төмендету және жиілік түрлендіргіштің жұмысы кезіндегі кернеу шығынын төмендету жолдары ескерілуі керек. Қозғалтқыштың параметрлерін реттелудің барлық аралығындағы оңтайлы энергетикалық көрсеткіштерді есепке ала отырып анықтайды.


3. Төмен жиілік кезіндегі асинхронды қозғалтқыш жұмысының ерекшеліктері оның параметрлеріне және статор орамаларындағы шығынның мәніне қатысты қосымша талаптардың пайда болуына алып келеді. Жиілікті реттегіш асинхронды қозғалтқыштың асқын жүктелу шамасының мәні кейбір жағдайларда төмендеуі мүмкін, себебі олар негізінен әртүрлі кернеу, ағын, жиілік және т.б. реттегіштермен бірге жұмыс жасайды. Ал олар қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, және асинхронды қозғалтқыштың жиіліктік іске қосылуы көптеген жағдайларда сындық мәннен жоғарылап кетуіне жол бермейді. Осыдан кейін қозғалтқыштың пайдалы әрекет коэффициентінің (ПӘК) және салмағының артуы, жылулық жағдайының оңтайлануын байқаймыз. Ол 2-суретте көрсетілген.



2 сурет - Электр жетегінің іске қосылу сипаттамалары

4. Жиіліктік реттегіш электр жетегі бар әрбір асинхронды қозғалтқышта жиілік түрлендіргіштің қолданылуы орынды. Бұл жағдайда асинхронды қозғалтқыштың сырғуының есептік мәніне ешқандай талаптар қойылмайды.

Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштарға салмағы және өлшемдері, ПЭК-і бойынша жоғары талаптар қойылады. Ал олардың құрылымы күрделі климаттық жағдайларда және айнымалы механикалық жүктемелердің әсері кезінде сенімді жұмысты қамтамасыз етуі тиіс. Көп жағдайларда, бұл талаптарға қайшы болып келеді. Соның ішінде динамикалық сипаттамаларына (тез әрекет ету, қайта реттеу, жүктеме коммутациясы кезіндегі кернеудің өзгеруі және т.б.) байланысты талаптарға қайшы болып келеді. Өлбетте, динамикалық сипаттамаларының жақсаруы машинаның басқа көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келеді. Мысалы, ПЭК және салмағының артып кетуі. Жиілік және кернеуді басқара отырып, тек айналу жиілігін емес, сонымен қатар сырғудың мәнін де реттеуге, яғни ротордағы шығындарды азайтуға болады [4]



3 сурет - Реттелетін электр жетегінің принципиалды электрлік сұлбасы

Өндірістік механизмнің айналу жылдамдығы $n_{\text{мех}}$ қозғалтқыштың қоректену жиілігімен f , оның полюстер жұбының санымен p және бәсеідеткіштің (редуктор) беріліс санымен i анықталады:

$$n_{\text{мех}} = \frac{60 \cdot f}{i \cdot p} \quad (1.1)$$

Қажетті $n_{\text{мех}}$ анықтау үшін төмендегілер ескерілуі тиіс:

- Жиілікті реттеу аралығы және жиілік түрлендіргіштің құны;
- Бәсеңдеткіштің қолданылуы және оның құны;
- Асинхронды қозғалтқыштың құны және жетекті пайдалану уақыты аралығындағы тұтынылған энергияның құны.

Жиілік түрлендіргіш неғұрлым жақсы болса, қозғалтқышты соғұрлым үлкен синусоидалы кернеу немесе токпен қамтамасыз етеді. Реттелетін электр қозғалтқыштарының ішіндегі ең көп таралғандары асинхронды және вентильді қозғалтқыштар. Сонымен қатар екі коректену көзі бар машиналар, олар генераторлар ретінде де, қозғалтқыштар ретінде де қолданылады.

Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштар ең алдымен сенімділігі мен үнемділігі жоғары, жарылу қаупі бар немесе қолайсыз ортада пайдалану аясы ауыр әрі мерзімдік қамтамасыз ету мүмкін емес болатын талаптарына сай келуіне байланысты кең қолданысқа ие. Реттелетін қозғалтқыштар автономды жетектерде, сонымен қатар өндірістік, соның ішінде жүк көтергіш механизмі бар жетектерде, желдеткіштік қондырғыларда, компрессорлы машиналарда, сорғыларда, металл кесетін станоктарда, ауыл шаруашылық машиналарында, арнайы технологиялық қондырғыларда жиі қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ильинский Н.Ф. Основы электропривода: Учебное пособие для вузов.-2-е изд.- М.:Издательство МЭИ, 2003.

2 Г.Б. Онищенко, М.И. Аксёнов, В.П. Грехов, М.Н. Зарицкий, А.В.Купринов Автоматизированный электропривод промышленных установок. - М.: РАСХН.2004.

3 Ильинский Н.Ф. Перспективы развития регулируемого электропривода. - Электричество, 2003.

4 Беспалов В.Я. Перспективы создания отечественных электродвигателей нового поколения для частотно-регулируемого электропривода. Труды IV Международной конференции по автоматизированному электроприводу «Автоматизированный электропривод в XXI веке: пути развития» Часть 1. - Магнитогорск, 2004.

ТҮЙІН

Бұл мақалада реттелетін электр жетегі, олардың қолданылу аясы қарастырылып, іске қосылу сипаттамалары тұрғызылған. Реттелетін электр жетегі бар асинхронды қозғалтқыштың ерекшеліктері мен оларға қойылатын негізі талаптар көрсетілген.

RESUME

In this article, a regulated electric drive, built in the run considered the scope of their characteristics. Features adjustable electric induction motor drive and basic requirements.

Д. Ж. Тулегенова, магистрант

Ж. К. Кубашева, кандидат технических наук, и.о. доцента

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

К ВОПРОСУ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА РАБОТНИКОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы обеспечения безопасности труда персонала, связанные с соблюдением требований охраны труда и правил безопасности на железнодорожном транспорте, анализируются основные причины травматизма работников и аварийности в данной отрасли, на основании которых намечаются пути решения проблемы.

***Ключевые слова:** железнодорожный транспорт, охрана труда, безопасность работников, производственный травматизм, технические средства, персонал.*

Транспортно-дорожный комплекс является важнейшим стратегическим составным элементом Республики Казахстан и важным звеном экономического потенциала страны. Более 68% грузооборота и 57% пассажирооборота, выполняемого транспортом общего пользования, осуществляется практически на всей территории Казахстана по железным дорогам. В настоящее время их протяженность составляет более 15 тыс. км., в отрасли работает более 156 тыс. человек.

Современные тенденции развития железнодорожного транспорта Казахстана связаны не только с увеличением грузооборота и пассажирооборота, но и с возрастанием интенсивности труда работников железнодорожного транспорта. Их условия труда по многим параметрам не всегда соответствуют установленным нормам безопасности.

Проблема безопасности и охраны труда работников железнодорожного транспорта стоит в ряду наиболее значимых социальных и инженерных задач. Для работников этой отрасли экономики страны, в силу специфики работы, состояние охраны труда является определяющим фактором сохранения жизни и здоровья.

Практика показывает, что основные причины травматизма и аварийности чаще всего связаны с инженерными упущениями, недостатками в организации работ, неправильной оценкой состояния дел, а также с элементарным не соблюдением правил техники безопасности, законодательных и нормативно-правовых актов по охране труда самими работающими.

Применяемые методы анализа травматизма не позволяют объективно и детально оценить мероприятия по предупреждению травматизма, поскольку такие показатели как безотказность, долговечность, работоспособность технологического оборудования и безопасность эксплуатации технологических процессов, характеризуются временными параметрами, которые должны быть определены для достижения конкретной цели – обеспечения безопасности труда. Именно поэтому определение закономерностей производственного травматизма на железнодорожном транспорте и реализация их с целью прогнозирования производственного травматизма является актуальной научно-инженерной задачей.

Охрана труда (ОТ) и окружающей среды, промышленная и пожарная безопасность в Национальной компании «Казақстан темір жолы» (НК «КТЖ»)

рассматривается как единая целостная система по обеспечению безопасности производственных процессов. К элементам единой технической политики в данной сфере на НК «КТЖ» относятся:

- организация разработки и актуализации нормативных технических и технологических документов;
- организация проведения подготовки и аттестации руководителей и специалистов по ОТ и промышленной безопасности;
